

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 3(75)/2014
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

Шілде–тамыз–қыркүйек
30 қыркүйек 2014 ж.

1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Июль–август–сентябрь
30 сентября 2014 г.

Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП **Карагандинский государственный университет
имени академика Е.А.Букетова**

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

Зам. главного редактора
Ответственный секретарь

Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,	редактор д-р филол. наук;
Г.Ю.Аманбаева,	д-р филол. наук;
Золтан Андраш,	д-р филол. наук (Венгрия);
Ж.А.Жакупов,	д-р филол. наук;
Ш.М.Мажитаева,	д-р филол. наук;
Матейко Любор,	PhD д-р (Словакия);
Ж.Н.Жунусова,	д-р филол. наук;
Н.И.Букетова,	д-р филол. наук;
А.С.Адилова,	д-р филол. наук;
Б.Шалабай,	д-р филол. наук;
М.К.Исаев,	д-р филол. наук;
Н.Ж.Шаймерденова,	д-р филол. наук;
С.А.Матяш,	д-р филол. наук (Россия);
М.Д.Джусупов,	д-р филол. наук (Узбекистан);
У.М.Бахтикиреева,	д-р филол. наук (Россия);
Т.В.Белошапкина,	д-р филол. наук (Россия);
К.Жанбозулы,	д-р филол. наук (КНР);
Ж.Д.Рапишева,	отв. секретарь
	канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Техн. редактор *А.М.Будник*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 29.09.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 10,4 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 126.

Подписано в печать 29.09.2014 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 10,4 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 126.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А.</i> Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері	3
<i>Ыбырайым Ә.О.</i> Тіл дыбыстарының стилистикалық қызметі	8

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

<i>Каренов Р.С.</i> Қожа Ахмет Ясауи — сопылық поэзияның негізін салушы ақын, Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы.....	13
<i>Смағұлов Ж.Қ.</i> Қасым Аманжолов поэзиясы және әдеби-көркем сын	31
<i>Имангазинов М.М.</i> Аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл	38
<i>Каренов Р.С.</i> Алаштың Мұхамеджан Тынышбайұлы және оның шығыстанушы, тарихшы ретіндегі зерттеулері (135 жылдығына орай)...	42
<i>Харитонова Л.М.</i> Модернизм және постмодернизм поэзиясындағы уақыт философиялық талдау пәні ретінде	56
<i>Станчу Никола.</i> Румын және словен тілдеріндегі ортақ лексикалық формалар.....	60
<i>Дулбова Ирина.</i> ХХІ ғасыр басындағы Словакия мен Ресей саясаты тіліндегі театралдық метафора.....	68

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Айтбаева Б.М.</i> Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың тиімділігі	72
<i>Барин Эрол.</i> Шетелдіктерге түркі тілін оқытуда уәжділіктің маңыздылығы	77
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	83

СОДЕРЖАНИЕ

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Жуынтаева З.Н., Турсунова М.А.</i> Члены предложения в древнетюркском языке	3
<i>Ыбырайым А.О.</i> Стилистические функции звуков языка.....	8

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Каренов Р.С.</i> Ходжа Ахмет Ясауи — поэт, заложивший основы поэзии суфизма, и духовный учитель мусульман Востока	13
<i>Смағұлов Ж.К.</i> Поэзия Касыма Аманжолова и литературно-художественная критика	31
<i>Имангазинов М.М.</i> Дидактика и острый язык аллегорических произведений	38
<i>Каренов Р.С.</i> Видный представитель Алашского движения Мухамеджан Тынышбайұлы и его научные исследования как историка и востоковеда (к 135-летию со дня рождения)	42
<i>Харитонова Л.М.</i> Время как предмет философского анализа в поэзии модернизма и постмодернизма.....	56
<i>Stanciu Nicolae.</i> Common lexical forms for Romanian and Slovenian languages.....	60
<i>Дулбова Ирина.</i> Театральная метафора в языке политики Словакии и России в начале ХХІ столетия.....	68

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Айтбаева Б.М.</i> Эффективность обучения профессиональному казахскому языку по уровням	72
<i>Barin Erol.</i> Yabancılar Türkçe öğretiminde motivasyonun önemi	77
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	83

ӨОЖ 811.512.1

З.Н.Жуынтаева, М.А.Тұрсынова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zamza_bota@mail.ru)

Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері

Мақалада көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелерінің көрінісі сөз болды. Түркі тілдеріндегі сөйлемнің құрылымдық заңдылықтарын анықтап, жекелеген түркі тілдеріндегі сөйлем құрылысының, мүшелерінің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастық жақтарын ажырата білуде Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің маңызы зор. Осы жазбалар материалы негізінен байқалғандай, қазіргі қазақ тіліндегідей, көне түркі тілінде де сөйлем мүшелері тұрлаулы, тұрлаусыз болып бөлінгендігі, олардың сөз таптарына қатысы салыстырыла қарастырылды.

Кілт сөздер: көне түркі тілі, сөйлем мүшелері, сөйлем құрылысы, Орхон-Енисей ескерткіштері, қазіргі қазақ тілі, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше.

Тілдің басқа да салалары сияқты, синтаксистік құрылыс та заман өткен сайын бірден бірге өзгеріп, толығып, жетіліп отырады. Бірақ тілдің синтаксистік құрылымы онша өзгерімпаз құбылыс емес. Қазіргі әдеби тіліміз синтаксисіндегі сөйлем мүшелері, сөйлемнің көптеген түрлері, сөйлем мүшелерінің бір-бірімен байланысу жолдары онша көп өзгеріссіз-ақ сонау көне жазу нұсқаларында да кездеседі.

Көне түркі жазба ескерткіштері — ұрпақ қазынасы. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болған руникалық жазба ескерткіштер (V–VIII ғғ.) қазақ және өзге түркі халықтарының көне дәуірде мәдени деңгейінің өте жоғары болғандығын дәлелдейтін баға жетпес асыл қазына.

Қазіргі қазақ тіліндегі сияқты, көне түркі тілінде де сөйлем мүшелері тұрлаулы және тұрлаусыз болып бөлінген. Тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауыш жатады. Бұлар — сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелері.

Бастауыш. Тұрлаулы мүшелердің ең басты, негізгі мүшесі — бастауыш. Бастауыштар әр түрлі сөз таптарынан жасалады. Бастауыштардың жасалу жолдарына қарағанда, олардың негізі көне түркі тілінен бастау алатындығын аңғару қиын емес.

Зат есімдерден болған бастауыштар. Атау септігіндегі зат есімдер жекеше, көпше және тәуелді тұлғада тұрып бастауыш болады. Мысалы: *Сүсі* үч бың ерміс — *Әскері* үш мың екен. *Іл* йеме іл болты — *Ел* тағы да ел болды. Йағымыз тегіре учук тег ерті — Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді. Ескерткіште күрделі бастауыштар да кездеседі. *Түрк будун* қанын болмайын Табғачда адырылты, қанланты — *Түркі халқы* ханы болмай Табғаштан бөлінді, ханданды. *Білге Тоникуқ бен өзүм* Табғач іліне қылынтым — *Білге Тоникуқ мен өзім* Табғач елінде тәрбиелендім.

Сын есімнен болған бастауыштар. Сын есімдер заттанған кезде, бастауыш қызметін атқарады. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жойылып кетпей, әрі заттық, әрі сапалық мағынада жұмсалады. *Йуйқа* қалың болсар топлағулығ алп ерміс — *Жұқа* қалыңдаса, таптайтын алып болар. Сүнүгліг қантан келір йана елтіді? — Сүнгілі қайдан келіп айдап кетті?

Сан есімнен болған бастауыштар. Заттық мағынаға ауысып бастауыш қызметін атқаратын сөз таптарының бірі — сан есім. Сан есімнің есептік, реттік, жинақтық секілді топтары бастауыш қызметінде тұрады [1; 633]. Көне жазбаларда жинақтық сан есімдер мен есептік сан есімдер тіркесіп келіп күрделі бастауыштар жасаған. *Бу үчегү* қабысар қалтачы біз өз іші — тасыш тутмыс тег біз —

Бұл үшеуі біріге қалса, біз өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз. *Екі* үлүгі атлығ ерті — Екі бөлігі атты еді.

Есімдіктен болған бастауыштар. Көне түркі тілінде көбінесе жіктеу, өздік есімдіктері бастауыш қызметінде жиі жұмсалады. *Бен* йырдантайан тегейін — *Мен* терістіктен тиісейін. *Өзүм* қары болтым улуғ болтым — *Өзім* қартайдым, үлкен болдым.

Есімшеден болған бастауыштар. Есімше бастауыш болғанда, қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады. *Йағмысы* мен едім — *Ілескені* мен едім.

Баяндауыш. Тіл фактілері оның ұзақ жасайтын тұрақты категория екендігін байқатады. Ол жазбаларда да, қазіргі тіліміздегі сияқты, сөйлемнің бастауышы бұрын, баяндауышы одан кейін келіп отырады. Оларда да, қазірдегі сияқты, анықтауыш пен толықтауыш өздеріннің анықтайтын, немесе толықтайтын сөзінен негізінде, бұрын орналасып келген. Мысал: *Алтұн қанатлұғ тұлұм қара құшман* (*Алтын қанатты жыртықшы қара құспын*) (Енисей ескерткіштері) немесе: *Бұ кітапты оқығлы, бұ бәйтләрні мағлұм қылғылы кітапдин яхшы, газызырақ тұрор* (*Бұл кітапты оқушы, бұл жырларды мәлімдеуші (таратушы) кітаптан жақсырақ, ұлыырақ болар*) «Құтадғу білік». Бұл мысалдың тек лексикалық жағында болмаса, сөйлем құрылысында, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібінде қазіргі тілдегіден ешқандай өзгешеліктері жоқ. Қазіргі әдеби тіліміз синтаксисінде кездесетін жай сөйлемдердің негізгі түрлерінің бәрі дерлік ертеректегі жазу нұсқаларында да қолданылған. Бірақ құрылыстары жағынан олар барлық дәуірде емес: неғұрлым арғы заманға қарай кетсек, соғұрлым сөйлемнің аз сөзді, жабайы, ықшамды және бір-бірімен нашар ұштасқан, келте – келте қайтарылып отырылатын сөйлемдер болып келетіні байқалады. Мұндай сөйлемдердің баяндауыштары, әдетте, жақ жағынан да, шақ жағынан да бірыңғай, бір тектес, көпшілік жағдайда бір сөздің немесе бір тұлғалы сөздің қайталап айтыла беруінен болады [2].

Баяндауыш қызметінде барлық сөз таптары жұмсала береді. Дегенмен, өзінің семантикасы жағынан осы қызметке ең бейім сөздер — етістіктер. *Анча өтүнтүм — Сонша өтіндім. Ингек көлүкін Тоғлада оғуз келті — Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді. Біз екі бың ертіміз — Біз екі мың едік. Баяндауыштар қазіргі тіліміздегідей жақтық, сандық жағынан қиыса байланысады. Сү басы Инел қаған — Әскер басы — Инел қаған.*

Ескерткіште көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі баяндауыштар да бар. Олар негізінен е-көмекшісі арқылы берілген. *Улуғы шад ерті — Ұлығы шад еді. Чугай қузын Қара құмығ олурур ертіміз — Чұғай құзын Қара құмды мекендеуші едік.*

Көне түркі тілінде есімдер мен етістіктерден құралған құрама баяндауыштар да кездеседі. Мысалы: *Артқы қырық аз күллүг қағаны йағмыыз болты — Артқы қырқ аз қағаны жауымыз болды. Өзүм өк қаған қысдым — Өзімше оны қаған еттім. Е-көмекші етістігі құрама баяндауыштар жасауға да атсалысады. Бізінте екі учы сыңарча артуқ ерті — Бізден екі шеті жартыдай артық еді. Будун боғзы тоқ ерті — Халық тамағы тоқ еді.*

Баяндауыштың формалары алуан түрлі, көп болғанымен, олардың көпшілігі бір негізгі мағынаны түрліше білдіру үшін қызмет етеді. Сондықтан баяндауыштарды атқаратын қызметіне және білдіретін мағынасына қарай топтап тану керек. Іс-әрекетті, сапаны болмысқа шақ жөнінен қатысын білдіретін баяндауыштар, іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштар, іс-әрекетті субъектінің қалауы ретінде атайтын баяндауыштар, іс-әрекетті субъектінің бұйрығы ретінде атайтын баяндауыштар, іс-әрекетті міндеттеу, ұсыныс ретінде атайтын баяндауыштар [3]. Көне түркі тілінде де баяндауыштар осы тәрізді мағыналарды білдіре алады.

Толықтауыш. Етістіктен, есімнен болған мүшемен байланысып, істің, заттың, сапаның объектісін білдіретін толықтауыштар да кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі тәрізді, көне түркі тілінде де табыс септігін қажет ету, етпеуіне қарай тура және жанама толықтауыштар ұшырасады.

Ескерткіш тіліндегі табыс септікте тұрған сөздер әр уақыт тура толықтауыш болады. Өйткені тура толықтауыштар заттың қимылын білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты болып келеді [4]. Басқа түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тіліндегі тура толықтауыштар меңгерілетін сөзбен табыс септігінің ашық не жасырын тұлғасы арқылы байланысады. Мысалы: Ол *сабығ* есідіп түн удысқым келмеді — Ол *сөзді* есітіп, түн ұйқым келмеді. *Сүсін* анта өлүртім — *Әскерін* сонда өлтірдім. Мұндағы сабығ (сөзді) және сүсін (әскерін) сөздері табыс септігінің *-ығ, -н* тұлғасында тұр. Ішін, ташын адынчығ бедіз уртуғым, *таш* тоқытдым — Іші, тысын айырықша өрнектеттім, *тасты* қойғыздым. Бу *сү* елт — Бұл *әскерді* апар. Бұл жерде *таш, сү* (тасты, әскерді) сөздерінде табыс септіктері жасырын қолданылып тұр.

Ескерткіштер тілінде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздермен келетін жанама толықтауыштар да бар. Жанама толықтауыштар өзін меңгеретін мүшелермен біршама еркін байланыста болады.

Зат есімдер мен заттанған басқа да сөз таптары барыс септік жалғауында келіп іс-әрекеттің жанама объектісін білдірумен бірге, оның орны болатын немесе барып тірелер затын білдіруі мүмкін [1; 653]. Барыс септігінің осы тәріздес мағынасы көне түркі тілінен бастау алған деуімізге болады. Мәселен, *Табғачқа* йана ічікді — *Табғашқа* және бағынды. Анта етрү *қағаныма* өтүнтм — Содан соң *қағаныма* өтіндім. *Сантуң балыққа Талуи үгүзке* тегүртім — *Шантуң қаласына, Теңіз өзеніне* жеткіздім.

Жатыс септікті жанама толықтауыштар заттың, іс-әрекеттің орнын, статикалық жай-күйді білдіреді. *Бу йерде олтуруп* — *Бұл жерде отырып. Йандуқ йолта йеме өлті күк* — *Қайтар жолда тағы да көп өлді*.

Орхон-Енисей жазбаларында жатыс септігі барыс, шығыс септіктерінің орнында да жұмсалған. Жалпы көне түркі тілінде септіктердің бірінің орнына бірі алмасып қолданылуы септіктердің дамуындағы ерекшелік болып табылады. *Өңре қытанда беріе табғачда Қуруйа құрданта йырайа оғузда Екә-үч бың сүмүз келтечіміз бар му не?* — *Шығыстағы қытанға, түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Түргес қағантa көрүз келті* — *Түргеш қағанынан хабаршы келді*.

Шығыс септікті жанама толықтауыштар қимылдың шығу орнын, мекенін білдірген. Көне жазбаларла сирек ұшырасады. *Табғач беріденйен тег* — *Табғаш түстіктен тиіңдер. Бен йырдантайан тегейін* — *Мен терістіктен тиісейін*.

Көмектес септікті жанама толықтауыштар іс-әрекеттің болып өткен жолын, орнын, іс-әрекеттің болу құралын, ортақтастықты білдірген. *Бұл жалғау бірле шылауы арқылы және -ын, -ін қосымшалары арқылы берілген. Бу йолын йорысар, йарамачы тідім* — *Бұл жолмен жүруге болмайды дедім. Алтун йысыг йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз* — *Алтын жерін жолсызбен астым, Ертіс өзенін кешпес ізбен кеітім. Інім Күлтегін бірле қазғантым* — *Інім Күлтегінмен бірге қолдандым*.

Анықтауыш. Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен немесе зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады. Анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер, негізінен, сын есімдер болғанымен, зат есім, есімдік, сан есім, есімше, қимыл есімдер де грамматикалық тұлғалары арқылы анықтауыштық қызметте жұмсалады.

Зат есімнен болған анықтауыштар. *Алтун йысыг йолсузын асдым* — *Алтын қойнауынан астым*.

Зат есімдер немесе басқа заттанған сөз таптары ілік жалғауында келіп, анықтауыш қызметінде қолданылады: *Табғач қағаның ічрекі бедізчиг ыты* — *Табғач ханының ішкі жақтағы бедершісі келді. Біздің хан ағаларымыз* — *Біздің хан ағаларымыз*.

Сын есімнен болған анықтауыштар. Негізінен, сын есімнің басты қасиеті зат есімдерді сандық, сапалық жағынан анықтау болғандықтан, оның сөйлемдегі негізгі қызметі — анықтауыш болу. *Қызыл қаным төкті қара етрім йүгүрті* — *Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым. Негізгі сын есімдермен қатар туынды сын есімдер де анықтауыш болады. Беріекеі будун қурыйақы йырайқы, өңрекі будун келті* — *Түстіктегі халық, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы халықтар келді. Бір атлыг бармыс тийін* — *Бір аттық жүріс дедім. Сөйлемдердегі беріекеі, қурыйақы, йырайқы, өңрекі (түстіктегі, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы) және атлыг (аттық) туынды сын есімдері де анықтауыш болып тұр*.

Сан есімнен болған анықтауыштар. *Йеті йүз кісіг удызығыма* — *Жеті жүз кісіні ерткен. Екінті күн келті* — *Екінші күн келді. Мұндағы йеті йүз, екінті (екінші) сан есімдері сандық, өлшеулік мағынаны білдіре отырып, анықтауыш қызметінде жұмсалған*.

Есімдіктен болған анықтауыштар. Көне жазбаларда көбінесе сілтеу есімдіктері анықтауыш қызметінде жиі қолданылған. *Ол сабыг есідіп тун удысқым келмеді* — *Ол сөзді есітіп, тун ұйқым келмеді. Бу сүг елт тіді* — *Бұл әсерді өзің баста, — деді*.

Есімшеден болған анықтауыштар. Есімшенің көне түркі тіліндегі -дуқ, -туқ, -ығма, -ігме тұлғалары анықтауыш ретінде көп жұмсалған [5]. *Өтүнтік өтүнүчүмін есідү берті* — *Өтінген өтінішімді есітіп. Келігме беглерін будунын ітіп йығып азча будун тезміс еді* — *Келген бектерін, халқын жиып жатқанда, аздаған халық қашқан еді*.

Пысықтауыш. Тұрлаусыз мүшенің бірі болып табылатын пысықтауыш сөйлемде, негізінен, етістіктен болған мүшеге қатысты болып, сол мүшені мезгіл, мекен, мақсат, орындалу амалы жағынан нақтылап, пысықтап тұрады.

Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер — үстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгіл, мекен мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады. Пысықтауыштар мағынасына қарай төмендегідей беске бөлінеді:

1. Қимыл-сын пысықтауыш.
2. Мезгіл пысықтауыш.
3. Себеп пысықтауыш.
4. Мақсат пысықтауыш.
5. Мекен пысықтауыш [6].

Қимыл-сын пысықтауыш. *Өртче қызып келті — Өртше қызып келді. Қытан өңденйен тег — Қытан шығыстан тиіндер.*

Мезгіл пысықтауыш. *Түн қатдымыз Болчуқа таң ұнтұру тегдіміз — Түн қаттық Бошыға таң ата жеттік. Ол оқ түн будунын сайу ытымыз — Сол түні халық сыйын елші жібердік.*

Себеп пысықтауыш. *Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн өзүм өк қаған қысдым — Содан соң тәңрі білік бергені үшін өзіміше оны қаған еттім.*

Мақсат пысықтауыш. *Түрк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қанланты — Түркі халқы ханы болмай табғаштан бөлінді, ханданды.*

Мекен пысықтауыш. Мезгіл пысықтауыштары мезгіл үстеулерінен және мезгіл мәнді зат есімдерден, олардың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде келуі арқылы жасалады. *Өңрекі ер йуғуру тегүріп ы бар бас асдымыз — Алдағы ер жоғары шығып бұталы (биік) басынан астық. Бенің будунум анта ерүр тіміс — Менің халқым да сонда болар деді. Табғачғару Қуны сеңүнүг ыдымыс — Табғашқа қарай Құны сеңүнді жіберді.*

Көне түркі тілінде сөйлемнің бірыңғай мүшелері де кездеседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері — тіліміздің грамматикалық құрылысында ертеден келе жатқан синтаксистік құбылыс. Бұған көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фактілер айқын айғақ бола алады. Мысалы, Орхон-Енисей жазуларында сөйлемнің тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелері бірыңғай түрде кездеседі [7].

Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, тіл дамуының көнерек заманында сөйлем құрамындағы сөздерді, сол сияқты жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын, қазіргі дәнекерлер, тәсілдер болмаған. Сөздер бір-бірімен көбінесе тұрған орындарына, мағыналарының жақындығына қарай қабыса байланысқан [8].

Ескерткіштер тілінде бірыңғай мүшелердің жалғаулық арқылы байланысқан түрлеріне қарағанда, жалғаулықсыз түрлері жиі кездеседі. *Сіз еліме, қунчуйма, оғланым, будунума, сізіме алтмыш йашымда адырылтым — Сізден, елімнен, ханымнан, ұлымнан, халқымнан, сізден алтыс жасымда айырылдым.* Жалғаулықтар арқылы да байланысатын түрлері ұшырасады. *Іл йеме будун йеме йоқ ертечі ерті — Ел де, халық та жойылар еді.*

1. *Бірыңғай бастауыштар.* Сөйлемде екі не одан да көп бастауыштар бірдей синтаксистік қызмет атқаруы арқылы ортақ бір баяндауышқа бірдей қатысты келіп бірыңғайлық тізбек туғызады. Олар әр түрлі сөз таптарынан жасалады.

Бірыңғай бастауышты сөздер зат есімдер болып келеді. *Қаны сүсі тірілміс — Ханы, әскері жиналды. Ілтеріс қаған Білге Тоникуқ қазқантуқ үчүн Қапаған қаған түрк есір будун йорыдуқы — Елтеріс қаған, Білге Тоникуқ қызметтері үшін Қапаған қаған түркі есір халқы жасады. Сабымын түкеті есітгіл: улаиу іні-йігүнім, оғланым, бір-екі оғушым, будуным, бірііе шад апыт беглер, йырайа — тарқат буйруқ беглер, отуз... — Сөзімді түгел есіткін: іні-жиенім, ұлым, бір-екі жақын руым, халқым, оңымдағы уәзір ұлық бектер, солымдағы тарқан бектер, отыз... [9].* Бірінші сөйлемдегі *Елтеріс қаған, білге Тоникуқ* жалқы есімдері, екінші сөйлемде *іні-йігүнім, оғланым, оғушым, будуным* (іні-жиенім, ұлым, руым, халқым) тәуелдік жалғаулы бірыңғай зат есімдер берілген.

Бірыңғай бастауыштар жалғаулықтар арқылы және жалғаулықсыз байланысады.

2. *Бірыңғай баяндауыштар.*

Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты — Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Қарлуқыг өлүртіміз, алтымыз — Қарлұқты өлтірдік, жеңдік. Етістікті бірыңғай баяндауыштар қимылдың бірінен соң бірі болып жатқан мезгілдістігін білдіреді.

3. *Бірыңғай анықтауыштар*. Заттың сындық сапасын білдіретін сын есімдер заттанып бірыңғай бастауыштық қызметте жиі жұмсалады.

Едгү білге кісіг, едгү алып кісіг йортмаз ерміс — Жақсы білгіш кісіні, алып (батыр) кісіні қозғамады. Сүчиг сабын, йумчақ ағын ерұр, ырақ будунығ анча йағытур ерміс — Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді. Мұндағы білге (білгіш), алып (батыр), сүчиг (тәтті), йумчақ (жұмсақ), ырақ (алыс) бірыңғай анықтауыштар анықтайтын сөздерінің алдында келіп, олар мағыналық, грамматикалық белгілері жағынан ыңғайлас болып тұр. Сол сияқты ескерткіштерде бірыңғай туынды сын есімнен болған анықтауыштар да ұшырасады. Ічіре ашсыз, ташира тонсыз, йабыз, йаблақ будунта үзе олуртым — Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халыққа отырдым.

4. *Бірыңғай толықтауыштар*.

Беріе табғачығ, өңре қытанығ йырайа оғузуг өк өлүрті — Түстікте табғашты, шығыста қытанды, терістікте оғызды көптеп өлтірді. Келіме беглерін будунын ітіп йығып азча будун тезміс еді — Келген бектерін, халқын жиып жатқанда аздаған халық қашқан еді. Бұл жерде бірыңғай тура толықтауыштар жалғаулықсыз байланысқан. Он оқ оғлыңа, татыңа тегі буны көру білің, беңгү таи тоқытдым — Он оқ оғлыңа, татыңа дейін бұны көре білің, мәңгі тас тоқыттым (қалаттым). Сөйлемдегі оғлыңа (ұлыңа), татыңа (туыстық атау) жанама толықтауыштары да өзара жалғаулықсыз айтылып тұр. Бұлардың жалғаулықты түрлері көп кездеспейді.

5. *Бірыңғай пысықтауыштар*.

Қапаған қаған ...түн удыматы күнтуз олурматы — Қапаған қаған үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Ілгерү күн тоғсыққа, біргерү күн ортусығару, қуырғару күн батсықыға, йырғару күн ортусығару — анча ічрекі будун қоп маңа көрүр, анча будун қоп ітдім — Ілгері күн шығыста оң жақта күн ортасында, кейін күн батыста, сол жақта күн ортасында — соның ішінде халықтың көбі маған бағынды, халықты сонша көп еттім. Мысалдардан бірыңғай пысықтауыштарды байқаймыз.

Көне түркі тіліндегі сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің жасалу жолдары, олардың сөз таптарына қатысы қазіргі қазақ тілінен алшақтамайды. Бұдан қазіргі қазақ тілі мен көне түркі тілінің синтаксистік құрылымының дамуында сабақтастық бар деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002. — 784 б.
- 2 Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселесі. — Алматы: Ғылым, 1964. — 20-б.
- 3 Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2003. — 124–245-б.
- 4 Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 145-б.
- 5 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1976. — 85-б.
- 6 Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы: Мектеп, 1986. — 115-б.
- 7 Шаяхметова М.Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. — Алматы, 1980. — 4-б.
- 8 Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. — Алматы, 1964. — 104-б.
- 9 Айдаров Ф. Тоникук ескерткішінің тілі (VIII ғ.). — Алматы: Қазақстан, 2000. — 105-б.

З.Н.Жуынтаева, М.А.Турсунова

Члены предложения в древнетюркском языке

В статье рассмотрены члены предложения в древнетюркском языке. Авторами на материале Орхон-Енисейских письменных памятников определены закономерности структуры предложения в тюркских языках, особенности и отличия структуры предложения и членов предложения в отдельных тюркских языках. На анализе языковых фактов доказано, что в древнетюркском языке так же как и в современном казахском языке, члены предложения делятся на главные и второстепенные. Кроме того, охарактеризовано отношение членов предложения к частям речи в сравнительно-историческом аспекте.

Z.N.Zhuyntayeva, M.A.Tursunova

Sentence parts in classic Turkic language

In article sentence parts in drevnetyursky language are considered. Authors on a material of Orkhono-Eniseysky written monuments define regularities of a sentence structure in Turkic languages, features and differences of a sentence structure and sentence parts in separate Turkic languages. On the analysis of the language facts prove that in in drevnetyursky language as well as in modern Kazakh language, sentence parts share on main and minor, characterize the relation of sentence parts to parts of speech in comparative-historical aspect.

References

- 1 *Kazakh grammar*, Astana, 2002, 784 p.
- 2 Kordabayev T. *Questions of historical syntax*, Almaty: Gylm, 1964, p. 20.
- 3 Amir R., Amirova Zh. *Sintaksis of a simple sentence*, Almaty: Publ. House of the Kazakh university, 2003, p. 124–245.
- 4 Aydarov G. *Pamyatnik Kultegin*, Almaty: Ana tili, 1995, p. 145.
- 5 Esenkulov A. *Yazyk of ancient Turkic written monuments*, Almaty, 1976, p. 85.
- 6 Aydarov G. *Yazyk of ancient Turkic written monuments*, Almaty: Mektep, 1986, p. 115.
- 7 Shayakhmetova M.Kh. *Homogeneous parts of the sentence in modern Kazakh language*, Almaty, 1980, p. 4.
- 8 Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Grammatical sketches and history of research of the Orkhon-Yenisei monuments*, Almaty, 1964, p. 104.
- 9 Aydarov G. *Yazyk of a monument Tonikuk (VIII century)*, Almaty: Kazakhstan, 2000, p. 105.

ӨОЖ 81'

Ә.О.Ыбырайым

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті (E-mail: jandossmagulov@mail.ru)

Тіл дыбыстарының стилистикалық қызметі

Мақалада функционалдық стильдер мен сөйлеу формаларының ұқсастықтары мен ерекшеліктері қарастырылды. Автор тіл дыбыстарының стилистикалық ресурстарын қарастыруды үш бағытта қарап, дыбыстық қайталамалардың ассонанс, аллитерация, дыбыстық анафора, ұйқас, ырғақ, консонанс, ішкі ұйқас сияқты бірнеше түрлеріне ғылыми талдау жасаған. Зерттеуде мәтінде ұқсас дыбыстардың бірдей позицияда қайталанып берілуі, олардың семантизациялануы болатыны оның фоностилистикада паронимиялық аттракцияның дауыссыз дыбыстардың позициялық қайталануы екені дәлелденген.

Кілт сөздер: тіл дыбыстары, стиль, функционалдық стиль, стилистикалық ресурс, стилистикалық қызмет, сөйлеу формалары, ауызша, жазбаша формалар.

Функционалды стильдерді жіктеу сөйлеудің ауызша және жазбаша формаларымен тығыз байланысты. Функционалды стильдер мен сөйлеу формалары — бір-бірімен тығыз байланысты, ұштасып жатқан, алайда әр түрлі ұғымдар. Расында да, функционалды стильдер мен сөйлеу формалары арасында жақын ұқсастықтар бар: бірінші, екеуі де қатынас саласына тәуелді болғандықтан, стилистикалық категориялар болып табылады; екінші, стильдер мен сөйлеу формалары араласып жатады: стильдің басым бөлігі жазбаша формада берілсе, ауызекі сөйлеу стилі — ауызша формада беріледі. Алайда функционалды стильдер мен сөйлеу формалары басқа да әр түрлі негіздерге сүйеніп айқындалады: ең алдымен, ол қоғамдық қызметтің түрі мен таным формасы, содан кейін, сөйлеу актісінің жағдайы.

Сөйлеудің ауызша формасы жазбаша формасынан екі негізгі өлшеммен ажыратылады. Бірінші ерекшелік — қатынастың материалдық құралдарында. Ауызша сөйлеу — үнді, айтылатын сөйлеу, ол дыбыстар арқылы жүзеге асырылады; жазбаша сөйлеу — жазылатын, ғаріппен бекітілген форма, ол әріптер арқылы беріледі. Ауызша сөйлеуде интонация ерекше мәнге ие болады, сөйлем мағынасының

құбылысы, оның тоналдылығы мен эмоционалдық бояуы интонацияға бағынышты болады. Бір фразаның интонация арқылы қарама-қарсы екі мағына беруі мүмкін. Бұл туралы Бернард Шоу өзінің таңдамалы пьесаларына жазған алғы сөзінде тамаша айтқан: «Есть пятьдесят способов сказать слово «да» и пятьдесят способов сказать слово «нет», а для того, чтобы написать эти слова, есть только один способ».

Жазбаша сөйлеуде интонация тікелей көрінбейді. Ол сөйлемнің құрылымы, сөздердің орын тәртібі, тыныс белгілері, лексика арқылы беріледі, дегенмен, оны дәл түсіну әрдайым мүмкін бола бермейді де, ол жанды және мәнерлі сипатынан айрылады. Ауызша сөйлеуде интонация ой мен сезімнің нәзік реңктерін жеткізе алады: «Вся сложность, тонкость, все разнообразие чувств, внутренних переживаний, намерений и настроений имеет свое внешнее выражение в интонациях человеческого голоса» [1].

Тіл білімінде мелодия (негізгі тонның қозғалысы), кідірістер (дыбысталу үзілістері), жекелеген сөздердің дыбысталу күштері (ерекше фразалары мен логикалық екпіні бар сөздер), сөйлеудің темпі мен тембрі арқылы жүзеге асырылатын күрделі тілдік-сөйлеу құбылысын интонация деп түсіндіреді. Интонация сөйлеу тіліне мәнерлегіштік және бейнелегіштік қасиет беріп, бейтарап сөздерді ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздерге айналдырады. Лексикалық стилистикаға қарағанда фонетикалық стилистиканың негізгі ерекшелігі — стилистикалық реңктің басқа сөзбен емес, сол сөздің дыбысталу интонациясын өзгерту арқылы берілуінде. Ол сөз болатын зат не құбылысқа сөйлеушінің жағымды не жағымсыз көзқарасын білдірудің таптырмас құралы болып саналады. Сөйлеу тілінің эмоционалдық қасиеті басым болғандықтан, бұл құралдар сөйлеуде жиі қолданылады. Төмендегі екі сөйлемнің мағыналық ерекшеліктерін салыстырып көрейік:

– Туу, *ит-ай*.....Сонша ұмытпай жүр бәрін (С.Сейфуллин)

– Алда көргенсіз *ит-ай*. Нәрестедей жаныма аузы қалай барды екен. Тұра тұр, бәлем, *ит аяқтан* сары су ішкізермін (Ғ.Мұстафин). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 4-томында *ит* сөзінің ауыспалы мағынада *оңбаған, жауыз, надан, топас* мағыналарды білдіретіні көрсетілген [ҚТТС, 4-т., 471-б.]. Жалпы тілдік қолданыста *ит* сөзі жағымсыз бағалауыштықты білдіреді, әдетте, *нашар, өзіне ұнамаған, мінезі шалқас адамдарды итке теңейді* (екінші сөйлемдегі мағына), ал бірінші сөйлемде айтушы интонация арқылы *ит* сөзінің бойына барынша жағымды бағалауыштық реңк қосып отыр. Оның бойынан *ырзалықты, сүйіспеншілікті, ерекше ілтипатты көреміз*. Осылайша интонация бір сөздің бойына екі түрлі мағына, екі түрлі стилистикалық бояу жамап отыр.

Ауызша сөйлеудің жазбаша сөйлеуден екінші айырмашылығы қабылдаудың түрлі мүмкіндіктеріне байланысты көрінеді. Жазбаша мәтінді түсіну үшін оны бірнеше мәрте оқып шығуға болады, ал ауызша мәтін айтылу барысында бірден қабылданылуы тиіс. Бұл — ауызша сөйлеудің заңы. Тіпті, кейін қайта тыңдау үшін магнитофон таспасына жазып алу да бұл заңды жоя алмайды.

Ауызша сөйлеудің қолданылу аясы өте кең. Ол тек тұрмыстық қатынаспен шектелмейді, үгіт-насихаттық (акпараттар, сұхбаттар, лекциялар және т.б.), ресми-өндірістік (нұсқаулар, тапсырмалар, мәлімдемелер, есептер, міндеттемелер т.б.), қоғамдық (есептік мәліметтер, жарыссөздер т.б.), ғылым (баяндамалар, сөз сөйлеулер), оқу (лекциялар, түсіндірулер, жауаптар т.б.), театр мен эстрада (спектакльдер, оқулар), мәдени-танымдық және ойын-сауықтық салаларда да жиі қолданылады. Ауызша сөйлеу формасы, әсіресе радио мен теледидарда жан-жақты көрінеді. Бұлар ауызша сөйлеудің қолданылу аясына емес, одан жоғары тұратын категория, өйткені олар жоғарыда аталған салалардың көпшілігін бірден қамтиды. Радио мен теледидардың арқасында: «...не только перегнала письменную по возможностям фактического распространения, но и приобрела перед ней преимущество — моментальность передачи информации...» [2].

Тіл дыбыстарының стилистикалық ресурстарын қарастыруды үш бағытта жүргізуге болады: 1) дыбыстау стилі; 2) дыбыстардың стилистикалық қызметі; 3) дыбыстық символизм, немесе дыбыстың поэтикалық қызметі. Сондай-ақ Л.Г.Барлас дыбыстаудың үш негізгі стилін де көрсетеді: жоғары, бейтараптық, ауызекі сөйлеу [3]. Бұл функционалды-сөйлеу тұрғысынан емес, тілдің фонетикалық парадигматикасына байланысты тілдік жіктеу болып табылады. Сахна тілі бұл стильдерге қарағанда ерекше, өйткені театр дыбыстау нормаларына қатаң қарайды, тарихи қалыптасқан нормаларды бекем ұстайды және сөйлеушілердің тікелей қоғамдық практикасында дыбыстаудың біртіндеп қалыптасатын жаңалықтарын қабылдамайды. Р.И.Аванесов бейтараптық стильді екі түрге бөлгенді дұрыс санайды: қатаң, бұл — толық нормаланған стиль және жартылай нормаланған еркін стиль [4].

Көркем әдебиетте ерекше стильдік бояуға ие болатын тілдік бірліктердің бірі — дыбыстар. Әдеби шығармада дыбыстар қайталанып келуі арқылы түрлі стилистикалық бояулар, эмоционалды-экспрессивтік реңктер, бағалауыштық мәндер жасауда жиі қолданылады.

Дыбыстық қайталамалардың өнімді қолданылатын жері — поэзиялық шығармалар. Қарасөз шеберлеріне қарағанда ақындар өз шығармаларында дыбыстың көркемдік мүмкіншілігін барынша пайдаланады. Әдетте поэтикалық мәтіндегі дыбыстар стильдік қызмет атқарып, көркемдегіш құралға айналуы үшін олар белгілі дәрежеде қайталанып қолданылуы шарт. Дыбыстың қайталануы сөзге әсерін тигізіп, соның нәтижесінде олардың арасында тығыз байланыс орнайды. Дыбыстық қайталаманың негізгі стильдік мақсаты мәтіннің жағымды естілуімен ғана шектелмейді. Поэтикалық мәтіннің ұқсас дыбыстар арқылы берілуі оның эмоционалды бояуын әрлендіріп, өлең өрімінің мәнерлілігін де арттыру қызметін атқарады.

Дыбыстық қайталамаларды қарастырған еңбектердің басым көпшілігі оларды поэзиялық шығармалар тіліне тән тәсіл ретінде алады. Алайда дыбыстардың қайталануы көркем прозада да, публицистикада да бар. Әрине, олардың қолданылу жиілігін өлең өрімімен салыстыруға болмайды. Дыбыстық қайталаманың озық үлгілерін қазақ ертегілерінен, шешендік сөздерден, мақал-мәтелдерден, қазіргі қазақ прозасының аға буын өкілдері М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Ә.Тарази, Д.Исабеков, О.Бөкей және т.б. жазушылардың шығармаларынан көптеп кездестіре аламыз. Мұның өзі дыбыстық қайталаманың жанрлық сипатының шектеусіз екендігін және олардың қазақ қара сөзінде де толық орныққан тәсіл екендігін растайды.

Тіл білімінде дыбыстық қайталамалар *ассонанс, аллитерация, дыбыстық анафора, ұйқас, ырғақ, консонанс, ішкі ұйқас* сияқты бірнеше түрлерге бөлінеді де, көркем шығармаларда, әсіресе поэзияда жиі қолданылады. Енді солардың бір-екеуіне тоқтала кетсек. Дыбыстық қайталамалардың көпшілікке танымал түрі — аллитерация мен ассонанс. *Аллитерация* өлең жолдарының бірдей дауыссыз дыбыстармен қайталанып басталуы болса, *ассонанс* — бірыңғай дауысты дыбыстармен қайталанып басталуы. Өлең ырғақ арқылы жасалып, аллитерация мен ассонанс арқылы әшекейленіп, бейнелі түрге енеді. Өлеңнің музыкалық шығармадай құлаққа жағымды естілуі оның мәтіндегі дыбыстық қайталаманың осы түрлерімен тығыз байланысты.

Аллитерация мен ассонанс дыбыстық қайталамалардың басқа да түрлері секілді поэзиялық мәтіндерде еркін қолданылып, осы жанрдағы көркемдік әдіс ретінде кеңінен таралған. Олар тұрмыс-салт жырларында, батырлар жырында, XV–XVII ғасыр ақын-жырауларының поэзиясында, одан кейінгі дәуірдегі ақындардың өлеңдерінде, әсіресе Абай мен оның дәстүрін жалғастырушы ақындар шығармаларында кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы:

*Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең алмайды,
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны,
Садаға кеткір сұрайды,
Самарқанның бөзіне.
Кеселді түйін шешілсе
Кердең мойын кесілсе,
Келмей кетпес кезіне (Абай).*

*Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар
Құлағын ойлы ер салсын (Абай).*

Немесе

*Атаны бала аңдиды, ағаны — іні,
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?
Арын сатқан мал үшін антұрғанның
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.
Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр зой аңдып (Абай).*

Кейбір өлең шумақтарында дауысты немесе дауыссыз дыбыстар тіркес күйінде абсолют позицияда қайталанып келетін кезі болады. Бұл қолданысты *дыбыстық анафора* деп атайды [5].

Дыбыстық анафораның озық үлгілерін Абай өлеңдерінен молынан кездестіруге болады. Мысалы:

*Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?* (Абай).

*Ақ тамақ, қызыл жүз
Қарағым, бетіңді аш!
Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас* (Абай).

*Жайнаған туың жсығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай жайлау дәулетің –
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің –
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай* (Абай).

Бұл өлең жолдарында *сен-, қара-, жа-* дыбыстар тіркесімін түрлі стильдік бояулармен шебер қиюластырылған.

Дыбыстық эпифора — сөйлемнің әсерлілігін күшейту үшін белгілі бір сөз, сөз тіркесі жол (тармақ) аяғында қайталанады. Мысалы:

*Мұнар да, мұнар, мұнар күн
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген ерлерден
Бұрынғы бақыт тайған күн, —*

деген өлең жолдарында Махамбет қайталаудың анафора мен эпифора түрлерін бір-бірімен шебер қиюластырып, айтар ойына оқырман (тыңдарман) көңілін еріксіз аудартып тұр.

Поэтикалық мәтінде ұқсас дыбыстардың бірдей позицияда қайталанып берілуі олардың семантизациялануына себепші болады. Оны фоностилистикада *паронимиялық аттракция* деп атайды. Паронимиялық аттракция — дауыссыз дыбыстардың позициялық қайталануы. Екінші сөзбен айтар болсақ, паронимиялық аттракция — параллелизмнің фонетикалық деңгейдегі көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Топорков В.* О слове // Советское искусство. — 1952. — 30 янв. — С. 72.
- 2 *Костомаров В.Г.* Насущные задачи учения о культуре речи // Русский язык в школе. — 1965. — № 4. — С. 5–8.
- 3 *Барлас Л.Г.* Русский язык. Стилистика. — М.: Просвещение, 1978. — С. 185.
- 4 *Аванесов Р.И.* Русское литературное произношение. — М., 1972. — С. 21.
- 5 *Бүркітов О.* Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: Филол. ғыл. д-ры... дис. автореф. — Алматы, 2002. — 17-б.

А.О.Ыбырайым

Стилистические функции звуков языка

В статье рассмотрены особенности и отличия функциональных стилей и речевых форм. Автором изучены стилистические ресурсы звуков языка в трех аспектах, проанализированы такие виды звуковых повторов, как ассонанс, аллитерация, анафора, рифма, ритм, консонанс, внутренняя рифма. Доказано, что повтор похожих звуков в одинаковой позиции текста является их семантизацией, а в фоностилистике — позиционным чередованием согласных звуков.

A.O.Ybyrayym

Stylistic functions of sounds of language

In article features and differences of functional styles and speech forms are considered. The author studies stylistic resources of sounds of language in three aspects, analyzes such types of sound repetitions, as acco-нанс, alliteration, an anaphor, a rhyme, a rhythm, consonance, an internal rhyme. The author of article proves that repetition of similar sounds in an identical position of the text is their semantization, and in phonostylistics — position alternation of consonants.

References

- 1 Toporkov V. *Sovetskoe iskusstvo*, 1952, January, 30, p. 72.
- 2 Kostomarov V.G. *Russian language at school*, 1965, 4, p. 5–8.
- 3 Barlas L.G. *Russian language. Stylistics*, Moscow: Prosveshcheniye, 1978, p. 185.
- 4 Avanesov R.I. *Russian literary pronunciation*, Moscow, 1972, p. 24.
- 5 Burkitov O. *Lingvostilisticheskaya system of repetitions in the Kazakh language: Abstract of the doctoral dissertation*, Almaty, 2002, p. 17.

ӘОЖ 82–312.6

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

**Қожа Ахмет Ясауи — сопылық поэзияның негізін салушы ақын,
Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы**

Мақалада Орта ғасырлардың ұлағатты ұстазы, түрік әлеміндегі сопы поэзиясының негізін қалаушы, Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы және көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметі бейнеленген. Автор Ясауи шығармалары қазақ поэзиясының хрестоматиялары мен антологияларында берік орын алуы тиіс екендігі туралы, ал оның шығармашылық мұраларын оқыту мектептер мен жоғары оқу орындары бағдарламасына енуі қажеттігі жайлы тілек білдірген. Түркістандағы барлық түрік халықтарының қажылық ету орталығына айналған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы деректер келтірген.

Кілт сөздер: ойшыл, ұстаз, ақын, шежіре, хикметтер, еңбек, зерттеуші, сопы, ұстаздары, аңыз, дін, өсиет, кесене.

Kipicne

Мұсылман әлемі — шексіз әлем. Ал Ислам діні — ғаламшарға тамырын терең жайған көшбасшы діннің бірі. Ислам мен мұсылман әлемінің ұстанымы лаңкестікпен де, экстремизммен де, фундаментализммен де үш қайнаса, сорпасы қосылмайды. Мұсылмандардың киелі кітабы — Құранда жамандықты уағыздайтын сүре немесе аят мүлде кездеспейді.

Құранның 60-сүресінің 8-аятындағы: «Алла дініне қарсы соғыс ашпаған, баспананнан айырмаған адамдарға қайырымды болуға тыйым салмайды. Алла әділетті пенделерді сүйеді», — деген мәнді сөздер ислам дінінің нағыз толерантты дін екенінің нақты дәлелі. Ең бастысы, Алладан Құран түскеннен бері он төрт ғасырдан астам уақыт өтсе де, киелі кітаптағы 114 сүре мен 6346 аяттың бір әрпі де өзгеріске ұшыраған емес. Олар еш уақытта бұрмаланған да емес.

Ислам мәдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошағы — Сыр бойы, Сығанақ, Отырар, Сайрам, Түркістан (Ясы) қалалары болды. Осы өңірден әл Фараби, Ахмет Ясауи, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ғұлама ғалымдар мен ақындар, Ақсақ Темірдей атағы әлемге жайылған әскербасылары шықты.

Қожа Ахмет Ясауи — ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, ағартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы, пірі.

Орта ғасырда Ясауи оқуының пайда болуына бұрын дәуірлеп келген араб халифатының күйреуі мен әлсіреуі негізгі себеп болса керек. X–XII ғасырларда ұлы араб халифатының батыс бетін Еуропа әмірлері билеп, шығыс бетін қытай, парсы, түрік билеушілері, кейін монғолдар өз ықпалына алады. Қарахан мемлекеті кезінде дәуірлеп келген мұсылманшылдық идея енді біраз әлсірей бастады. Оның болашағы тұйыққа тіреліп, мистика сарыны күшейе түседі. Бұрыннан айтысып келген діни ағымдар енді ашық тартысқа шығады. Осы бір дәуірдің қоғамдық санасының жемісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи оқуы пайда болады [1].

Оның 90 мыңдай шәкірт — мүриттері болған. Олар ұстазының ілімін Орта Азияға таратып әкеткен. XIII–XV ғасырлар арасында Ясауи ілімі Хорезм, Мәуеренаһр, Анадолыға дейін жеткен. Түрік

жұртында Ясауиді құрметтеп, пір тұтқаны соншалық: «Мәдинада — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет», — деген.

Қожа Ахметтің өмірбаян өрнектері

Тарих табалдырығын аттаған әрбір ұлы адам тек қана еселі еңбек қалдырмайды. Өзі де жұмбақ ғұмыр кешеді. Олардың әрқайсысы өздері өмір сүрген кезеңнің төл перзенті бола тұрып, бір мезгілде ғасырларды көктей алға озып кетуі де, бір мезгілде өзінен бұрын өтіп кеткен көне дәуірлермен іштей үндесіп жатуы да мүмкін...

XII ғасырда Түркістан қаласының орнындағы Ясы атты кішкене қыстақтың Ясы шаһары деп даңқы шығуы Қожа Ахмет Ясауи әулие атымен тікелей байланысты. Өйткені Әзірет Сұлтанның көзі тірісінде-ақ оны киелі адам деп мойындаушылық көп болған. Бұған жұпыны киініп, сән-салтанаттан аулақ өмір кешуі, ақын болуы, түрік тілінде жазған негізгі шығармасы «Диуани Хикмет» атты керемет кітабының жүрекке жылы тиетін, имандылыққа шақыратын жеке тараулары мен шумақтары, қалың бұқараның аузынан тастамайтын ғазалына айналуы үлкен себепші болған.

Бұған біз келесідей анықтамаларды қосқанды жөн көріп отырмыз:

1. Қожа Ахмет Ясауидің шыққан тегі жайлы құнды деректі оның шәкірті, жолын қуушы, ұстазының жолымен сопылық-дәруіштік поэзияны дамытушы Сүлеймен Бақырғани қалдырған. Оның туған жылы белгісіз, 1186 жылы қайтыс болған. Оны жұрт Хакім ата деп атаған [2; 192].

Сүлеймен Бақырғанидің «Ақыр заман кітабы» және «Бибі Мариям кітабы» деп аталатын екі дастаны бар. Олар негізінен діни аңыз-әңгімелер сюжетіне құрылған. Сопылық-мистикалық ой-пікірлерді уағыздайды. Хакім ата өзінің «Ақыр заман кітабы» атты дастанында былай дейді:

Ысқақ бабтың жұрыны (яраны),

Ибраһим ата құлыны.

Шайқылардың ұлығы,

Шайқым Ахмет Ясауи!

2. Қожа Ахмет Ясауи туралы ең алғашқы жазылған еңбек Ақсақ Темірдің жорықтарын баяндаған ирандық Шарафаддин Алаяздың (Ғали Иазидидың) «Зафарнама» деген кітабы. Бұл еңбек 1424–1425 жылдары жазылған. Онда Қожа Ахмет туралы: «Темір Сейхуннан өтіп, Ахангаран, Шыназ төңірегінде қыстау үшін тоқтап, әскеріне арнап үй салдырды. Содан кейін «Иассы» ауылына барып, сондағы Иассауи бейітіне зиярат етеді. Иассауидің Мұхаммед-Ханафияға туыстығы бар еді» [3], — дейді.

3. Мұнан бөлек Қазақстан Ұлттық кітапханасының қорында Ясауи бабамыздың үрім-бұтағын талдайтын шежіре «Нәсабнама» («Насаб-нама») сақталынған. Қожа Ахметтің шыққан тегі жайлы жазылған еңбектердің барлығы осы Маулана Сафи ад-дин Орұң-қойлақы «Насаб-намасындағы» шежірені мойындайды [4].

«Нәсабнаманың» соңында жапырақ тектес етіп жасалынған Ясауидің өз мөрі соғылған. Осы шежіренің орта тұсында: «Мен Хасан Хожа Бабаның оғылы Ибраһим Ата» деген дерек жолығады. «Нәсабнамада» Ясауидің түп-тамыры былай берілгенін көреміз: «Ұлы атасы Әзірет Ғали (Әзірет Әлі), одан Мұхаммед-Ханафия» — делінген. Шарафаддин Ғали Иазидидың «Зафарнамасындағы»: «Иассауидың Мұхаммед-Ханафияға туыстығы бар еді» дейтіні осы болса керек. «Нәсабнама» одан әрі: «Хазірет Әли Шаһмарданның» Хазірет Фатимадан үш ұлы болған. Бұдан басқа Хазірет Әлидің Иамана (Иемен) патшасы Жафар ибн Қайс қызынан Мұхаммед-Ханафия туған» [3; 60], — дейді.

4. Қожа Ахмет бабамыздың «Диуани Хикметін» кітап етіп шығарған, алғысөз жасаған М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғилар былай деп анықтама береді: «Жаңадан табылған бұл шежіреге («Нәсабнама») зер сала қарасақ, ақынның ұлы атасы Әзірет Ғали, одан Мұхаммед-Ханафия болып жалғаса келіп, оның жетінші атасы әйгілі Исхақ баб екенін көреміз. Сонда оған Мұхаммед-Ханафия он төртінші, ал Әзірет Ғали он бесінші Ата боп шығады» [5; 9].

Мұхаммед Пайғамбардың дінін ең алдымен қабылдаған, қолдау көрсеткен, ісін алға алып барғандардың ішінде бірінші халиф Әбу-Бәкір, екінші халиф Омар, үшінші халиф Осман болса, соларды тұйықтаған төртіншісі Әзірет Ғали (Әзірет Әлі) болды. Оның басқалардан үлкен айырмашылығы Мұхаммед Пайғамбардың немере інісі, әрі сүйікті қызы Фатимаға үйленген туған күйеу баласы еді.

5. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, оның ішінде діни тақырыпқа арналғандары Әзірет Әлі (Әзірет Ғали) туралы көбірек сөз қозғайды. Әсіресе оның қылышын «Зұлпықар» деп дәріптейді. Мінген атын «Дүлдүл» дейді. Қожа Ахмет өз кітабындағы 55-ші хикметті Әзірет Ғалиға арнаған:

Төртіншісі жар болған құдай шері Ғали дүр,
Мигражда да жар болған құдай шері Ғали дүр.
Айтқан сөзі рахманды, көрсең жүзі нұр еді,
Кәпірлерді қыратын құдай шері Ғали дүр.
Күш-қайраты белінде, иман-жады тілінде.
Зұлтықары қолында құдай шері Ғали дүр.
Мініп шықса Дүлдүлге жерге түсер зілзала,
Кәпір құтын қашырған құдай шері Ғали дүр.
Бет қаратпай дұшпанға кәпірлерді қыратын,
Батылдықпен қайтпаған құдай шері Ғали дүр.
Рахмет қылсын бір құдай, не істесе де еркі бар,
Қожә Ахметке медеткер құдай шері Ғали дүр.

6. Келесі кезектегі мәселе Қожа Ахмет Ясауидің өмір сүрген кезеңін анықтау болып отыр.

Көптеген энциклопедияларда, құзырлы басылымдарда Ясауиді 1165–1166 жылдары 63 жасында дүниеден өткен деп жазып жүр. Мәселен, Хамза Көктәнді «Түркі теберігі — Түркістан» атты еңбегінде мынадай дерек келтіреді: «Әзірет Сұлтан шамамен 1103 жылы Сайрамда туып, 1166 жылы Түркістанда дүниеден өткен. Әкесінің аты — Ыбырайым, анасынын аты — Қарашаш. Бұл күнгі Сайрамда сағаналары тұр.

Сондай-ақ басқаша өмірбаяндық желі бар. Мұнда ежелгі жәдігер кітаптар жазған деректерді терсек, Қожа Ахметтің әкесі Мұса шайықтың қызы Айшаға үйленеді. Одан Гауһар, Шаһназ және Ахмет және інісі Садырқожа туған. Бес-алты жасында әкесі Ыбырайым шайық өмірден өтеді де апасы Гауһарға еріп (бәлкім, әпкесі осы Түркістанға тұрмысқа шыққан және ең қисынды өмірбаян осы сияқты), Ясыға келеді. Кейін Бұқараға барып, аса білімдар гұлама Жүсіп Хамаданиден дәріс алады, оны пір тұтынады, уақыт өте үш орынбасарының бірі болады» [6; 58–60].

7. Қожа Ахметтің «Диуани Хикметте» өзі баяндаған өмірбаяны да аса қызықты. Жеті жасында Арыстан бабаның батасын алады. Дәруіш-диуанамен бірге жүреді, аузынан Алла түспейді.

Жиырма екі жасында барша әулие қаумалап аян береді. Жиырма жеті жасында пірін табады, бірақ көргенін ішке бүгіп жасырады. Алпыс үш жасында Көктен: «Жаныңды, ет-жақыныңды қи, жерге ен!» — деген дауыс естілді. Сосын таң бозарып атып келе жатқанда жер асты — қылуетке түседі. 125 жыл өмір сүреді (22-ші хикмет):

Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,
Алтыс үште сүнет деді естіп білдім.
Жер астында бар жаныммен құлдық
қылдым,
Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа
Ахмет.
Жарандардан пайда, көмек ала
алмадым,
Жүз жиырма беске кірдім, еш нәрсе
біле алмадым.

8. 1990 жылдарға дейін Әзірет Сұлтан 1103 жылы туылып, 1166–1167 жылдары қайтыс болды деген пікір қалыптасқан-ды. Одан кейінгі жылдарда Қожа Ахмет Ясауи мұрасына көзқарастың өзгеруі

бұл бағыттағы зерттеу жұмысын жүргізушілер санын көбейтті. Қазір бұл мәселеде әр түрлі пікірлер айтылуда. Бірақ бұл пікірлер әлі бір арнаға тоғысқан жоқ.

Қазіргі уақытта бір деректе 73 жас, бірде 85 жасты айтады. Халық аңыздарын негізге ала отырып, Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытұлы Қожа Ахмет 125 жыл өмір сүрді деген [7].

Зікірия Жандарбек өзінің мақаласында былай деп жазады: «Насабнама» нұсқақаларының барлығында дерлік, Қожа Ахмет Йасауидің 120 жыл өмір сүргендігі айтылады. Соған қарағанда, Қожа Ахмет Йасауи ұзақ ғұмыр кешіп, 1080 жылдар шамасында дүниеге келіп, 1200 жылдар шамасында өмірден озған болуы мүмкін» [4; 28].

Белгілі жазушы Аян Нысаналин зерделі де зерек зерттеуші Әбсаттар қажы Дербісәлінің деректеріне сүйене отырып, өз ойын былай түйіндейді: «Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық поэзияның көрнекті өкілі, дуалы ауыз данышпаны, кемеңгер акын Ахмет Ясауи 1093–1094 жылдары Исфиджаб (Сайрам) қаласында туған. Оның ата-анасы Ибрагим Ата мен Қарашаш Ана осында тұрып, осы жерде қайтыс болған. Олардың зиратына орнатылған күмбездер осы Сайрамда тұр.

Ахметтің әкесі өз заманының сауатты, көзі ашық адамы болғанын көпшілік атап өтеді. Тіптен балауса бүлдіршін балаға араб, парсы тілдерін Таяу Шығыстағы Исфahan, Бағдат шаһарларынан ұстаздар жалдап үйретеді.

Құл Қожа Ахмет бабамыздың нақты қай жылы, қай күні туғандығын ешкім тап басып айта алмайды. Бұл жайында зерттеушілер еңбектерінде алшақтық болып жатса, оған таң қалуға болмайтынын ескерте кету айып емес» [8].

Сонымен, жоғарыда келтірілген деректердің өзі-ақ «Ясауи танушылардың» әзірге дұрыс жолда келе жатпағандарына күәлік береді. Сондықтан да келешекте бұған дейін айтылған, жазылған дүниеліктерді қайта қарауды талап етеді.

Ясауидің атақты ұстаздары

Қожа Ахметтің екі атақты ұстазы болған — олар Арыстан баб пен Қожа Жүсіп Хамадани.

Ұстаздардың ұстазы Арыстан баб — Қазақстан мен Орталық Азия аумағында ислам дінінің таралуына ықпал еткен, исламның сопылық бағытының негізін салушылардың бірі және Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Ясы (Түркістан), Сайрам, Отырар өңірлеріндегі сопылардың рухани ұстазы болған белгілі тарихи тұлға. Арыстан бабтың өмірі Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тілдес тайпалар арасында ислам дінінің таралу, жайылу кезеңімен сәйкес келеді. Оның бабтардың ұстазы деген мәртебесіне қарап, исламның таралуында ерекше рөл атқарғандығын аңғару қиын емес [9].

Арыстан бабтың өміріне қатысты деректер мүлде аз. Тек қана Ясауидің «Хикметтерінде» Арыстан баб туралы бір-екі мәлімет қана кездеседі. Бұл жөнінде мынадай аңыз бар: «Мұхаммед пайғамбардың (ол Алланың мәңгі шапағатына бөленсін) кезінде 33 дінді білген Арыстан баб ұстаз өмір сүріпті. Мұхаммед пайғамбар бүкіл халықтың көзінше оған аманатын — Исламның белгісі саналатын құрма сүйегін берген. Арыстан баб аманатты бүкіл өмір бойы алып жүрді және өмірінің тек соңғы кезеңінде ғана жоғалтып алмау үшін оны аузына салып сақтады. Ол Исламның белгісіне, өзінің аманатына лайықты адамды ұзақ іздеді, бірақ оны таба алмады. Аузына салған сүйек азая берді және жұқара түсті. Бірде далада келе жатқанда ол бір баланы кездестірді. Бала оған жақындап келді де: «Ақсақал, аманатымды беріңіз», — деді. Сол бала осы Қожа Ахмет Ясауи екен» [10].

Қожа Ахмет өзінің «Диуани Хикмет» атты еңбегінің 1-ші хикметінде өмір жолын баяндай келе, Арыстан бабпен кездесуін былайша жырлайды:

*Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым
салам,*

*Мұстапаның аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым, міне.*

*Құрма беріп, басым сипап, назар салды,
Бір сәтте ол дүниеге сапар салды.
Қоштасып бұл әлеммен кете барды,
Мектеп көріп, қайнап толып тастым,
міне.*

Жергілікті халықта мынадай аңыз бар. Әмір Темірдің бұйрығымен XIV ғасырда Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда, қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін

Темірдің түсіне шал (Қызыр) еніп, ол, ең алдымен, Ахметтің ұстазы Арыстан баба мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір шалдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріседі. Қажылыққа келгендер алдымен Арыстан бабтың басына түнеп, содан кейін барып Ахметке тәу еткен [11].

Ясауи өзінің бірінші ұстазы қайтыс болғаннан кейін Бұқараға аттануға шешім қабылдайды. Сонымен, оның есейіп, ержетуі, бесаспап білімдар азамат болып қалыптасуы сол тұстағы Шығыстың дін мен білім орталығы Бұқар қаласымен тікелей байланысты. Ол сонда Ж.Хамаданидің медресесінде оқып, мол білім алады. Ұстазы қайтыс болған соң біраз уақыт сол медресеге басшылық та жасаған. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, оның айрықша қабілетіне қызыққан бір ірі ғалым Иранға ертіп әкетіп, жеке оқытқан сияқты. Сөйтіп, ол Шығыстың талай ғұлама ғалымдарынан дәріс алып, білімін байытқан. Білім үшін өмірден баз кешіп, дәруіштік жолдың қиындықтарын да көп көрген. Шығыстың атақты қалалары мен діни орталықтарын көзбен көріп, Хорасан, Шам, Ғират шаһарларын аралап, көңілге көп дүние түйеді. Діни мұраттарды жүзеге асырудың сол тұстағы тәсілі сопылық жолға түсіп, дін ақыны ретінде өзінің басты еңбегі — «Диуани Хикмет» атты кітабын жаза бастайды. Диуан — жинақ, Хикмет — Алланың құдірет-күшін, яғни, «Алланың ақ жолын баяндайтын кітап» деген мағынаны білдіреді. Өйткені ол «менің хикметтерім — құдіреттің даналығы» дей отырып, пәни жалған мен бақи арман жайындағы ойларын ортаға салады. Мәңгілік махаббатты, жанпида ғашықтықты, риясыз адалдық пен асқақ адамгершілікті жырлайды.

Солардың бәрінің де негізі өмірге деген ұлы сенімде, оның алтын өзегі дінде жатқанын айтады. Оның жырларында Құранның қағидалары, Шарифаттың шарттары, Пайғамбар хадистері менмұдалап тұрады. Олардан Алланың досы Мұхаммед пайғамбардың, оның ұлы серіктері Ғазіреті Ғалидың, ғаділ Ғұмар мен ғұлама Ғұсманның өміртарихын да табасың. Тіпті кейбір хикаяттары түгелдей Құран сүрелерін өлеңмен өрнектеп түсіндіруге арналып, жұрттың көзін ақиқатқа жеткізуді мұрат тұтады [12].

Ясауи шығармасының тілін ұзақ жылдар бойы зерттеген орыс ғалымы А.К.Боровковтың пікірі бойынша [2; 189], «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды.

Кезінде ақынның өлеңдері қарапайым көпшілікке түсінікті тілмен жазылған. Ғұлама ойшылдың Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі ұланғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген түркі тайпаларының бәріне де түсінікті болатындай ауызекі сөйлеу тілінде жырлағаны дау тудырмайды. Бірақ бертін келе жинақты көшірушілер оған өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген сияқты.

*«Диуани Хикмет» — Қожа Ахмет Ясауидің
өз халқына қалдырған әйгілі мұрасы*

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» атты ұрпаққа ғибратты дүние қалдырды. Аталған еңбекте жомарттық, қанағат, достық, сүйіспеншілік, ғылым-білім, адал еңбек, бейбітшілік, жақсылық пен жамандық, әділетсіздік, көрсеқызарлық, адамзаттың асыл арманы, күнестік, өсек-аяң — бәрі-бәрі жан-жақты кең қамтылған. Бұл шығармада жақсы тәлім-тәрбие, өз басын ғана емес, өзгені ойлайтын кеңдік пен парасаттылық, асыл тектілік бар. 1934 жылы «Диуани Хикмет» ҚазССР Ғылым Академиясы мен ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорына тапсырылған.

«Диуани Хикмет» жинағының түпнұсқасы сақталмаған. Оның бізге тек XVI–XVII ғасырлардағы көшірмелері ғана жеткен. Профессор Кемал Ераслан өзінің зерттеулерінде осындай көшірмелердің тоғыз қолжазбасын көрсеткен [13; 10].

«Диуани Хикмет» уақыт озған сайын көп түзетулерге, толықтыру-қысқартуларға ұшырап отырғаны анық. Сондықтан қазіргі жағдайда қай хикметтер автордың өз қаламынан туындап, ал қайсы хикметтері көшірушілер болған ізбасар-оқушыларынан туғанын айыру қиын. Сондықтан Ясауидің жалпы хикметтер көлемін дәл көрсету мүмкін емес. Мысалы, ғалым Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген оқулығында былай дейді: «Ахмет Ясауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы Қазан басылымы болып табылады. Мұнда 149 хикмат (хикмет) берілген. Соның 109 хикматы Ясауидің өзінікі екені даусыз. Қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып, жинаққа еніп кеткен жыр жолдары болса керек» [2; 189]. Өзбек ғалымдары 76 хикметін нақты Ясауидікі деп, осы көлемде кітап қылып бастырып шығарған; түрік ғалымдары бірнеше нұсқаларды салыстыра жүріп, ішіндегі 70 хикметін Ясауидікі деп таныған [13; 11].

Біз өз тарапымыздан ясауитануға шама-шарқымызша үлесімізді қосуда Қожа Ахметтің «Диуани Хикмет» шығармасының қазақ нұсқасына тоқталуды жөн көрдік. Өйткені М.Әуезов атындағы Әдебиет

және өнер институтының Әдебиет тарихы бөлімінің жоспарлауымен іске асырылған бұл нұсқа әзірше көлемі жағынан ең үлкені болып табылады. Сондай-ақ бұл кітап «Диуани Хикметтің» алғаш қазақшаланған түрі ретінде ғалымдарды аударма жағынан да қызықтырады күмән туғызбайды.

Біз 70 хикметтен тұратын осы жинақ [5; 262] төңірегінде Ясауидің поэзиялық шығармаларына зерттеу жүргіздік.

*Ғұлама хикметтері — оның дүниетанымының
қағаз бетінен тіл қатқан рухани дүниесі*

Ясауи мұрасын жете түсіну үшін оның хикметтерін тақырыбына қатысты екі сипатта қарастырған жөн сияқты. Біріншісі — сопылық философияның, сопылық оқудың мазмұнын көркемдік тұрғыда жырлаған хикметтер тобы. Бұған уағыз-насихат, өсиет үлгісінде жазылған тәлім-тәрбие (дидактика) сипатындағы хикметтер жатады. Ал екінші тобы — Ясауиді қоғам қайраткері ретінде, ақындық тұрғыдан байыптайтын хикметтер (яғни, сыни әдебиет үлгісіндегі лирикалық шығармалар жинағы).

Ясауи хикметтері дегеніміз оның дүниетанымының сөзбен нақышталған өлең әлемі болғандықтан, біз ғұламаның біраз хикметтерін ғылыми тұрғыда байыпты зерттегенді жөн көрдік:

1. Қожа Ахмет өзінің 70 хикметтен тұратын жинағының 1 хикметінде былайша сөз бастайды:

*«Бісмиллә» деп баян еттім хикмет
айтып
Шәкірттерге дүр мен гәуһар шаштым,
міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар
жұтып.
Мен «Дәптер сәни» сөзін аштым, міне.
Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға
балап.
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.*

2. Адам жасын санамалап айтуда Қожа Ахмет бабамыздың шеберлігі ешкімде жоқ десе болғандай. Ол кісі бір жасынан бастап қалай ғұмыр кешті, не істеп, немен айналысты, кімді дос, кімді қас тұтты, ішінің қырындысына дейін түгін қалдырмай бәрін ақтарып толғаған. Өз ел-жұртына күннен күнге құрметі артып, сыйлы да сымбатты, инабатты да үлгілі болып өскенін, жеті жасында Арыстан бабқа кездесіп, Алланың ақ жолына түскенін айтады:

*Жеті жаста Арыстан Бабам іздеп тапты,
Әр сырымды көрген сайын бүркеп
жапты.
Арыстан Бабам ислам дінін баян қылды,
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.*

Осы екінші хикметінде сегіз жасында құдіреттің күшімен ғайыптан хабар алғанын әдемі жеткізеді:

*Сегізімде сегіз жақтан жол ашылды,
Хикмет айт деп басыма нұр шашылды.
«Билхамдиллаһи» Пір маған шарап
ішкізді,
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.*

Ұлы ақын сегіз жасымнан бастап «хикмет айт деп басыма нұр шашылды» десе, оның хикметті сегіз жасынан хатқа түсіре бастауы мүмкін.

3. Бар ғұмырын Алланың ақ жолына арнаған құдіретті жан өзі жазған «хикметтің» қадір-қасиетін барынша түсіндіруге, егжей-тегжейлі ұғындыруға көп еңбек еткен (3 хикмет):

*Мұсылман емес хикмет айтып
жыламаса,
Жарандардың айтқан сөзін тыңдамаса.
Аят, хадис мазмұнын аңдамаса,
Кереметті ғарыш үстінде көрдім, міне.*

*Кереметті көріп Хақпен тілдестім мен,
Жүз мың түрлі періштемен жүздестім
мен.*

*Сол себептен хақты айтып іздедім мен,
Жан-тәнімді оған пида еттім, міне.*

*Құл Қожа Ахмет, жасың жетті жиырма
бірге.*

*Не қылғайсың күнәларың таудан да
ауыр.*

*Қиямет күн азап берсе раббым қадыр,
Ей, достарым, не деп жауап айтам, міне.*

4. Сопы ақынның сырға толы 6 хикметін оқи отырып, еріксіз ойға шомасыз:

*Құл Қожа Ахмет, ер болмасаң, өлген
жақсы,*

*Қызыл жүзің қара жерде солған
жақсы.*

*Топырақ сипат жер астында болған
жаксы,*

Заты ұлық ием, сиынып келдім саған.

«Құл Қожа Ахмет, ер болмасаң, өлген жақсы» деген жолдарда әдемі көрініс тапқан. Расында, ер адамның тірліктегі әрбір іс-әрекеті, жасаған еңбегі, біреуге берген қол қайыры кәкір-шүкір жай нәрсе емес. Естігеннің жаны сүйсінетін, көргеннің көңілі толатын ерлікпен ғана ол көптің алғысын алып, мол құрметіне бөленбек.

5. Ақын хикметтерде әруақтар бір жасында аян беріп, екі жаста пайғамбарлар келіп көрді, үш жаста ғайып ерен қырық шілтен үйге келді, төрт жаста хақ Мұстафа құрма берді дейді. Содан бес жасынан дін жолын ұстағанын айтады. Жеті жасында Арыстан бабаны іздеп табады. Бұдан кейінгі хикметтерде өз өмірінің әрбір жылын санамалап, Алланы тану баспалдақтарын баяндап береді. 7 хикметте өз ойын былай түйіндейді:

*Алпыс екі жаста Алла мені жерге
тартты,*

Бастан-аяқ надандықтан азат етті.

Жан мен ділім, ақыл-есім Алла деді,

*Бір және Барым, дидарыңды көрермін
бе?!*

6. Қожа Ахмет пайғамбар жасына келгенде, бар дүние-мүлкін кедей-кепшіктерге, ғәріп-міскіндерге таратып беріп, қылуат (фәниден жалғыздықта күн кешу) жасауға бел байлайды. Ол өмірінің ақырғы он жылын жер астында жасалған мінәжатханада өткізеді. Сопы: «Алпыс үшке келдім, енді былайғы өмірім күпірлік, пайғамбардан аспақ күнә», — деп өзіне бір тоқтам жасайды. Қылуатте (халуатте) тіршілік еткен ақын өмірдегі жиған-терген, естіген, көрген, оқыған, білгендерін сарапқа салып, қияли күй кешеді.

Ясауидің жер астына түсуінің бір сыры, айналасын қоршаған надан, зұлымдар тобынан оғаштау, олардан аулақ, шын ниеттен зікір салу болса, екінші бір сыры, оның пайғамбар жасына жеткесін-ақ өлім қорқынышы зәресін алып, үрейін ұшыра бергендігі сияқты. Діншілдерге тән ерекше қорқыныш үрейімен ақын өткен өмірін түгел еске алып, сол өмірінің ішіндегі істегендеріне 9 хикметінде өзінше мынадай баға береді:

Қан жұтып Алла дедім, рахым етті.

*Дозақ ішінде қалмасын деп қамым
жеді,*

Шаттықпенен жер астына кірдім міне.

Жасым алпыс үшке жетті, ойым тұнық,

*Уа, дариға, хақты таппай көңілім
сынық.*

*Жер үстінде сұлтанмын деп болдым
ұлық,
Ризалықпен жер астына кірдім, міне.*

*Шайыхпын деп уағыз айтып жолда
қалдым,
Сәлдемді соқыр тиынға сатып келдім.
Нәпсім мені алдап кетті, жолда қалдым,
Алаңсыз жер астына кірдім, міне.
Басым топырақ, өзім топырақ, тәнім
топырақ,
Хақ пайғамбарға жетемін деп рухым
аңсап.
Күйдім-жандым бола алмадым әр кез
шапақ,
Терлеп-тепиіп жер астына кірдім, міне.
Пірмұған ықлас етті, шарап іштім,
Шәбліге ұқсап зікір айтып жаннан
кештім.
Масаң болып ел-жұрттан танып
қапшым,
Зәмзәм болып жер астына кірдім, міне.*

7. Аллаһтың құдіретін бар жанымен жырлаған Ясаудің 10 хикметіне еріксіз үңілсек, ол:

*Білгейсің бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.
Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр,*

*Төрт аяқты шабан ат бір күн саған
жетер.
Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені
деме,
Сират көпірі тұрар кісі малын жеме.
Ел-жұрт, туыс ешқайсысы болмас
жолдас,
Мәрт болғайсың: ғұмырың желдей өтер,
ғарыб бас.*

*Құл Қожа Ахмет, тағат қыл, білмейсің
өмірің неше жыл,
Асыл тегің су менен күл, тағы айналып
боларсың күл, —*

дейді. Шынында сопы ақын дәл тауып айтқан. Мынау «қамшының сабындай қысқа ғұмыр» кімге ес қатқан? Патша да, бай да, бағылан да жарық дүниені қимай-қимай, артына қарайлай аттанғаны анық.

8. Әзірет сұлтан бар өмірін Аллаһты шын ықыласымен есіне алып мадақтаумен өткізген. Ақын өзінің жұртқа машһүр өлеңмен жазылған 12 хикметінде терең толғап:

*Құл Қожа Ахмет, хақтың атын есте
сақта,
Хақтан қорқып тынбай жылап, түнде
жатпа.
Намаз оқы, ораза ұста әр ақшамда,
Солай болып мұратыма жеттім, міне, —*

дейді. Біз ақынның екі дүниені бірдей ойлап дамыл таппағанын, күндіз-түні бір Аллаһты есінен шығармай «жарғақ құлағы жастыққа тимегенін» көреміз.

9. Білім қуып, оқудан тапқаны Құдай жолына құлшылық ету болғандықтан, Қожа Ахмет әулиешілік-сопылық жолына белін бекем байлайды.

Өзінің айтуы бойынша, ол қырық жасынан кейін-ақ бозбалалық ермекті түгел доғарып, тақуалыққа бой ұрады. Ал, алпыс үш жасқа жеткесін дүниеден мүлдем қол үзіп, жер астына түсіп, сонда тағы он жылдай тіршілік етеді. Айналасын қоршаған жаманшылық атаулыдан өз бойын осылайша ғана адал сақтауға болады деп ұғады ақын өзінің 15 хикметінде:

*Наданменен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса, дозақ та одан қашар,
Наданменен дозаққа қылма сапар,
Наданмен қазан айындай солдым, міне.*

*Дұға қыл надандарға мойын бұрмай,
Хақ тағала қолдаса, тіптен оңай,
Надандар сорласа, жүре бер халін
білмей,
Надандардан жүз мың жапа көрдім,
міне.
Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілейін
жомарттардан.
Ғарып жаным жүз тас аттық
даналардан,
Дана таппай жер астына кірдім, міне.*

10. Орта ғасырда ғұмыр кешкен Ясауи сол дәуірдің перзенті болғандықтан, Алланы бір, Мұхаммед пайғамбарды хақ, Құранды шын деп білген ғұлама. Ол Алланы, пайғамбарды бар жанымен жырлаған кемеңгер. Қожа Ахметтің Мұхаммед (Мұхаммет) пайғамбарға арнаған бірнеше мадақ хикметтері жеті буынды өлең түрімен жазылған. Сопының ең көркем мадағы 23 хикмет болып табылады:

*Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан
Мұхаммет,
Отыз үш мың сахабаға басшы болған
Мұхаммет.
Жалаңаштар мен аштарға қанағат
болған Мұхаммет,
Кемтарлық көрген үмбетке шапағат
болған Мұхаммет.
Түнде жатып көз ілмей тілейтұғын
Мұхаммет,
Ғарып пенен жетімге құрмет қылған
Мұхаммет.
Жолдан азған күнәһарға қамқор
болған Мұхаммет,
Күні түссе, әркімге пана болған
Мұхаммет.*

11. Ғұлама шығармасындағы негізгі бір желілік ой — ғашықтық. Сопыны Ақиқат жолына махаббат итермелейді. Бұл ғашықтық дерті жайлы Қожа Ахмет 27 хикметінде былай дейді:

*Ғашық болсаң, күйдіреді жан мен тәнді,
Ғашық болсаң, ойран қылар дүние,
малды.
Ғашық болмай танып болмас, Алла
сені,
Не қылсаң да ғашық қылғыл,
пәруардіғар.
Ғашық дертін көтердім, дәрменім жоқ,*

*Ғашық жолында жан бергеннің арманы
жоқ.
Осы жолда жан бермеске амалым жоқ,
Не қылсаң да ғашық қылғыл,
пәруардіғар.*

12. «Хикметтер» кітабы адамдық, ізгілік жолына үндейді. Ясауи 28 хикметінде адамдардың пейілі бұзылып, заман азды деп қиналады:

*Үлкен, кіші адамдардан әдеп кетті,
Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.
Мұсылман мұсылманға болды қатал,
Нақақ істеп хақ жұмысын бұзды батыл.
Мүрит пірге жылы жүзбен болмай
жақын,
Ғажап сұмдық замана болды, достар.*

13. Алланың алдында кімнің күнәсі жоқ? Періштелердің ғана күнәдан пәк екені анық, өйткені олар ішпейді-жемейді, дүние-мүлік жинамайды. Ал адам баласы пенде, әр қараған көзінде, әр сөйлеген сөзінде, әр істеген ісінде ағаттық мол. Осы себепті де Қожа Ахмет 30 хикметінде:

*Көзім жасты, көңілім қайғы, жаным күйік,
Қандай амал істерімді білмен, достар!
Бұл қасіретті бастан кештім жасым келіп,
Қай тарапқа барарымды білмен, достар.*

*Түрлі-түрлі ғаламаттар келді қайдан,
Жүрегімде жарақаттар болды пайда.
Бұл дүниеде бірден азамат болмақ қайда,
Қандай амал істерімді білмен, достар, —*

дейді.

Ясауи өзінің жер бетіндегі бір күнәһар жан екенін сезінген сайын бар жанымен Аллаға жалбарынады. Одан әрбір ағаттық кеткен істеріне ғафу өтінеді.

14. «Диуани Хикметте» Әзірет сұлтан өз ілімінің негізгі әдіснамалық принциптерін айқындайды. Негізгі принциптердің қатарына — Ақиқатқа, Абсолютке, рухани жаңғыруға — жеткізетін жолдарды іздеу жатады. Осы мақсатқа сәйкес адам мынадай сатылардан өтуге тиіс: «шарифат» — ислам заңдары мен әдет-ғұрпының жинағы; «тарихат» — сопылықтың идеясы, мұрат-мақсаты; «мағрипат» — дін жолын танып, оқып білу; «хақиқат» — Құдай және оған жақындау. Әрбір сатының өз тұрағы бар. Ол туралы ақын 32 хикметінде былай деген:

*Өтті ғұмырым, шарифатқа жете
алмадым,
Шарифатсыз тарихатқа өте алмадым.
Ақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым,
Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар.*

Ол тағы бір жерде (66 хикметте):

*Шарифаттың шапанын кимейінше,
Тарихаттың пырағына мінбейінше,
Ой әлеміне беріліп батпайынша,
Хақиқаттың майданына кіріп болмас, —*

дейді.

Ясауидің ойынша, «шарифатсыз» «тарихат», «тарихатсыз» «мағрипат», «мағрипатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады [2; 190].

Барлық сатылардан сопы ақырында хақиқатқа келіп жетеді. Бұл кезеңді Ясауи «нақты, шынайы болмыс» деп атаған. Бұл кезеңде тұлға адамның өмірінің уақытша, өтпелі екенін түсініп, тек қана Абсолюттік ақиқат әлемінде ғана мәңгілікке қол жеткізудің жолы — құдайлық мәннің қыр-сырын түсінуге тырысу екенін пайымдайды. Бұл мәңгілік өмір сүруге апаратын жол деп түсінілген.

Сонымен, сопының пікірінше, Хақиқат Абсолюттің шынайы табиғатын тануға, сондай-ақ адамның өзін-өзі толық тануына жол ашады. Мұндай сопы өзі туралы «Анал–хак» (Мен — ақиқат) деуге құқылы (11 хикмет):

*«Әна Әлхақтың» мағнасын білмес
надан,
Дана керек бұл жолдарға пәк, мардан.
Ақылды құлдар хақ жолын жадына
алған,
Жаннан кешіп жаратқанды сүйдім, міне.*

Ясауидің дүниетанымы бойынша, абсолютты ақиқатты тануға ұмтылған адам селқос қана өмір сүретін «құдайдың құлы» емес, ол, керісінше, белсенді түрде танымның әрбір сатысынан ізденіс, талпыныс арқылы өтетін өмірге өте құштар адам. Ол әрдайым жетілген тұлға деңгейіне көтерілуге тырысады [14].

15. Кемеңгер ойшылға көз жіберсек, ол адам баласы іші-сыртын бірдей жөндесін, сырты қалай көрікті болса, іші де сондай мөлдір болсын дейді. 33 хикметте сыпайы ғана өз пікірін сабырмен айтады:

*Сыртың жөндеп, ішің түзеп ғалым
болсаң,
Махшар күні қолыңды ұстар таңда
барсаң.
Өкінішпен қайғы жұтып жолда
қалсаң,
Жан мен ділде хақ зікірін айтқын,
достар.

Ғалым сол дүр: намаз оқып бой ұсынса,
Хақтан қорқып ақыреттің қамын жесе.
Құран оқып, хақтан қорқып зар еңіресе,
Жан мен ділде хақ зікірін айтқын,
достар.*

16. Адам психологиясын жетік білген Қожа Ахмет жаңсақ басып, адасқандар, әйтеуір, ерте ме, кеш пе өз қателіктерін түсініп, білместіктен болған жаңылыстарын түзету үшін тырысатынына сенеді. Ал бірақ саналы түрде тура жолды тастап, біле тұра бұзық жолға ауытқушылар еш оңалмасын біледі.

Дүние жалған. Адам өз әрекеті, пиғылы, мақсат-мүддесі үшін Алла Тағала алдында жауап беретінін ұмытпауы жөн. Ақын 46 хикметін о дүниеде көретін азаптарды қайта-қайта еске салуда күнәһарларға бір тоқтау салу, ес жиғызу, бақилық жайында ой ұялату үшін айтқаны байқалады:

*Дүние менікі дегендер — жаһан малын
алғандар,
Құзғын құстай арамға белшесінен
батқандар.
Молда, мүфтий болғандар — жалған
жала жапқандар,
Ақты қара қылғандар: ол тамұққа
түседі.
Қазы, имам болғандар — нақақ жала
қылғандар,
Есектей болып жегіліп жүк астында
қалады.
Пара алған әкімдер — арамдықпен
жүргендер,
Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен
қалады.
Жылы жұмсақ жегендер, әсем киім
кигендер,*

*Алтын тақта отырса да, топырақ астына
түседі.
Сенген құлдар — адалдар, садақамен
тұрады,
Дүние-мүлкін сарп етіп жұмақ хорын
құшады.
Құл Қожа Ахмет, білгейсің, хақ жолына
кіргейсің,
Хақ жолына кіргендер: хақ дидарын
көреді.*

17. Ақын шығармасында негізгі философиялық ұғым — тәуба. Тәуба — жолдың басы, кез келген құбылыстың өлшемі. Тәубашылдық — адамның ішкі жан дүниесінде болып жататын құбылыстардың және өзгерістердің негізі. 49 хикметінде Қожа Ахмет былай толғанады:

*Тәуба қылып хақты тапқан гашықтарға,
Ұжмақ ішінде төрт арықша шәрбәті
бар.
Тәуба қылмай хақтан тайған
гапылдарға,
Тар лахатта қатты азап, қасіреті бар.*

18. Ғұлама ғалым еңбегінің соңында (67 хикметте) өмірдің ақыры таяу екендігін, енді о дүниеге пейіл беру керектігін жазады. Ақынға құлақ ассақ, ол:

*Жасымда жаспын деп айтар едім,
Қол жеткенді аз ғой деп байқар едім.
Әрбір іске дау-дамай қылар едім,
Енді отырмын бұл істің таппай емін.*

*Бар дүние менікі деген сұлтандарға,
Ғалам малын сансыз жиып алғандарға,
Өмірі сауық-сайран құрғандарға,
Өлім келсе, бірі оға қылмайды екен.*

*Құл Қожа Ахмет, өлеріңді біле көргіл,
Ақыреттің әрекетін қыла көргіл.
Даярмын деп жол басында тұра көргіл,
Ажал келсе, еркіңе қоймайды деп.*

Қорыта келе айтарымыз, Қожа Ахмет өз еңбегінің ғалам дастаны екендігін тұжырымдады. Ол хикметтерінің кемел, құдіретті пір екендігін, ғалам тылсымын ұғуға ұмтылған әр шәкіртті жебейтіні анық деп сенді.

*Жазған адам әр кез көркем жазсын,
Көркем жүзіп, көңілі судай тассын, —*

деген ғұлама сол кездегі ақындарға, жалпы түрік көркем өнер дүниесіне, бүгінге дейін жеткен көркемдік әдістер енгізді. Шығармашылық отында жанқиярлықпен күресіп оқырман мен шәкіртке болашақпен жалғасу үлгісін көрсетті. Нағыз шығармашылық иманын, ақыл мұратын, ғалым сипатын қалыптады.

Бірақ Ясауидің мұрасын толық, жан-жақты танып білу — әлі алдағы үлкен іс. Осы орайда Қожа Ахметтің өзіне сөз берейік те, ой түйіндейік:

*Менің хикметтерім — құдіретті бір пір,
Естігендердің көңілі толқып ұйып тұр.*

*Тірі болса, бұл жаһанда қор болмас,
Оқыған пенделер ешнәрседен зар
болмас.*

*Егер хикметімді оқысаң, ей, сүйікті
пенделер,
Шәкіртім сен, перзентім сен, ісің маған
жөн келер.*

*Менің хикметіме қойса кім бас,
Өлерінде болсын иманы жолдас.*

*Иасауи хикметін даналар естісін,
Естіген жандар мұратына жетсін.*

Сонымен, Әзірет сұлтан шығармасы көкірек, көзі ашық әр адамға имандылық нұрын түсірер күдіретті шығарма.

Ясауидің даналық ойлары

Қожа Ахметтің даналық ойлары Баласағұни мен Абай пәлсәфасының орта тұсында жатыр. Сондықтан да осы үш ойшылдың көзқарастары өте ұқсас. Үшеуі де бір арнадан бастау алып, бір дәстүрден сусындаған. Ол — қазақ әдебиетінің терең тамырлары. Мысалы, Ясауи де, Баласағұни де, Абай да бес нәрседен қашық болуды айтқан [15].

Ғұлама «Хикметтер» кітабында өмірде не нәрсе құнды, неден қашу керек, неге асығу керек деген мәселелерге жауап берген. Ол сақтандырған бес нәрсе мыналар.

Біріншіден, Алланың ақ жолын мойындамаудан қашық бол (16 хикмет):

*Алла дерті сатылмайды сатып алсаң,
Пірімұған қызметінде ақ болмасаң.
Хақ жолына кіріп болмас пәк
болмасаң,
Әр қашан да хақтан сабақ алдым, міне.
Ғашық патша, ғашық пақыр қайта
оралмас,
Хақтан пәрмен болмайынша сөйлей
алмас.
Құдай сөзін естіген дүние құмас,
Әрқашан да хақтан сабақ алдым, міне.*

*Құл Қожа Ахмет, жеті жаста алдым
сабақ,
Сегізімде дүние қызығын қойдым талақ.
Тоғызымда бір Құдайды көңілім қалап,
Әрқашан да хақтан сабақ алдым, міне.*

Екіншіден, менмен, тәкаппар болма (33 хикмет):

*Ессіз ғалым бой ұсынбай жолда қалар,
Оқып ұқпай дүние малын қолға алар.
Менмендіктен есіл өмірін зая қылар,
Жан мен ділде хақ зікірін айтқын,
достар.*

Үшіншіден, дүние-мүлік үшін арыңды сатпа (35 хикмет):

*Дәруіштің дер дүниеқоңыз жаны
жалған,
Дүние үшін сауық-сайран құрды,
достар.
Естен танбай сауық-сайран құрып
болмас,
Жаратқан иеден оған иман болмас.*

Төртіншіден, еріншек болма (58 хикмет):

*Көп адамдар дау шығарар нәпсі бағып,
Ішіп-жеп хайуандардай түнде жатып.
Ораза тұтпас, зекет бермес, ұйқы
бөлмес,
Хақ тағала қадірін қашан білер?*

Бесіншіден, арамдықтан аулақ бол (63 хикмет):

*Тіліменен үмбетпін деп жалған сөйлер,
Кісі малын алмақ үшін арбап сөйлер.
Адалын мұнда тастап, арам көздер,
Надандарға осыларды айтқым келер.*

Әділ болмақ адамға нәпсіні тежей білу — алғашқы бір шарт, дейді ақын. Өйткені 48 хикметінде айтқанындай, нәпсіге құл болу — сайтан ісі.

*Нәпсіге сен ерік берсең не тілемес,
Еңіресең де Алла саған мойын бұрмас.
Қолға алсаң, жаман құстай қолға
қонбас,
Қолға алып, түнгі ұйқыны төрт
бөліңдер.*

*Нәпсі жолына кірген кісі рәсуа болар,
Жолдан азып-тозар, жұртта қалар.
Жатса, тұрса шайтанменен бірге болар,
Нәпсіні теп, нәпсіні теп, ей, патшағар.*

*Нәпсің сені ақырында торға салар,
Діннен қуып, жақсылықтан ада қылар,
Өлер кезде иманыңнан жұрдай қылар,
Ақылға ерсең ит нәпсіден безер болғай.*

Ерекше ескере кететін жайт, «Диуани Хикмет» — бастан-аяқ ақыл-өсиет, үлгі-өнеге айтуға құрылған қасиетті кітап. Мәселен:

1 хикметте:

*Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сытайы
болғыл,
Көре қалсаң, мүсәпірді сырлас болғыл.*

12 хикметте:

*Тарихаттың жолы болар азап, ұлық,
Несіп қылған пендесіне болар жуық.*

Немесе:

*Махаббаттың бағын кезбей ғашық
болмас,
Қарлық-зарлық тартпайыңша нәпсің
өлмес.*

30 хикметте:

*Бәйшешек ашылар ма су бермесе,
Диқан емес кетпен шауып нан бермесе.*

31 хикметте:

*Ғашық азабын басқа түскен ғашық
білер,
Танымасын тас лақтырып оған күлер.*

33 хикметте:

*Сөзің — шырақ, халің — пілте, майы —
жасың,
Неше айтсам да баһра алмас көңіл
хошың.*

34 хикметте:

*Ұстаздарға қызмет қыл еркіңменен,
Күнәлі ол өз бетіммен келдім деген.*

36 хикметте:

*Сапар шекпе жол мәнісін түсінбей,
Жолға түскен мұратына жетер, достар.*

38 хикметте:

*Рух құсын татар болса бал берейін,
Самғап ұшып ғарыштан ғарышқа
қонар, достар.*

39 хикметте:

*Махаббаттың майданында жанын
қизған,
Хақиқаттың дариясынан гәуһар алған.*

47 хикметте:

*Сөз өнерін меңгеріп, өмір іліміне
жетіңдер,
Жоқшылықпен күнелткен бар
байлықты алыңдар.*

48 хикметте:

*Кімдер хақ құлы болса хаққа жақсын,
Хаққа жақпас менменшіл әрі барсын.*

51 хикметте:

*Жетімді көрсеңіз жәбірлемеңіз,
Ғарышты көрсеңіз әмірлемеңіз.*

57 хикметте:

*Жаннан кешпей ғашық сырын біліп
болмас,
Малдан кешпей менмендікті қойып
болмас.*

60 хикметте:

*Білдіңіз бе өлмей адам қалғанын,
Бұл дүниенің опасызын, жалғанын.*

Немесе:

*Іші-сырты жалған жанға әсте сенбе,
Арың таза болса, әр кез жеңіс сенде.*

70 хикметте (мүнәжатта):

*Үнемі дұғада болса әр мұсылман,
Өлер кезде беріледі нұр иман.*

Немесе:

*Шын ғалымның жастығы тастан болды,
Ғылымын әлемге жайса көңілі толды.*

Немесе:

*Қасиетсіздер қасиетті боп көрінбек,
Тіліменен қол ұшын беріп, ішіменен
бөлінбек.*

Ясауидің даналық ойлары кемеңгер Абай поэзиясында жалғасын тапты. Сондықтан да Қожа Ахмет хикметтері қазір қазақ тілінде кең тарап кетті. Оны халық дана сөз, имандылыққа тәрбиелейтін өте құнды шығарма деп біледі.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салынуы жайлы

Әзірет сұлтан дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп орнына айналады.

1389, 1391, 1394 және 1395 жылдардағы қан төгіс ұрыстарда Әмір Темір Алтын Орданың өктемдігін жойып, астанасы — Сарай-Беркені өртеп жібереді. Міне, осы жеңістің құрметіне Қожа Ахмет Ясауидің ескі мазарының орнына жаңа, зор кесене орнатуды ұйғарады. Осы тұрғыда Әмір Темір тек діни мақсат-мүддені ғана көздеген еді деу қиын. Бұл оның беделін көтеруге, үстемдігінің мызғымас берік екендігін көрсетуге және дала жақ ту сыртының сенімді болуы үшін де қажет еді [16].

Ал ел аузында сақталған аңыз бұдан әлдеқайда басқашалау: Темірдің туған шешесі Сақыпжамал осы баласына екіқабат кезінде түс көріпті. Түсінде ол бала емес, жылан туыпты. Сол жылан көз алдында үлкейіп, айдаһар бопты. Алдымен ол өзінің туған анасын жұтыпты, артынша сол кездегі Сырдария (бұл өзеннің түрікше атауы, ал македондықтар «Яксарт», арабтар «Сейхун» деп атаған) билеушісі Тоқалақты жұтыпты. Бұл түсін екіқабат келіншек үйіне кездейсоқ қонақ болған жолаушы кемпірге жорытыпты. Кемпір сатқындық жасап, бұл түсті Тоқалаққа айтып қойған. Қатал хан екіқабат әйелді алдырып, өз қолымен ішін жарып, мазардың ішіне көмусіз тастатқан. Сақыпжамалдың туған сіңлісі Теккене жеті айлық, тірі жатқан баланың кіндігін тісімен қиып, баланы алып кеткен. Әлі беті ашылмаған, бейкүнә он алты жасар қыздың емшегінен сүт шыққан. Баланы өсірген. Ақсақ Темір өмірбақи шешем, анам Теккене деп кеткен. Бірақ шын тарихын өскен соң естіген. Демек, Ясы қаласында, Қожа Ахметтің шикі кесектен тұрғызылған мазарының қасында Ақсақ Темірдің өз шешесінің сүйегі жатты, бұл жерге оның өзінің кіндік қаны тамған еді. Шындығы аз, жай аңыз бола бермейді. Демек, Қожа Ахмет басына сағана-ғимарат салуды ойлағанда, ол бұл жайды да еске алған [17].

Әмір Темірмен бірге болып, тарихын жазушы Шарафаддин Алаяздың «Зафарнама» атты кітабының дерегінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі құрылысы 1397 жылдың күзінде, Темірдің Ясыға келуіне орай қолға алынған. Бірақ Ақсақ Темір Қожа Ахмет басына кесене тұрғызбақ болғанымен, сүйегі дәл қайсы нүктеде жатқанын білмей қиналыпты» дейді ел аузындағы әңгімелерде. Сол шақта бір көпті көрген қария: «Бір қора қойды осында айдап әкеліп иіргенде қойлар әулие сүйегі жатқан жерді баспайды» деп кеңес береді. Шынында да солай болып шығады — қалай, қайтіп иірсе де, қойлар ошақ орнындай нүктені баспайды. Сосын, дәл сол жерге Қожа Ахмет әулиенің көктасы тұратын орын етіп ғимараттың іргетасын құя бастапты [6; 66, 67].

Құрылысты жүргізуді Темір өз дуанында игілікті істермен шұғылданатын Мәулен Убайдулла Садырға жүктеді. Мавзолейді салу жедел қолға алынып, сол заманғы деңгейден қарағанда, аса қарқынды жүргізілді. Негізгі және қосалқы бөлмелерді салу кезінде де құрылысшылар қолдарындағы архитектуралық сызбалар мен ғимарат жобасына сүйеніп отырды. Архитектуралық көлемдер мен олардың бөлшектерінің асқан шеберлікпен салынғандығының себебін тек осылай ғана түсіндіруге болады. Темірдің болашақ мавзолей жобасын жасауға тікелей қатысып, құрылысшыларға нақтылы нұсқау бергендігін әр түрлі жазба деректер де дәлелдейді [18].

Жұмыс қолының көптігі сонша, кесенеге Ясыдан отыз шақырым жердегі Сауран шаһарынан күйдірілген кірпішті қатар тұрған адамдар бір-біріне қолма-қол жеткізген. Кірпіш өндірген құмданның орыны осы кезде де көрініп жатыр.

Кірпіш жөнінде ел аузында келе жатқан аңызда «Сауранның топырағын түйенің сүтіне илеген» делінеді.

Темірланнан (Ақсақ Темірден) кейінгі хандар да, әсіресе қазақтың атақты хандарының бәрі, Ясауи сүйегі жатқан жерді аруақ тұтып, өлерде өздерінің сүйектерін Ахмет мазарына жерлеуді өсиет етіп кеткен. Ал діншіл қауым — молла, ишан біткен өзі-ақ бұл жерді, Ясауи ескерткішін «қасиетті» Меккеден кем уағыздамаған. Міне, осындай үгіт-насихат нәтижесінде Ясауи «Әзірет әулие (сұлтан)» атанып, оның аты барлық жерге жайылған.

Түйін

Сөз соңында ойымызды жинақтай келе айтарымыз мыналар:

1. Болашақта Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен одан қалған асыл мұралары әлі де көп ізденістерді, ғылыми зерттеулерді керек етеді. Өйткені ғұламаның хикметтерінің қат-қабат сырлары әлі түгел түгелделіп ашылып болған жоқ. Себебі әр ғасыр, әр заман әрқалай оқып бағасын береді. Мәселе «Диуани Хикметтің» көпқырлы соқпағында, көпқабатты қыртыстарында жатса керек.

2. Халық жолында күн кешкен ұлы бабамыздың хикметтерін оқып үйрену, оқулық, хрестоматияларға енгізу, басқа тілдерге аудару келешекте жалғаса беретін тірлік болса керек. Алдағы уақытта кеменгер ойшылдың даналық сөздерімен біздің балаларымыз да мектеп қабырғасында таныса алатын болады деген үмітіміз зор. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі Ясауи ілімін терең насихаттау қажеттігіне баса мән беріп отыр.

3. Өлең ырғағы тұрғысында Ясауи хикметтері қазақ халық поэзиясына өте жақын. Сондай-ақ осы екі поэзия үлгісінде тілдік бейнелеу құралдарының да ортақтығы мол. Содан болса керек, туыстас халықтардан шыққан ғалымдардың өзі Қожа Ахмет Ясауиді қазақ ақыны деп айтқан кездері бар. Осыған қатысты Х.Сүйіншәлиев былай дейді: «Татар зиялылары да Ясауиді жақсы білген. Әсіресе мұсылманша оқығандары ақын сөздеріне ерекше назар салған. Олардың ішінде Ахметті дана ғұлама санағандары да болған. Кейбірі — Ахмет Ясауидей данышпан адамды туғызған қазақ халқына рақмет айтуға тиіспіз деген. Сөйтіп, олар Ахметті қазақ санаған. Мұндай пікірлерді біз «Шора» журналынан кездестірдік» [19].

Сондықтан да келешекте Ясауидің «Диуани Хикметі» мен қазақ фольклоры туындыларының тілдік тұрғыдағы байланыстарының бұдан өзге де мысалдары көптеп табылатыны даусыз сияқты.

4. Қазіргі таңда өткен тарихымызды қайта қарап, талдап-таразылап жатқан кезімізде бұрын есімі белгілісі бар, белгісіз болып келгені бар атақты тұлғалардың есімдерін білудеміз. Бірақ кейбірінің аттары бұрмаланып жазылып жүргені көзді де, көңілді де қарықтырады.

Ғұлама Ясауи есімін сан-саққа құбылтып жазып келдік: Жасауи, Иасау, Иассауи, Йасауи, Иссауи деп әркім әрқалай атады. Қай басылымда қалай жазылғанына мысал келтіруге бір еңбекте мүмкін емес екенін ескеріп, қысқа қайыруға тура келді. Бұған академик Ә.Қайдар өз дәлелдерін келтіріп, Ясауи (немесе Яссауи) деп жазу керек деген байламын айтып еді. Соны көзі шалған, түсінген адамдар солай деп жүр. Қазір Ясауи атындағы Түркістан халықаралық қазақ-түрік университеті де бар. Демек, осыған табан тіреп, әр түрлі атап құбылта бермеуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 129-б.
- 2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: Оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 264 б.
- 3 Боранбай Ж. Қожа Ахмет Ясауи — сопылық поэзияның көрнекті өкілі әрі ағартушысы // Ақиқат. — 2013. — № 7. — 59–64-б.
- 4 Жандарбек З. Қожа Ахмет Ясауи және Ясауиіа ілімінің дүниеге келуі // Алаш. — 2011. — № 1(34). — 23–35-б.
- 5 Ясауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы) / Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға ауд.: М.Жармұхамедов, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. — Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. — 262 б.
- 6 Көктәнді Х. Түркі теберігі — Түркістан. — Алматы: «Қасиет» ЖШС баспасы, 2008. — 192 б.
- 7 Тәжікова К., Шағатаева Ш. Қожа Ахмет Ясауи / Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 147-б.
- 8 Нысаналин А. Абыз Ахмет Ясауи хақында // Жалын. — 2011. — № 4. — 52–55-б.
- 9 Кәрібаев Б. Арыстан Баб // Егемен Қазақстан. — 2010. — 2 қазан. — 1,5,6-б.
- 10 Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 81-б.
- 11 Қазақтар. — II-т.: Тарихи тұлғалар. — Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003. — 34-б.
- 12 Есжанов С. Қожа Ахмет Иасауи (1103–1128) // Ақиқат. — 2011. — № 5. — 108–109-б.
- 13 Ахметбек А. Қожа Ахмет Иассауи: Көмекші оқу құралы. — Алматы: Санат, 1998. — 112 б.
- 14 Нысанбаев Ә. Қожа Ахмет Иассауидің дүниетанымы мен философиясы / Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 136-б.

- 15 Кыраубаева А. Ежелгі әдебиет: Бес томдық шығармалар жин. — 2-т. / Томды баспаға әзірл.: Г.Аскарова, Н.Мәтбек. — Алматы: Өнер, 2008. — 180-б.
- 16 Түркістан. Халықаралық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2000. — 428-б.
- 17 Түркістан: Фотоальбом / Құраст. Р.Насыров. — Алматы: Өнер, 1993. — 10-б.
- 18 Нурмухамедов Н.Б. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясауи: Альбом. — Алма-Ата, 1980. — С. 8.
- 19 Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорындағы сабақтастық // Жұлдыз. — 2010. — № 12. — 176–179-б.

Р.С.Каренов

Ходжа Ахмет Ясави — поэт, заложивший основы поэзии суфизма, и духовный учитель мусульман Востока

В статье описана жизнь и деятельность выдающегося поэта Средневековья, основателя поэзии суфизма в тюркском мире, духовного учителя и лидера всех мусульман Востока — Ходжа Ахмета Ясави. Дана оценка его главному гениальному поэтическому творению — «Дивани Хикмет». Автором высказано пожелание о том, что произведения Ясави достойны занять прочное место в хрестоматиях и антологиях казахской поэзии, а изучение его творческого наследия могло бы войти в учебные программы школ и вузов. Приведены сведения о мавзолее Ходжа Ахмета Ясави в Туркестане, который стал центром паломничества всех тюркских народов.

R.S.Karenov

Hodge Ahmet Yasavi — poet, laidbasics of poetry Sufism and spiritual teacherMuslim East

In the article describes the life and work of an outstanding poet of the Middle Ages, the founder of the Sufi poetry in the Turkic world, spiritual teacher and leader of all the Muslims of the East — Khoja Ahmed Yasawi. Assesses his chief poetic genius creation — «Diwani Hikmet». Author expressed the wish to work Yasavi took a firm place in anthologies and anthologies Kazakh poetry, and the study of its artistic heritage included in the curricula of schools and universities. Provides information about the mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi in Turkestan, which became the center of pilgrimage for all the Turkic peoples.

References

- 1 Syuinshaliev Kh. *History of Kazakh literature: Textbook*, Almaty: Ana tili, 1991, 129 p.
- 2 Kelimbetov N. *Literature of the Ancient World: A Textbook*, Almaty: Ana tili, 1991, 264 p.
- 3 Boranbai Zh. *Akikat*, 2013, 7, p. 59–64.
- 4 Zhandarbek Z. *Alash*, 2011, 1 (34), p. 23–25.
- 5 Yasavi Hoja Ahmed. *Divani Hikmat (Wisdom)* / The book was translated into the Kazakh language and prepared for publication: M.Zharmuhameduly, S.Dautuly, M.Shafigi, Almaty: Research and Publishing Center «Murattas», 1993, 262 p.
- 6 Koktandi Kh. *Turkestan — Center Turkic civilization*, Almaty: LLP Publ. «Kasiet», 2008, 192 p.
- 7 Tazhikova K., Shagataeva Sh. *Khoja Ahmet Yasavi*, Kazakhstan: Textbook, Almaty: Bilim, 1994, p. 147.
- 8 Nysanalin A. *Zhalyn*, 2011, 4, p. 52–55.
- 9 Karibaev B. *Arystan Bab*, Egemen Kazakhstan, 2010, October, 2, p. 1,5 and 6.
- 10 Umarova G.S., Sharabasov S.G. *History of Kazakh literature: Textbook*, Astana: Folio, 2007, p. 85.
- 11 Kazakhs. *Three times that: History*, Almaty: Publ. House «Bilim», 2003, p. 34.
- 12 Eszhanov S. *Akikat*, 2011, 5, p. 108–109.
- 13 Akhmetbek A. *Khoja Ahmet Yasavi: Accessory tutorial*, Almaty: Sanat, 1998, p. 112.
- 14 Nysanbaev A. *Worldview and philosophy of Khoja Ahmed Yasavi* / Thinkers Kazakh steppe (IX–XII century), Almaty: Gylym, 1995, p. 136.
- 15 Kyraubaeva A. *Scientific works in five volumes. The second volume* / Vol. prepared for printing: G.Askarova, N.Matbek, Almaty: Oner, 2008, p. 180.
- 16 *Turkestan. International encyclopedia* // Chief editor A.Nysanbaev, Almaty: Home Encyclopedia «Kazakh Encyclopedia», 2000, p. 428.
- 17 *Turkestan: Fotoalbum* // Compilers R.Nasyrov, Almaty: Oner, 1993, p. 10.
- 18 Nurmahamedov N.B. *Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi: Album*, Almaty: Oner, 1980, p. 8.
- 19 Korganbekov B. *Zhuldyz*, 2010, 12, p. 176–179.

Ж.Қ.Смағұлов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: jandossmagulov@mail.ru)***Қасым Аманжолов поэзиясы және әдеби-көркем сын**

Мақалада қазақ поэзиясының асқар шыңдарының бірі, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың көркем әдебиетке қосқан үлесі қарастырылды. Ақын шығармаларындағы ұлттық әдебиеттану мен сындағылыми негізделе бастаған «социалистік реализм» аталатын жасанды көркемдік әдістің ықпалы көрсетілді. Қ.Аманжоловтың әдеби сын саласында жазған мақалалары талданды.

Кілт сөздер: ұлттық поэзия, Қасым Аманжолов, әдеби сын, жыр, өлеңдер жинағы, социалистік реализм.

Қазақ поэзиясының асқар шыңдарының бірі, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың көркем әдебиетке араласа бастаған, өзінің алғашқы жырларымен оқырман жұртты елең еткізген кезеңі ұлт әдебиеті тарихындағы өте бір күрделі уақыт болатын. Халықтық фольклор мен ақын-жыраулар мұрасы, Ұлы Абайдан бастау алатын ұлттық поэзия, оның ішінде Алаш Арыстары шығармашылығы жас таланттың ақындық кредосының қалыптасуына тірек болмады дей алмасақ керек. 1924–1930 жылдар аралығында Семейде әуелі интернатта, одан соң техникумда оқыған кездері болашақ ақынның дүниетанымдық болмысына ықпал еткені сөзсіз. Себебі Алаш рухын асқақтатқан Семей жұртынан зерделі де зерек жас көп нәрсені көкейіне түйіп өскеніне дау жоқ. Алайда 1930 жылы Алматыға келіп «Лениншіл жаста» жұмыс жасай бастаған шағында, сол кездегі әдеби сында орын алған әсіре тапшылдық көзқарас пен «тұрпайы социологизм» теориясы оның шығармашылық мұратына белгілі бір дәрежеде әсер етпей қалған да жоқ емес. Өйткені әдеби сында асыра дәріптеліп жатқан «жаңашыл» тақырыптар кеңестік дәуір идеологиясының осы талап-тілектеріне сай негізделген болатын. Ал 1932 жылдан ұлттық әдебиеттану мен сында ғылыми негізделе бастаған «социалистік реализм» аталатын жасанды көркемдік әдістің ықпалы кейін ақынды «Советтік менің өз елім» деп жырлауға мәжбүрледі. Бұл жөнінде академик С.Қирабаев: «Әдебиет тарихының көп беттері «ақтаңдақ» күйінде қалды, социалистік реализм теориясы әдебиеттік әдісімізді бір жақты, жалаң мадақтаудан аса алмады, әдебиет сыны да өз міндеттерін ойдағыдай орындаған жоқ», — деп дұрыс атап өткен болатын [1; 20]. Сондықтан ақынның алғашқы бір өлеңі «Әскер жырында»: «Тап қорғауға талап қып келдік біздер... Жаса, жаса, Социалистік Отанның күзетшісі» деп жырлаудан басталуы да заңды. Мағжандай дарынды «Токсанның тобырын» жазуға дейін мәжбүр қылған қылышынан қан тамған қызыл империя ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген қадамды жойып жіберу зұлматын бастап та кеткен болатын.

1939 жылы «Өмір сыры» атты өлеңдер жинағы шыққанға дейін әдеби сын Қ.Аманжолов туралы арнайы пікір білдіре қоймаған. Тек сол кездегі қазақ поэзияның даму барысы жайындағы шолу мақалалар мен Жазушылар одағы тарапынан жиі ұйымдастырылған жиындар мен пленумдардағы баяндамаларда ақынның шығармашылық ізденістері жақсы аталып отырды. Керісінше, Қ.Аманжоловтың өзі әдеби сын саласында қалам тартып, 1937 жылы «Лениншіл жаста» «Ер Тарғын» операсы — коллективтік еңбектің жемісі» (27.09.), «Алма бағында» (18.06.) (М.Әуезов пьесасы туралы) атты рецензиялық мақалаларын жариялайды. Бұл бағытта әдеби ортада таныла түсуі 1938 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Көп оқып-үйреніп, жақсы жазайық» (16.01), «Ірі табыс» (4.03), «Жамбыл — халықтың ақыны» (10.04) және тағы басқа да мақалаларына жалғасты. Ал «Социалистік Қазақстанда» 1939 жылы «Халық композиторы ақын Естай» (5.01.), 1940 жылы «Ұлы ақын туралы трагедия», (05.01.), «Жамбыл шығармаларының аудармасы туралы» (20.02.) «Жоқтан барды жамау-жасқау» («Өлең-әндер» деген жинақ туралы) (29.01.) атты мақалалары жарық көреді. Бұларға арнайы тоқталып, термелей талдап жату артық және қажет те емес. Жас талапкер оларда қазақ әдебиеті сынын белгілі бір биіктіктерге жеткізіп тастады деп те айта алмаймыз. Алайда атап-атап көрсетудегі басты себебіміз — Қасым ақынның өлең сөздің теориялық мәселелеріне жетік болуымен қатар, сын жанрларынан да молынан хабардар болғандығын таныту ғана емес. Біз сол арқылы ақынның «халық жауларын» әшкерелеу науқанына белсене кіріскен «солақай сыншылдардың» қатарынан көрінбегендігіне назар аудартуды қажет деп таптық. Қазан төңкерісінен

бергі жиырма жылда кеңестік аталатын әдебиеттің барлық ауыр жүгін көтерген ақын-жазушылардың алды атылып, қалғаны қуғынға түскен кездегі Қасым ақынның азаматтық тұлғасы қандай дәрежеде танылғанын байқау қиын емес. «Большевиктік өзара сынды» күшейту арқылы «тап жауларын» әшкерелеуге шақырған кеңестік идеологияның шылауында «қолшоқпарға» айналып кеткен сыншы-әдебиетші, ақын-жазушылар туралы нақты мысалмен ұзақ тізім келтіруге де болар еді. Әрі-беріден соң олардың осы кездегі қаралағыш мәндегі талқандағыш мақалалары ұлт әдебиетінің қара шаңырағын ортасына түсіре жаздады. Соның салдарынан қазақ әдебиеті бүкіл одақтық көлемде Ж.Жабаев бастаған халық ақындары «шапанының» тасасында қалып қоя жаздағаны да жалған емес.

Ал аманжоловтанудағы тұңғыш ізашар мақала 1939 жылы «Әдебиет және искусство» журналының № 6 санындағы Кәріжан Дәукенов деген автордың «Бір жинақ туралы» (Қ.Аманжоловтың «Өмір сыры» жинағы жайында) аталатын рецензиясы болды. Сыншы ақын өлеңдерінің тақырыптық-идеялық тұрғыдағы жан-жақтылығына, түр мен мазмұн, ұйқас пен ырғақ туралы жаңашылдық сипатына ерекше тоқталған. «Хан Тәңірі», «Горький» атты өлеңдеріндегі В.Маяковский әсеріндегі футуризмді, «Толғау», «Тұрмыс толғауы», «Ұлы Октябрь» және т.б. өлеңдеріндегі халықтық толғау-термелік дәстүрді шығармашылық шыңдалу жолындағы ізденістері деп табады. Сыншы дұрыс атап өткеніндей, осы жинақтағы «Ақын ескерткіші», «Руставели Шотаға» атты жырлары ұлттық лирикада шын мәнінде соны жаңалық еді. Себебі, әр тармағы 15–16 буынан тұратын және «аа», «бб» түріндегі егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі Қасым ақынға дейін бола қойған жоқ. Бұл өлең түрі кейін Т.Айбергеновтің, М.Шахановтың шығармашылықтарында жалғасын тапқаны мәлім. «Бурабай толқындары», «Көкшетау», «Сұлтанмахмұт туралы баллада», «Жаңбырлы кеште, көшеде» сияқты тамаша туындылары мен «Қытай қызы», «Бикеш» поэмалары туралы пікірлері арқылы сыншы ұлт әдебиетіне кең тынысты дарын келгенін бағамдайды. Әрине, рецензия болған соң сын айтылуы да заңды. Бірақ оларда тапшылдық көзқарастан туындап жатқан саяси мән іздеу сипаты жоқ. Мейлі, әдеби-теориялық тұрғыдағы талдаулары қазіргі кездегі талап деңгейінен көп төмен жатса да, алғашқы айтылған бағаның мәні қашан да зор екені белгілі. Қалай десек те, барша жазушылар ұжымының кіндік басылымы саналатын «Әдебиет және искусство» журналындағы осы екі-ақ беттік мақаланың Қасым ақынды қанаттандырғаны анық.

Соғыс жылдарындағы «Бәрі де жеңіс үшін!» ұранына қазақ қалам қайраткерлері де жедел үн қосып, патриотизм мен отансүйгіштікті, ел қорғаушы ерлердің өршілдігін дәріптеуді қажет еткен талапқа сай бірсыпыра жаңа шығармалар жарияланды. Бірақ көпшілігі науқандық деңгейдегі үгіт-насихат, ұраншылдық сипатта болғандығын да жасыруға болмас. Өйткені соғыс жағдайындағы өмір шындығын, қанды майдан даласын, ондағы жауынгер психологиясын терең білмеуден туындаған қиындықтар шын шеберлік деңгейінде жырлауға еш мүмкіндік бере бермеді. М.Әуезовтің «Намыс гвардиясы» туралы Б.Момышұлының: «Елгезек солдатты, мойынсұнғыш, өте әділ, айбынды, ер жүрек, қарапайым жауынгерді қайда жібергенсіз? Сіздің Төлегеніңіз ұрыс даласының солдатынан гөрі сахна сайқымазағына айналған» деген пікірі майдан даласын көрмей, білмей жазу секілді елеулі олқылықты дөп басуымен ерекшеленеді [2].

Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы қазақ поэзиясының ірі жетістігі дегенде, Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы айрықша аталатыны заңды. Бұл шығарманы үлкен ақындық дарын қуаттылығының нәтижесі деп бағалаған орынды. Себебі, қолына қару ұстап, соғыс жағдайынан мол хабардар болғанмен, Қасым ақын поэма жазған 1943 жылы Қиыр Шығыстағы армия қатарында болатын. Ол да қанды қырған соғысты «үстіндегі сұр шинелімен ақсандай басып» бастан кешіп жүрген жоқ еді. Бұл поэма арқылы ол майдан даласын, шығармаға өзек болған оқиғаны көзімен көрмей де классикалық туынды жазуға болатынын дәлелдеп берді. Сол себепті де Қасым поэмасы шығармашылық ортада резонанс тудырды да, әдеби сын тарапынан өте жоғары бағаланды. Осы жерде көркемдік деңгейі биік бұл соны туындыны бағалауда сол кездегі сыншылдық ой-пікірдің ұшқырлық таныта білгенін де атап өту керек. Поэманың Ғ.Мүсірепов секілді сөз зергерінің сыншылдық-эстетикалық таным-талғамының деңгейінде табылуының өзі көп жайды аңғартады. Жазушының «Майданнан соққан жаңа леп» мақаласы тек осы шығарма үшін ғана емес, сол жылдардағы ғылыми және теориялық деңгейі төмендеп кеткен әдебиет сыны үшін де үлкен олжа болды.

«Поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында, ақын Қасым жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сөзімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербеп шыққан» деген пікірі арқылы шығарманың идеялық арнадағы поэтикалық және өршіл романтикалық тереңдігін жоғары бағалады [3]. Автор

сонымен қоса Ә.Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңіне тоқтала келіп, «Қасым мен Әбудің осы екі шығармасы майдандағы ақындарымыздың ойлау, тереңдеу үстінде екендіктерін де дәлелдейді..., өйткені бұл өлеңнің екеуі де «байырғы даңғыл» емес. Осы күнгі барлық кеңес поэзиясының жақсы үлгілерімен салыстыруға болатын шығармалар» деген тұжырым жасап, «...қазақ поэзиясындағы жаңа леп, көркемдік дамуымыздағы тың серпін» деп түйіндейді.

Одақ көлемінде қабылданған қаулы-қарарлар Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» (21.01.1947), «ВКП (б) Орталық Комитетінің «Драма театрларының репертуары туралы және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы» Қаулысын орындау барысы туралы» (29.04.1947) атты қаулылары арқылы заңды жалғасын тауып жатты. Мұндай өктем қаулылар республикада ұлтшылдыққа қарсы күрестің өршуіне, «тұрпайы социологизмнің» солақай сынының қайта өріс алуына негіз болды. «С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, С.Бөкейтің, Қ.Аманжоловтың, Қ.Әбдіқадыровтың, А.Тоқмағамбетовтің, Ш.Сыздықовтың, Ә.Тәжібаевтың, Ә.Әбішевтің және басқаларының жекелеген шығармалары идеялық жағынан зиянды, ұлтшыл және саяси тұрғыда қате шығармалар ретінде айыпталды. М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмайыловтың, Т.Нұртазиннің, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Мәметованың еңбектері өткір сынға алынып, оларға феодалдық-рулық құрылысты марапаттайды, өткен кезең ақындарының творчествосына таптық емес көзқараста болды деген айып тағылды» [4]. Кеңестік идеологияның талаптарына сай тағы да саяси зобалаң толқыны басталып, мерзімді басылым беттерінде «ұлтшылдық» пен «саяси қателіктерді» айыптаған, қаралаған сын мақалалар жазылды. Әрине, бұл мәселелер қазіргі әдебиеттануда өз деңгейінде қарастырылмады деп айта алмаймыз. Осы мақала авторларының «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Әдеби сын белестері» (2011) аталатын ғылыми монографиялық зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды. «Бұл тұрғыда 1946–1948 жылдардағы ВКП (б) Орталық Комитетінің идеология саласындағы қаулыларының, 1947 жылғы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателіктер туралы» Қаулысының атқарған зиянды рөлін бүгін ашып айтуға тиіспіз» деген С.Қирабаев пікірі аталған қаулылар зардабын тереңірек байыптауға ой салады [1; 24]. Қазақ әдебиеті тарихынан жазылған оқулықтарды «тұрпайы социологизм» тұрғысынан сынау, саяси-идеологиялық қателіктер қазбалауға арналған көптеген мақалаларының өзегі болды. Әсіресе П.Кузнецовтің «Идеясыздық және жайбарақаттық жағдайында», С.Бәйішевтің «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» атты мақалалары қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармалардан тек қателіктерді, кемшіліктерді әшкерелеу мақсатын ұстанды. П.Кузнецов аталған мақаласында: «Қазақстанның Совет жазушылары одағының партия ұйымының жұмысын, жаңа әдеби шығармалардың жарыққа шығуын, жеке жазушылардың творчестволық жолын Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімі мұқият қадағалап отырмаған. Жазушылар одағындағы көкейкесті, күрделі мәселелерге назар аударылмаған. Әдебиет тіршілігінің өте маңызды мәселелері, әдебиет сыны, театрлардың репертуарлары жөніндегі аса маңызды мәселелер Қазақстанда оңаша жағдайда шешіліп отырған», — деп, әдебиет пен өнер, сын мәселелеріне Қазақстанда саяси тұрғыда жете көңіл бөлінбей отыр деген біржақты баға берді (Социалистік Қазақстан, 1946, 4 қазан). Ә.Тәжібаев, Қ.Шаңғытбаев, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Қ.Жұмалиев, Қ.Аманжолов, С.Мұқановтардың шығармаларындағы кемшіліктерді де П.Кузнецов барынша әшкерелеуді мақсат еткен. Бұлардан бірыңғай саяси қателіктерді қазбалай келіп, оның негізгі себебін: «Идеология майданында қырағылықтың мұқалғандығынан, қазақ әдебиетіне идея, принциптік жағынан большевиктік талап қоюдың ұмытылғандығынан ғана болып отыр», — деп түсіндіреді. Бұл мақала қазақ зиялыларына төнген қауіпті танытып қана қоймай, олардың береке-бірлігіне іріткі салуды діттегенін де көрсетеді. Әсіресе қазақтың басты қаламгерлеріне шүйлігуі де ойлантпай қоймайды. С.Бәйішев өз мақаласында сын нысанына С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Қ.Шаңғытбаев шығармаларын алуымен шектелмей, «Әдебиет және искусство» журналы тарапынан орын алған қателіктерді: «Еліміз алдында тұрған міндеттерге сәйкес, оқушылардың өскен тілегіне сай, қалың еңбекшілер бұқарасын коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне бағытталған материалдарды ғана ұйымдастыру, жазғызу және жариялау орнына, қолға не түссе, соны ешбір талғамай баса берген... Кейбір нашар шығармаларды орынсыз мақтауға салынған», — деп тізбелейді (Социалистік Қазақстан, 1946, 27 қазан). Автор журналда жарияланған Ш.Құсайынов, Қ.Шаңғытбаев, С.Мұқанов, Қ.Аманжолов шығармаларынан іліп алар ештеңе таппай, олардан кемшілік тізіп мәңсіз, мағынасыз туындылар деп табады. «Дәл қазіргідей уақытта идея жағынан ұстамсыз, көркемдік жағынан құнсыз, мәдени дәрежесі төмен шығармаларға орын беріп, идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағына айналу

себебі не? Мұның себебі, ең алдымен, Жазушылар Совет өмірі мен Совет шындығын, олардың даму заңдарын маркстік-лениндік ғылым тұрғысынан әлі жетік білмейді» деген қорытынды жасайды. Сол арқылы әдеби сын марксизм-ленинизмді ту етіп ұстану жолында саяси тереңдікті мейлінше ұштау қажеттігін ескертіп, осы бағыттағы идеологиялық кемшіліктердің «атын атап, түсін түстеп» берді.

Алайда әдеби сын бүткілдей кеңестік идеологияның көркемөнер мен әдебиет туралы керітартпа саясатының шырмауында кетті десек, қателесер едік. 1949 жылғы қарашада болған Қазақстан Жазушылар одағының IV пленумында С.Мұқанов 1947–1948 жылдардағы қазақ әдебиетінің даму барысына шолу жасап, баяндама жасады. Жазушы әр жанрдағы жетістіктер мен кемшіліктерге шолу, тоқталу барысында поэзия, проза, драматургиядағы елеулі шығармаларды талдаған. Баяндаманың өзіндік ерекшелігі — әдеби даму барысының байыпты саралануында, әр ақын, жазушы шығармаларының әдеби-теориялық тұрғыдан талдануында. Қ.Бекхожин, Ж.Саин, Д.Әбілов, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Орманов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, Х.Ерғалиев, А.Тоқмағамбетов, Ж.Сыздықов сынды ақындар поэзиясының тақырыптық, стильдік ерекшеліктері ажырата көрсетіліп, әр ақынның өзіндік даралығы туралы эстетикалық байыптаулар берілген. «Өзге қазақ ақындарынан гөрі Маяковскийге жуықтайтын бізде екі ақын бар, біреуі — Тайыр Жароков, біреуі — Қасым Аманжолов». «Меніңше, Қасым өз заманының бейнесіне үйлес мықты сөз табуға дағдыланып келе жатқан ақын» деген әдеби-теориялық байламдары баяндамашының сынның эстетикалық, ғылыми сипатын ұстанудағы бағытын айқындай түседі.

«Ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген идеологиялық күрес 1940 жылдардың соңында көркемөнердегі космополитизмге қарсы саяси науқанға ұласты. Батыс мәдениеті мен әдебиетіне бас июшілікке қарсы күрес «Космополитизм — империалистік реакцияшыл идеологияның улы қаруы» атты мақала арқылы көрініс берді де, сыншылдық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа бір қасаң қағида шырмауына салды. Қасым ақын шығармашылығынан «әшкереленген ұлтшылдық» енді басқалармен бірге космополитизмді талқандауға бағытталған жаңа науқанның нысанасына айналды. Қ.Аманжоловтың тура осындай кезде баспадан шыққан «Дауыл» (1948) жинағын оқырман қауым өте жақсы қабылдағанымен, әдеби сындағы космополиттік саяси қателікке толы мін іздеген «солақай сыншылардан» аман қалмады. «Дауылдан» соң атағы жалпақ жұртқа дүркіреп кеткен дарынның ұлттық мүддеге тамыр тартатын идеялары саяси билікке ұнамаса, оған әдеби ортадағы көреалмаушылық пен қызғаныш қосылып, ақынды мүлде тұқыртуды жедел қолға алды. Қасым-тағдырының қиян-қыстаудан тұратын азапты кезеңі осылайша басталған еді.

Космополитизмді әшкерелеу 1951 жылы өткен VIII пленумда ҚК (б) П Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметов жасаған баяндамаға басты арқау бола отырып, саяси билік жүйесінде түпкілікті қолдау тапты. Баяндамашы «идеологиялық жұмыста, әсіресе тарих ғылымы, әдебиет және искусство саласында әлі де ірі кемшіліктер, саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалаушылықтар бар. Бұл қателер, әсіресе, Кенесары Қасымовтың қозғалысына баға беруде айқын көрінді» [5; 2], — дей келіп, тарихшы Е.Бекмаханов, әдебиетшілер Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, қаламгерлер М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Бекхожиннің Кенесарыға қатысты еңбектері мен шығармаларын идеологиялық тұрғыда өткір сынға алып, «ұлтшылдық» таңбасын басты. Сонымен қатар Қ.Әбдіқадыров, Қ.Аманжолов, С.Бегалин, Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев шығармаларындағы ұлт тарихына тамыр тартқан идеялық арналардан «кателіктері» теріліп, олардың «кемшіліктерін» көрсете кетуі де назардан тыс қалдырмады. Бұл кеңестік қоғам орнағаннан бастап саясаттың «қол шоқпары» болып кит етсе, жау іздеуге әбден дағдыланып алған, әшкерелегіш жолды қатты ұстанған әдеби сынға жаңа нысана тауып беруге жасалған бағыт-бағдар десе де болады. Коммунистік идеология осы қаулы-қарар негіздеріндегі ұлтшылдықты әшкерелеу жұмыстарына бұрынғыдай әдеби сынды тағы да кеңінен пайдалануға ұмтылды.

Космополитизмге қарсы күрес науқанына барлық ғылым саласы жұмылдырылғандықтан, әдеби сын да одан шет қалмады. Одақ деңгейінде үлкен идеологиялық мән берілген бұл науқанға қазақ әдеби сыны да өз «үлесін» қосуға ұмтылды. Сондықтан да қазақ әдебиеттануы мен сынында Кенесарыға, Наурызбайға қатысты зерттеулер мен көркем туынды жазған ғалымдар, қаламгерлердің бәрі де «ұлтшыл» атанып шыға келді. Мәселен, Е.Ысмайыловтың «Кенесары Қасымовтың қазақ халқын азат ету жолындағы күресі туралы» мақаласы, Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасы, М.Әуезовтің «Хан Кене» драмасы мен «Ақын ағасы» романы, С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесі, Қ.Жұмалиевтің «Батыр Мәлік» мақаласы саяси өлшеммен қаралғандықтан, «қара тізімге» алынып, қауіпті шығармалар сипатында танылды. Әдебиет пен өнердегі «саяси ауа жайылушылықты», космополитизмді барынша әшкерелеуді мақсат еткен Ж.Шаяхметов:

«Қ.Аманжолов «Дауыл» деген өлеңдер жинағында қайдағы бір ежелден келе жатқан, жапа-жалғыз Қазақстанды жырлайды. Ол Қазақстанды «ата-бабаларының жері» деп сүйеді. Ол үшін Қазақстан — «Жер мен көктің бірден-бір жұмағы», ал Ертіс өзені — «бостандықтың бесігі». Ә.Тәжібаев «Жас қазақ» деген өлеңінде елеулі ұлтшылдық қате жібереді. Ақын Бекхожин «Мария Жагорқызы» деген поэмасында халықтар достығы туралы маңызды тақырыптағы тарихи шындықты бұрмалайтын өрескел қателерге жол берді», — деп әдеби сынның ендігі ұстанар бағыты мен мақсатын да «айқындап» берумен қатар, «ұлтшыл» ақындар қатарын жаңа есімдермен толықтыра түсті [5; 6].

1951 жылы 2 шілдеде «Правда» газетінде «Против идеологических извращений в литературе» атты бас мақала жарияланды. Бұл мақаланың жазылуына А.Прокофьевтің «Звезда» журналында В.Сосюраның «Украинаны сүй» өлеңінің аударып жариялауы басты себеп болды. Украина Жазушылар одағының арнаулы шақырылған VI пленумында А.Корнейчук «Правдада» жарық көрген мақаланың маңызын «партияның біздің әдебиет тағдырына, біздің Украина мәдениетіне әкелік қамқорлығының көрінісі», — деп бағалады [6]. Сол арқылы В.Сосюраның аталған өлеңі «ұлтшылдық» тұрғыдағы көрініс деген пікір жер-жерлерде, яғни КСРО-ның өзге республикаларында, қолдау тауып қана қоймай, әр ұлттың әдебиетіндегі ақындар шығармашылығынан «В.Сосюраларды» іздеу науқаны белең алды. «Қазақ баспасөзінің бетінде біреуді біреу қаралаған мақалалар үсті-үстіне жарияланып жатты. Әр түрлі мезгілде қазақ поэзиясының қазынасын молайтқан дала жайындағы жырларды қырағы көздер суық қабақ сүзгісінен қайтадан өткеріп, көрген кінәраттарына жерден жеті қоян тапқандай шаттанды» [7; 69]. Бұл үрдістен Қазақстан да шет қалмай Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин сынды ақындар өлеңдері қатты сынға алынды. «Көркем әдебиетті белгілі штамппен сыннайтын, ол өлшеулеріне сыймағанды басқа көзге төпелейтін тоқпақты сыншылар да көбейіп кетті», — деп жазған Ә.Тәжібаев пікірі сол уақыт шындығына және әдеби сынға тән басты сипат еді [8]. Бұл 1930 жылдар ойранынан соңғы аз уақыт аралығында қазақ поэзиясының көркемдік арнаға бет бұруында елеулі еңбек сіңірген көрнекті өкілдерін жасытып, шығармашылық дағдарысқа ұшыратты. Бұл турасында «Халқым, елім» деген ақындардың бәрі жаппай айыпқа ілінді. Әсіресе Ә.Тәжібаев, Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин қатты сыналған еді. Нағыз патриоттық рухта жазылған осындай және басқа ақындардың бірсыпыра өлеңдеріне танылған кінә қисынсыз-ақ еді. Сондықтан да Қасым сияқты лаулап тұрған талант иелері біраз тоқырауға ұшырап қалды», — деп жазады ғалым М.Дүйсенов [9].

Әдеби сынның ғылыми принциптері мен эстетикалық сипатынан алшақтағаны соншалық, бұл ақындардан «декаденство, мистицизм, буржуазиялық символизмді» табу сияқты өрескел қателіктер орын алды. Ал Қасымның «Қазақстан», «Сарыарқа», «Ертіс» өлеңдері, Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмалары ұлтшылдықты дәріптейтін шығармалар тұрғысынан қарастырылып, сыңаржақ сындарда қате бағаланды. Мәселен, А.Нұрқатовтың: Қасым «Қазақстан» деген өлеңінде халқымыздың жаңарған өмірін, жарқын бейнесін суреттеудің орнына ескілікті дәріптейді. Өз творчествосында да буржуазиялық-солшылдық пен символизмге ұрынып жүрген Ә.Тәжібаев Қ.Аманжоловтың ұлтшылдық сарындағы өлеңдеріне бас иеді» деген пікірі соған дәлел бола алады («Әдебиет және искусство», 1951, 75-б.). Осындай солақай сыншылдық пікірлер ақынның өлең өнеріне деген азаматтық кредосынан бәрібір де тайдыра алған жоқ. Пленумдар мен жиындарда және баспасөз бетіндегі негізсіз сындарға кейістік білдіргенімен кейбіреулер секілді ақындық позициясынан тайып, қазақтың қара өлеңіне сатқындық жасаған емес. Оған жазушы Ж.Бектұровқа «Дариға, сол қыз» өлеңіне жазылған сын туралы айтқан: «Өзің жақсы білесің, өзіміздің С. дейтін ескі досымыз осы өлеңді баспасөз бетінде қатты сынап тастады. «Келмейді-ау өлгім» дегенімді сыншы жолдас республикалық беделді газетте пессимизм деп, торығу, тарығу, жабығу деп, дарашылдық, күйректік, күйгелектік деп сөкті. Сынды жақсы көреміз-ау, тек сын әділ болса екен. Тек сыншылар мен сынаушылардың бір жарғысы өмірді дәл бір киімнің пішуі үлгісінде көреді. Сын есті болса ғой. Мейлі сынап берсін, мін таға берсін, өзім жөн деп білсем, өзгеге пысқырып та қарамаймын. Жаза берем, жаза берем, төпеп жаза берем», — деген пікірі дәлел.

«Әдебиетімізді жат пікірлер мен қателерден біржола арылтайық» деген Т.Жароков Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан», Ә.Тәжібаевтың «Жас қазақ», Қ.Аманжоловтың «Ертіс» өлеңін ұлтшылдық сарын деп тапты. Мұның бәрі әдеби сынға саяси-әлеуметтік жағдайдың, партиялық қаулылардың қаншалықты кереғар ықпал етуін танытса, сонымен қатар сынның әділ де принципті жолынан жаңылып, идеология талабын мүлтіксіз орындау құралына айналғанын көрсетеді. «...Тұрпайы социологиялық сын Қазақстанды көркейтудегі «аға» ұлттың шексіз қамқорлығын, Сталиннің данышпандық қызметін, партияның көрегендік саясатын, жұмысшы табының жетекші

рөлін, тың игерудің теңдессіз мәнін, тағысын-тағыларды ұйқастыра мақтап, марапаттауды күштеп таңды. Мұның сансыз мысалы сол тұстағы кез келген басылымның бетінде жарыса жамырап тұр» деген ғалым А.Шәріптің пікірінен сол дәуірдің келбетін, замана шындығын, «халықтар көсемі» басқарған партияның сынды өзінің қаруы ретінде пайдаланғанын байқауымызға болады [7; 70].

Ендігі кезекте идеология әдеби сынды тұтас ұлттың рухани құндылығын тұқыртушы, оны кемсіту құралына да шебер айналдыра білді. Бұған қосымша «Әдебиеттің жоғары идеялығы үшін күресейік», «Әдебиетіміздің идеялы тазалығы үшін күресейік» деген қағидалар ту етіп көтерілді. Қазақстан Жазушылар одағы партия ұйымының ашық жиналысында, жазушылардың қалалық жиналысында әдебиеттің таптығы, идеологиялық жұмыстардағы «ұлтшылдық», «буржуазиялық» қателіктермен күрес жолдары жаңа қырынан айқындала түсті. Сөз өнерінің эстетикалық сипаты мен алар көркемдік асуларын саралайтын әдеби сын қаламгердің саяси ұстанымдарына сай нені жазу керек, неден бас тарту керек дейтін мәселеге орынсыз киікті. Сол арқылы әдебиет пен сынның беделіне, оқырмандардың эстетикалық талғамына сызат түсірді.

Осыған сай Қ.Аманжолов шығармашылығы ұлтшылдық сарыны бар деп табылған басқа да қаламдастарымен бірге қосақ арасында міндетті түрде аталып отырды. Нақты деректер арқылы көрсетер болсақ, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Ә.Жәмішевтің «Бір ақынның творчествосындағы идеологиялық бұрмалаушылық» (23.11.1951), Ә.Жұмабаевтың «Жалған жасанды шығарма» (20.09.1951), Ә.Қарағұловтың «Құнсыз жинақ, қанағатсыз ақын» (7.10.1951), Қ.Сатыбалдиевтің «Көркем аудармадағы өрескел бұрмалаушылықтарға қарсы» (24.10.1951), М.Сәрсекеевтің «Қ.Бекхожин шығармашылығындағы ұлтшылдық сарын» (22.07.1951), Қ.Тұрғанбаев пен Т.Амандосовтың «Кейбір ақын-жазушылардың артта қалуы туралы» (13.12.1951), «Социалистік Қазақстан» газетінде «Әдебиет сынының большевиктік принциптілігі үшін» (9.12.1951), Ә.Нілдібаевтың «Қ.Жармағанбетов творчествосындағы саяси жат сарын» (14.10.1951), М.Сәрсекеевтің «Тағы да Қ.Бекхожиннің творчествосындағы қателіктер туралы» (12.12.1951), Қ.Тұрғанбаев, М.Сармурзинаның «Қазақ әдебиетінің программасындағы өрескел қателіктер туралы» (27.04.1951), Ә.Хасеновтің «С.Аманжолов еңбектеріндегі ұлтшылдық қателер туралы» (21.12.1951), «Лениншіл жас» газетінде Қ.Сатыбалдиевтің «Қателіктерді бүркемелейтін монография» (1951, № 12), М.Сәрсекеевтің «Тарихи шындық бұрмаланбасын» (1951, № 7), Т.Исмаилов, С.Жұмағалиевтің «Қ.Бекхожин шығармаларындағы буржуазияшыл ұлтшылдық» (1951, № 10), Х.Ерғалиевтің «Ә.Тәжібаев творчествосындағы өрескел қателіктер туралы» (1951, № 1) «Әдебиет және искусство» журналында, С.Сейітовтің «Жаңсақ жолда» (1951, № 6), Н.Жандилдиннің «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап» (1951, № 5) және тағы басқа басылымдардағы бас-аяғы отызға жуық мақалалардың жариялануы көп жайды аңғартады.

Әдеби сын «ұр да жық» тұрпайы социологияның өрістеуінен қателіктерге орын беріп, қаламгер шығармашылығын, әдеби туындыны талдауда сынампаздық, дәйексіздік сияқты қате қағидалар қалыбынан шыға алмады. Сын әдебиеттің идеялық шындалуына, поэтикалық тұрғыдан кемелденуіне, көркемдік деңгейінің өрістеуі мен эстетикалық бағыт-бағдарын бағамдауда шығармашылыққа өрісті ықпал етудегі беделі мен ықпалынан айрыла бастады. Біздің тек қана осы 1951 жылғы жарияланған отызға жуық мақаланың ұзақ-сонар тізімін келтірудегі мақсатымыз сынның басты назар аударған бағыты мен нысанасын байқату ғана емес, Қ.Аманжолов осы солақай сынның соққысына ұшыраған жалғыз ақын емес екенін де таныту еді. Ақиқатын айтар болсақ, осы солақай сынға ұшыраған кейбір қаламгерлерден өзінің «ұлтшыл емес» екенін дәлелдеу мақсатында бұл саяси науқанға қалай араласып кеткенін байқамай да қалғандары бар. Ал ондай далбасалықтан Қ.Аманжолов өзіне туа біткен тура мінезіне сай аулақ болғанын байқауға болады. Ақын Т.Жароковтың әзілмен айтылса да: «Өзім де қумын ғой, Ұлы Октябрьден әрі кезеңге аяқ баспаймын» деген сөзінде сол заманның ащы шындығы жатыр.

Тума талант Қ.Аманжоловтың әдеби сынның осындай күйге ұшырауына қынжыла отырса да түсіністікпен қарауы таң қалдырады. Оны: «Сыншыларда да кінә жоқ, оларда жазық та жоқ. Сынның арнаулы тапсырмамен жазылатындығы да бар. Кейбір өресі тар, білімсіз басшылар кешкі, таңғы, күндізгі желдің бетіне қарай тапсырма бере салады. Бізде әлі сынның өрісі тар. Келелі сын болуы үшін үлкен әдебиет жасалуы керек», — деген пікірі дәлелдейді [10]. Дауылпаз ақынның «сен неткен бақытты едің келер ұрпақ» дейтін өлең жолдары еске еріксіз түседі. Дарындылық түйсік дейміз бе әлде ақындық оптимизмнің асқақ рухы дейміз бе, әйтеуір бүгінгі ұрпақтың көркем әдебиет пен сында еркін қалам тартуын көрегендікпен болжай алғаны шындық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. — Алматы, 1995. — 282-б.
- 2 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. — Алматы, 1991. — 220-б.
- 3 Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. — Алматы, 1970. — 187-б.
- 4 Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы / Социалистік Қазақстан. — 1989. — 9 желт.
- 5 Добренко Е. Борьба с вечностью / Литературная газета. — 1991. — 26 июня.
- 6 Шаяхметов Ж. Республикалық партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жайы мен және оны жақсарту шаралары туралы / Әдебиет және искусство. — 1951. — 1–14-б.
- 7 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. — Алматы, 2000. — 336 б.
- 8 Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. — 4-т. — Алматы, 1981. — 241-б.
- 9 Дүйсенов М. Ақын мұраты. — Алматы, 1967. — 95-б.
- 10 Бектұров Ж. Баяғы Қасым, бір Қасым... / Ана тілі. — 2011. — 8–14 қырк.

Ж.К.Смагулов

Поэзия Касыма Аманжолова и литературно-художественная критика

В статье рассмотрен вклад Касыма Аманжолова в художественную литературу. Автором показано влияние метода «соцреализма» на творчество поэта, а также проанализированы статьи поэта К.Аманжолова в области литературной критики.

Zh.K.Smagulov

Kasym Amanzholov's poetry and literary and art criticism

In article Kasym Amanzholov's contribution to fiction is considered. The author of article shows influence of a method of «socialist realism» on creativity of the poet. And also articles of the poet K.Amanzholov in the field of literary criticism are analyzed.

References

- 1 Kirabayev S. *White straits of our literature*, Almaty, 1995, p. 282.
- 2 Momysuly B. *Book written by blood*, Almaty, 1991, p. 229.
- 3 Musrepov G. *Dolg of the artist*, Almaty, 1970, p. 187.
- 4 *Socialist Kazakhstan*, 1989, December, 9.
- 5 Dobrenko E. *Fight against eternity*, *Literary newspaper*, 1991, on June 26.
- 6 Shayakhmetov Zh. *Literature and art*, 1951, p. 1–14.
- 7 Sharip A. *Kazakhskaya poetry and national idea*, Almaty, 2000, p. 336.
- 8 Tazhibayev A. *Collection of compositions*, 4, Almaty, 1981, p. 241.
- 9 Duysenov M. *Tsel of the poet*, Almaty, 1967, p. 95.
- 10 Bekturov Zh. *Ana mili*, 2011, September, 8–14.

М.М.Иманғазин

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru)*

Аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл

Мақалада аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл мәселесі қарастырылды. Автор әдебиеттанудағы ірі ғалымдардың аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тілге қатысты пікірлеріне өз ойларын қоса отырып, мысал жанрының шығу табиғаты жайлы өз тұжырымдарын ортаға салады. Бұл жанрдың арнайы үш теориялық бағытқа сай дамығанына тоқтала келе, олардың бір-бірімен сабақтаса дамып жатқанын ғылыми дәлелдеді. Зерттеуде аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл болмысы ғылыми тұрғыда зерттелген.

Кілт сөздер: аллегория, туынды, дидактика, сатира, тіл, шығарма, Эзоп тілі, мысал жанры.

Аллегориялық туындылар — көне дәуір кезеңіндегі пайда болған шығармалар. Мысал — әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлемнің іргелі ақын-жазушыларының назарында болған, кейін мол ғылыми еңбектердің шығуына себепкер әдеби туынды.

«Осы жанрды теориялық жағынан түсіндіруге онша көп мән берілмеген. Көне дәуірдің ғалымдарының еңбектерінен «Аристотель, Булан еңбектерінен кездестіре аламыз» деген пікірді Г.В.Москвичева айтса, қазақ ғалымы Т.Шаңбаев «Аристотель заманынан бастау алған, негізінен философтар да көңіл аударған, кейіннен Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров еңбектерінен көрініс тапқан», — дейді [1, 2].

Бұдан шығатын қорытынды мысал жанрына ең алғаш тұжырымды пікір білдірген Аристотель болса, оның айтқаны мынаған келіп саяды. Негізінен, ғалым бұл жанрды арнайы үш теориялық бағытқа апарып тірейді.

Біріншісі — өзге жанрдан өзгешелендіріп тұруы, айтар ойы ғибрат, тәрбие, яғни мораль, болғандықтан, оның философиялық-дидактикалық сарынына қарағанда рационалды бағыт болып шығады.

Екіншісі — негізінен әңгімелеу барысы романтикалық бағыт алуы, типологиялық жағынан мысалдардың шығу тегі ертегілерден бастау алатындығынан.

Үшіншісі — мысал жанрының психологиялық-эстетикалық әсер ету қасиеттеріне қарай, оны психологиялық бағыт деп ой түюге болады.

Осы үш бағыт бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірімен сабақтасып жатқанын аңғару да қиын емес. Мысал жанры жоғарыдағы айтылған жануарлар туралы ертегілермен жақындығы, біріншіден, жас буынға жануар бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді көрсете отырып, тәрбие беру болса, ертегінің де өзіндік атқарар ролі ой жүйесін арттыруға өз үлесін қосуы талассыз. Бұған тағы қосылар ой — грек мысалының басында тұрған Эзопқа байланысты мына жайтты айту орынды. Мысал ертегі сарындас болып, оның ішіндегі кейіпкерлердің аң, құс, жан-жануар, жәндіктердің болуы — Эзоптың шығу тегі — құл, жалшы болуынан да іздестіру керек. Эзоп басы-байлы қожайнына тәуелділігінен, иесіне «беті мен жүзіне қарамастан», оның кемшілік, айыбын бетіне басатын мүмкіндігі мен қауқары болмағандықтан, еріксіз халық арасындағы аса танымал болған жанрдың бірі — ертегіге көңіл қойып, мысал түрінде негізгі кейіпкерлер — аң, құс, жан-жануар, жәндіктерді мысал түрінде алып, өз туындыларын дүниеге әкеледі. Осы әрекеті арқылы, өз қожайнынан кегін алып, айызы қанады. Халық арасында кеңінен тараған мысалдары арқылы кең танымал болған Эзоп кейіннен өз иесінен мәңгілік бостандық алып, өз еркімен өмір сүрген деседі.

Эзоп туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде мынадай дерек келтірілген: «Алпысыншы жылдары орақ тілді Оспанхан Әубәкіров «Лениншіл жас» газетіне қазақ сатирасының жай-күйі туралы мақала жазып, «Эзоптан Ислам Шұғаевқа дейінгі сатириктер» деген тіркес қолданыпты. Сөйтсе, мұны оқыған И.Шұғаев «Эзоп деген кім? Өзі қайда істейді?» деп сұраған көрінеді. Осы сұрақ қазір де көлденеңдеп қоятыны бар [3].

Тарихта екі Эзоп болған. Біріншісі — біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша, ол жас кезінде өзінің усойқы

тілінен тартыпты, оның әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ болып қалыпты. Бұл Эзоп өзі бас терісі келіспеген, кейіп-кеспірден жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі Римнің мысалшысы Федр (б.д.дейінгі I ғ.) мен көне гректің мысалшысы Бабриден (б.д. I–II ғ.) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жетті.

Ал римдік трагик-эртис болған екінші Эзоп Клодий (б.д.дейінгі I ғ.) туралы мәлімет мардымсыз», — дейді де, Эзоптың айтып кеткен мысалдары мен даналық сөздерін, афоризмдерін, қысқа әңгімелерін келтірген. Сол шығармаларда қазақтың әфсаналары мен афоризмдік қысқа қайырымды, дидактика тұрғысында жазылған әңгімелерінің ішінде формасы мен жанрлық жағы ұқсас, тіпті сюжеттік желелері дәл келетін мұралар ара-тұра кездесетінін айта кеткен абзал.

Айталық, шамамен 1320 мен 1436 жж. өмір сүрген Сәйф Сарайидың «Гүлстан би-т-турки» («Гүл бағы») туындысындағы 178 хикаяттан тұратын дидактикалық сарында жазылған шығармасында және шамамен XIII ғасырда өмір сүрген Насретдин Рабғұзидің «Рабғұзи қиссалары» деген еңбегінде мол кезеседі. Мысалы, Эзоптың «Өгей шеше» атты мысалында: «Бірде Ксанф қасына Эзопты ертіп, дастарханға шөп-шалам алуға бақшашыға барыпты.

Ксанф өзіне керек көкөністерін тандап алып, енді ақшасын төлейін деп тұрған кезде бақшашы оған:

— Егер сен маған мынаны түсіндірсең, осы алғандарыңның бәрін тегін берер едім: мен қанша баптасам да жерге еккен жемістерімнен гөрі, арам шөптер басып шығады, неге бұлай? — депті.

Ксанф бұған жауап бере алмай аңтарылып қалады. Сонда Эзоп:

— Егер екінші рет күйеуге шыққан әйелдің үйде өз балалары және күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балалары да болса, өзінен туған балаларына ол — ана, күйеуінің балаларына өгей шеше болады. Сонда ол, сеніңше, кімнің баласын жақсы көріп, көбірек тамақтандыра еді? — дейді.

— Әрине, өз баласын, — деп жауап беріпті бақшашы. Міне, жер де сондай. Өзінен туған өсімдіктерге ол ана да, сенің еккендеріңе өгей шеше емес пе? — депті сонда Эзоп.

Рабғұзи мысалындағы төмендегі хикаят сюжеті дәл Эзоптың шығармасындағы мазмұнды қайталамаса да, адамды ойлантар, тәрбиелік жағы басым, сонымен бірге шешендік өнердің үлгісі афоризм тұрғысындағы жазылған, қысқа болса да нұсқа шығарма екендігін көрсетеді.

«Хазірет Лұқпанға қожасы бидай ек деп бұйырады. Бұл кісі арпа екті. Қожасы айтты: «Мен бидай ек десем, арпа егіпсің». Хазірет Лұқпан айтты: «Олай болса, не үшін жамандық жасап жақсылықтан үміт етесіз?». Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды»

Сәйф Сарайидың «Гүлстан би-т-турки» («Гүл бағы») туындысында: «Бір уәзірдің бір біліксіз ұлы бар еді. Оны алып ғалымның қолына береді: «Баламды тәрбиеле, тәрбие алса, ақылы кірер», — деді. Ғалым біраз тәрбиелеп көрді, оған тәрбие қонбады. Сонда ғалым айтты: «Бұл баланы әкесіне апарып салыңдар. Сәлем айтыңдар: «Балаңды қанша тәрбиелесем де, ақылды болатын емес, оның есесіне мен ақымақ болуға айналдым», — деген екен.

Тағы бір әңгімесінде: «Бір кісінің үйіне ұры кірді. Іздеп, алатын ештеңе таппады. Үйден ренжіп шықты. Үй иесінің бір кілемі бар еді, ол кілемнің үстінде жатқан. Ұрының ренжіп бара жатқанын көріп, бос кетпесін деп кілемін оған берді», — деп келетін қысқа әңгіме Эзопта да жоқ емес.

Мәселен, Эзоптың айтып кеткен деген тағы бір мысалында: «Бір жолы көшеде Эзопқа қала әкімі жолығып қалып, қайда бара жатқанын сұрайды.

— Қайда бара жатқанымды білмеймін! — деп қысық жауап береді Эзоп. Қаланың бастығы ол өзін мазақ қылып тұр деп ойлап, шамданып қалады да, сақшыларды шақыртып, Эзопты түрмеге жабуды бұйырады. Олар қолын қайырып әкете бергенде Эзоп: «Мен саған айттым ғой! Көшеде кетіп бара жатып түрмеге түсетінімді мен қайдан білейін?» — деп ышқына айқайлапты. Эзоптың тапқырлығына таңқалған әкім оны табанда босаттырып жіберген екен.

Рабғұзидің «Қисса-сул әнбиясындағы» тағы бір қиссасында Лұқман хәкім турасында мынадай хикая бар:

«Лұқман хәкімге патшасы: «Жақсы ет ас, жоғары мәртебелі қонақтар келеді» деген екен. Лұқман хәкім қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Біраз уақыт өткен соң, патшасы: «Келетін қонақтар нашарлау, жаман ет ассаң да болады» деген екен. Бұл жолы да Лұқман хәкім, қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Патшасы мұның мәнісін сұрағанда: «Тәтті болмақ та тіл мен жүректен, ащы болмақ та тіл мен жүректен», — деп жауап берген екен.

Рабғұзидің аталмыш киссасындағы хикаяға ұқсас, айтар ой мен идеясына ұқсас Эзоптың «Әрі тәтті, әрі ащы» әңгімесі бар. Оқиға желісі төмендегідей келеді: «Бірде Ксанф Эзопқа үйге достары қонаққа келетінін айтып, ең бір дәмді тағамды дайындап қоюды тапсырады. Қонақтар келгенде дүниедегі ең мықты тағам дайын тұрады, — дейді Эзоп саспай. Сөйтіп ол базардан тіл сатып әкеліп, қонақтарға қуырып береді. Қонақтар соншалық сүйсініп жей қоймайды.

Дүниедегі ең мықтының түрі осы ма? — деп Ксанф көңілі толмай, ашу шақырады.

— Иә, — депті Эзоп, — дүниеде тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз сен дүниеде ештеңе де істей алмайсың: айтарыңды айта алмайсың, ешкімге бұйыра алмайсың, бере алмайсың, ала алмайсың, мемлекет те құра алмайсың, онда тәртіп орнататын заң да шығара аламайсың, бәрі-бәрі, оның ішінде сенің философияң да бар, тілдің арқасында өмір сүреді, Ксанф!

Эзоптың бұл сөзіне қожасы да, оның қонақтары да ештеңе айта алмапты.

Келесі күні Ксанф тағы да достарын қонаққа шақырып, Эзопты сынау үшін:

— Енді бүгін базардан ең дәмсіз тағам сатып әкел, — деп бұйырыпты. Эзоп тағы да тіл әкеліп, пісіріп беріпті.

— Кеше сен дүниедегі ең дәмді тамақ — тіл демеп пе едің, бүгін енді оны неге ең дәмсізге санап отырсың? — деп мысқылдапты Ксанф.

— Өте дұрыс айтасың, қожайын, — деп жауап беріпті сонда Эзоп бүлк етпестен, дүниеде тілден жаман не бар? Ерегесті де, төбелесті де бастайтын сол, алдау, арбау, қызғаныш, өсекті себетін, айтыс, тартыс, соғысқа апарып, жұртты қыратын да осы тіл емес пе? Міне қазір, Ксанф, сенің өзің де тілдің көмегімен мені сөгіп тұрған жоқпысың?..» — деп жауап береді.

Қазақ әдебиетінде мысал жанрына анықтама беруде ұлы тұлға Ахмет Байтұрсыновтан бастаған жөн. Бұған қарағанда, бұрында қазақ әдебиетінде мысал жанры болмады деу деген пікір қалаптаспаса керек.

Б.д.д. V ғасырда фригиялық ұсқынсыз құл Эзоп құрастырып жазып кеткен деген мысал жанры грек халқының арасында аса белгілі әдеби мұралардың бірі. Қазіргі әлем әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына Эзоптың енгізген еңбегі айтарлықтай. Ежелгі деректерде ауыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін қалаған да осы Эзоп болса, осы автордың қолынан шыққан болар дейтін жорамал бойынша, жазып кеткен мысалдарының өзі 426 тарта. Сол мұралардың ішіндегі қазақ әдебиетіндегі ең белгілері «Қасқыр мен Қозы», «Қарға мен Түлкі», «Бақа мен Өгіз», «Шегіртке мен Құмырысқа», «Қасқыр мен Тырна» т.б. шығармалар. Бұлардың ішіндегі кейбір шығармаларды қазақтың белді ақын-жазушылары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мәжит Дәулетбаев, Спандияр Көбеев қазақ тіліне тәржімалады.

Кейінірек мысал жанрының қалыптасуына кейбір сөз зергерлері жіті көңіл бөліп, оны басқа да әдеби формалары мен жазылу әдістерін өмірге әкелді. Мәселен, б.д. д. I ғасырда өмір сүрген римдік ақындар Федр және б.д.д. II ғасырда өмір сүрген Бабрий әлем әдебиетіндегі мысал жанрына өзіндік қолтаңбаларын қалдырды. Осы кәусар бұлақтан шығармаларына шұрайлы сюжеттер мен эпизод жолдарын тапқан, өз тұсында мысал жазған, замандастары ішінде әлем әдебиетіне есімдері белгілі, жаңа тұрғыдағы мысалшылар — Франциядан Лафонтен, Германиядан Лессинг, Ресейден И.Хемницер, А.Измайлов, И.Крылов, А.Пушкин және т.б. шықты [4].

Антика дәуірінде өмір сүрген авторлардың ішінде мысал жанрының кейбір үлгілерін Гесиодтың «Еңбек пен күндер» шығармасында, сонымен бірге паростық, VII ғасырдың басында өмір сүрген Архилохтың да еңбегінде кездестіреміз. Архилохтың мысалының ішінде, бізге үзінділерімен ғана жеткен «Қыран мен Түлкі» жөніндегі мысалды Эзоптың құрастырған мысалдарында да ұшырасамыз. Ежелгі гректердің халықтың поэтикалық шығармашылығында (барлық басқа да алғашқы дәуірдің поэзиялық үлгілеріндегідей) синкретизм жақын, яғни сөз өнері әуенмен, бимен және т.б. ойындық, ритмикалық дене қозғалыстарымен біте қайнасып тұрады. Мәселен, жұмысшы, егінші, жүзім жинаушы немесе басқа да еңбек етіп жүрген адамның әр қозғалыс тактысы әуенмен, әндермен сәйкес келуі керек. Мұндай әндердің кейбір үлгілері Аристофанның «Бейбітшілік» комедиясында, Плутархтың б.д.д. VII ғасырда айтылып жүрген лесбостық жұмысшы әндерінің бірнеше жолдары сақталып қалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Москвичева Г.В. Русский классицизм. — М., 1986. — С. 172.
- 2 Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі. — Алматы, 1994. — 16–19-б.
- 3 Есдаулетов Ұ. Эзоп туралы әңгімелер // Қазақ әдебиеті. — 2004. — № 22 (2860). — 4 маус.
- 4 Ежелгі дәуір әдебиеті // Құраст. А.Қыраубаева. — Алматы, 1991. — 185-б.

М.М.Имангазинов

Дидактика и острый язык аллегорических произведений

В статье рассмотрены проблемы дидактики и языка в аллегорических произведениях. Автором статьи высказано мнение о происхождении жанра басни в литературоведении. Проанализированы теоретические основы развития данного жанра.

M.M.Imangazinov

Didactics and sharp tongue in allegorical works

In article didactics and language problems in allegorical works are considered. The author of article argues on an origin of a genre of the fable in literary criticism. Analyzes theoretical bases of development of this genre.

References

- 1 Moskvicheva G.V. *Russky klassizm*, Moscow, 1986, p. 172.
- 2 Shanbayev T. *Yazyk and style of a genre fable*, Almaty, 1994, p. 16–19.
- 3 Esdauletov U. *Kazakh literature*, 2004, June, 4, 22 (2860).
- 4 Literature ancient times // Comp. A.Kyraubayeva, Almaty, 1991, p. 185.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Алаштың Мұхамеджан Тынышбайұлы және оның шығыстанушы, тарихшы ретіндегі зерттеулері

135 жылдығына орай

Мақалада қазақ халқының біртуар ұлының, тарих, мәдениет және қазақтар тұрмысының, қазақ рулары шежіресінің білгір алыбының сан қырлы өмірі мен қызметі суреттелген. Мұхамеджан Тынышбайұлының публицистикалық, ғылыми және өлкетанушылық зерттеулерін талдауға және бағалауға басты назар аударылған. Оның шығармаларында «қазақ халқы» ұғымын құрған қазақ рулары мен тайпаларының шежірелік түп тамырлары толығырақ бейнеленген. Тарихи зерттеулердің оны жасаған адамның қайғылы тарихын қайталағаны туралы қорытынды тұжырымдалған: «халық жауы» ретінде атылғаннан кейін ол еңбектерге тыйым салынды, кітапханалар мен сақтау қоймаларынан алынып тасталды. Сондықтан қазақ зиялыларының көрнекті өкілінің алпыс жылдан астам уақыт өткеннен кейін жарық көрген еңбектері толығырақ зерттелген.

Кілт сөздер: Алаш қозғалысы, темір жол қатынасы, атақонысы, өмірбаяны, саясат, Түркісіб құрылысы, ғылыми еңбектері, ұлтжанды азамат, ұлттық мүдде.

Kipicne

Өкінішке орай, Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі қалың оқырман қауымға жете таныс емес. Оның Қазақстанның экономикалық жағынан қаз тұруына қосқан елеулі үлесі, қазақ халқының тарихын зерттеген іргелі еңбектері ұзақ жылдар бойы ауызға алынбай келуінің белгілі себептері бар...

Мұхамеджан Тынышбаев — II Мемлекеттік думаның депутаты, Қоқан автономиясының басшысы. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат. Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол қатынастарының инженері.

1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысының Ешкіөлмес тауының маңайында (қазіргі Алматы облысының Қабанбай ауданы) дүниеге келген [1].

Мұхамеджанның әкесі — Тынышбай кісілікті, ел жұртына беделді отағасы екен. Көне көз қарттардың айтуынша, патша үкіметі зорлықпен шұрайлы жерлерді казак-орыстарға таратып, алып бере бастағанда, намысқа шыдамай, соның соңынан дау айтып, өз бастықтарының есігін тоздырып, қуылғандардың алдыңғы легінде Тынышбай да жүрген. Азамат соғысы жылдарында қарт Тынышбай қызылдар қолынан қаза тапқан [2;27].

Мұхамеджанның анасы — Шаһижадабану (Шәкен) келбетті, ақжарқын жан болған. Тынышбай мен Шаһижадабанудан екі ұл, үш қыз туған. Олар: Ахмеджан (Айналда), Мұхамеджан, Салмақты, Қадидша, Қампаш. Болашақ кемеңгердің балалық шағы атақонысы — Ешкіөлмес жайлауы — суық, қыстауы — Сартарын, Басқан өңірлерінің шөбі шүйгін, суы шәрбат, әсем табиғат аясында өтеді. Кішкентайынан қағылез, алғыр боп өсіп келе жатқан бес жасар Мұхамеджанға бірде Лепсідегі медреседе дәріс беретін Хамитмағзұм молданың ықыласы түсіп алғаш рет тілін сындырады. Қабілетті бала, сөйтіп, жылға жетпей арабша хат танып шығады. Осылайша зерек Мұхамеджанның еңбекқорлығы дүйім жұртқа жайылып, алты-жеті жасқа дейін-ақ ауылдың барша ұсақ жандығына көз болып, үлкендердің қолын ұзартып, алғысын алып жүреді.

Бір жолы сарттарға өрістегі ауылының «қызыл қоқысын» санасып жүрген ат үстіндегі Мұхамеджан қасқабас аталған ояз бастығының назарын аудартады. Сол күннен бастап ояз бастығы кішкентай досына іштартып қолынан келген қамқорлығын аямайды. Ол он жасқа толғанда Алматыда «бұратаналардың» балалары үшін генерал-губернатор Г.А.Колпаковский аштырған гимназияның дайындық бөліміне алынуына тікелей ықпал етеді. Лепсіден 500 шақырым Алматыға Тынышбай ұлын қос ат жеккен арбамен екі апта дегенде әрең жеткізеді.

Осы жолы олар Барлыбек Сырттанұлының Қапалдағы үйінде болады. Петербург университетінің шығыстану факультетін алғаш бітірген төрт жігіттің бірі — Барлыбек шешен сөйлеп, мауқын басып,

ішіндегі дертті шерін тарқатқандай көсіледі. «Ең әуелі, — дейді ол, — білімге ұмтылу керек. Сауатсыз, надан ел түптің түбінде барлық асыл қасиетінен айырылады. Ұлттың қадір-қасиеті мен белгісінен ажыраған елдің халықтық мінез-құлқы, қалыбы да өзгереді. Білімді жұрттар күшті де, мәдениетті келеді. Біздің оларға теңесуімізге, төрт құбыламыз бүтін, дербес патшалық құруымызға қолымызды жеткізетін жол біреу-ақ, ол — білімде». Бұл әңгімелердің сырын терең ұғынған сезімтал Мұхамеджанның санасына өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Дәл осы жүздесуден соң Барлыбекті үлкен жолға салған ұстазы санап, кейінірек шын көңілінен есіне алады.

Өйткені ол Мұхамеджанды оқуға аттандырып тұрып: «Жолың болсын, балақай! Қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының көбеюі өте қажет. «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады». Қараңғы қазақтың күні қараң, осыны зердеңе сақтап жүр», — деп өсиетін айтыпты.

Енді екі ғасыр шекарасында саяси-қоғамдық дамудың ең күрделі жылдарында өмір сүрген, халқының ұлттық мүдделері жолында, азаттық қозғалысы жолында күрес жүргізген асыл тұлғаларымыздың бірінің өмірбаянына қысқаша тоқталып өтелік.

Мұхамеджан Тынышбайұлының өмірбаянына қатысты маңызды мәліметтер

Мұхамеджан 1889–1900 жылдары Верный қаласындағы ерлер гимназиясында оқиды. Алғашқы күннен сабағын жақсы оқып, орыс тілін жетік меңгеруге күш салады. Осындай ынта-ықыласына табиғи қабілеттілігі қосылып, ол аз уақыт ішінде гимназия оқытушыларының назарын өзіне аударады. Гимназияны үздік бітіргенде педагогикалық кеңестің шешімімен ол ғылымда, әсіресе математикада үздік жетістікке жеткені үшін Алтын медальмен марапатталады. Гимназияның Алтын медалі мен педагогикалық кеңестің жоғары бағалаған мінездемесі жиырма жасар Мұхамеджанның Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне тілмаш болып орналасуына жол ашады. Бірақ оқуға ынталы жас жоғары білім алуға ұмтылып, император Александр I атындағы Петербург теміржол транспорты институтына түсуге тілек білдіреді. Бұл жолы да оның жолы болып, өзінің мұғалімі, гимназия директоры М.В.Вахрушевтің көмегімен қазынадан 360 сом жылдық стипендия алып, Петербургке аттанады. Бұл институтты да үздік бағамен бітіреді [3; 95–96].

Институтты тәмамдағаннан кейін, 1906 жылдан бастап М.Тынышбайұлы Орта Азия темір жол құрылысында инженер болып қызмет атқарады. 1907 жылы екінші Думаға Жетісу облысынан депутаттыққа сайланып, басқа да далалық өкілдермен бірге патша үкіметінің отаршылдық-аграрлық саясатына қарсы күрес шараларын ұйымдастырады. Дума таратылған соң Орта Азия темір жол құрылысына айырықша уәкілетті нұсқаушы-инженер болып тағайындалып, Әмудария өзені арқылы өтетін көпірді салуға қатысады. 1911 жылы Урсатьевск-Әндіжан темір жол құрылысының бастығы әрі бас инженері болады. 1914 жылы елге оралып, Жетісу темір жол учаскесінің Арыс-Әулиеата құрылысының бастығы әрі бас инженері қызметіне кіріседі. Осы кезде оқуға бара жатқан бозбала Тұрар Рысқұловпен кездесіп, оған ақшалай көмек береді [4].

М.Тынышбаев 1917 жылы Ақпан төңкерісінен өзге қазақ зиялылары сияқты үлкен үміт күткен еді. Сондықтан да бұл кезде бел шеше қызмет етіп, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде тез танылады. Сол жылы көктемде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, сонымен қатар осы үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады.

Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерімен бірге М.Тынышбаев та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласып, 1917 жылғы желтоқсан айында жариялаған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш» автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженің жобасын қабылдауға қатысады.

Осының алдында ол бүкіл түркістандық IV Мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қоқан») автономиясының Премьер-министрі болып сайланады.

1917 жылдың соңында құрылған, құрамында М.Тынышбаев бар Алашорда үкіметі 1918–1920 жылдардағы азамат соғысы кезінде, екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, ең алдымен, елдің амандығын сақтауға бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. М.Тынышбаев Алашорда үкіметінің басшыларымен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жатқан көптеген әр түрлі үкіметтермен (Уақытша Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сияқты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады. Мақсаты — Алашорда, қазақ елдігінің тағдыр-талайы еді.

Бірақ күн тәртібінде алғашқы кезекке ұлттық мәселе емес, таптық мүдделер қойылған шақта, Алашорда үкіметі көздеген мақсатқа жете алмады. Сондықтан оларға күннен күнге күш алып келе жатқан Кеңестік билікке берілуден басқа жол қалмады [2; 29–30].

Мұхамеджан 1920 жылдан бастап Ташкент қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық етті. Содан кейін әр түрлі деңгейдегі шаруашылық қызметтерде болды. 1922 жылы Түркістан АКСР-і Су шаруашылығы басқармасында, 1924 жылы Ташкентте Жер суландыру бөлімінде, 1925 жылы Қызылорда қаласына шақырылды. Жаңа астана Қызылорда қаласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда қаланы сумен қамтамасыз ету жолын көрсетті және көптеген жаңа объектілер салу туралы ұсыныстар жасады. 1926 жылы Жетісу губерниясы атқару комитетінің Жол бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инженер-маман ретінде таныта білді.

1927 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір темір жолын салуға қатысады. Осы құрылыстың жобалаушысы, негізгі маманы болады. Тынышбаевтың кәсіби шеберлігі осы Түркісіб құрылысын салу барысында айрықша танылады.

Бірақ, өкінішке орай, осы алып құрылыс туралы жазылған зерттеулер мен әдебиет туындыларында бұл жолдың суығына тонып, ыстығына күйген, құрылыстың басынан соңына дейін тер төгіп, еңбек сіңірген, аты аңызға айналған инженер туралы ол жылдары бірауыз жылы лебіз айтылмай келді. Еңбегі еш, тұзы сор болды.

Тіпті, отызыншы жылдардың басында Алаш арысы Кеңес үкіметінің қуғын-сүргініне ұшырады. Ақыры, НКВД-ның темір құрсауынан босанып кете алмай, қапас түрмелердің бірінде сталинизмнің көп құрбандығының бірі болып, 1938 жылы дүниеден мезгілсіз өтті.

Тегінде Тынышбайұлының тағдыры — Қазақстанның революцияға дейінгі зиялы қауым өкілдеріне ортақ тағдыр. Кезінде олардың көпшілігі ойдан шығарылған қайдағы бір астыртын орталықтың мүшелері ретінде айыпталды. Тек 1959 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Сотының, 1970 жылы КСРО Прокуратурасының және Түркістан Әскери алқасы Әскери прокурорының шешімімен Тынышбаевқа жабылған жалған айып алынып тасталды. Әйтсе де, соңғы уақытқа дейін оның ғылыми еңбектері халық игілігіне айнала қойған жоқ. Асылы, Мұхамеджанның қазақ тарихы мен этнографиясы жөніндегі еңбектері — мәдени мұрамыздың елеулі бөлігі. Демек, оларды халыққа һәм тарихқа қайтару — ғалым-инженердің өміріне екінші тыныс беру.

Мұхамеджанның студент кезінде қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуы

М.Тынышбаев студент кезінде түрлі тарихи жағдайлардың куәсі болады. Сондықтан ол патша үкіметінің боданындағы туған халқының тағдыр тауқыметін өткір тілмен айтып, баспасөз беттерінде жиі-жиі мақалалар жазады. Патша үкіметінің үні саналатын Санкт-Петербургтегі «Ведомости» газетінің 1905 жылғы № 75-ші санында жарияланған «Қазақ даласындағы көшпелі ел тұрмысының мұқтаждығы туралы» деген мақаласында Мұхамеджан Тынышбайұлы Ресейдің орталық аудандарынан сахараның шұрайлы, нулы-сулы жерлеріне жаппай қоныс аударушы орыс мұжықтарының жергілікті көшпелі халықтың шаруашылығына нұқсан келтіріп, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін күрт төмендетіп жібергендігін, санақшы-ғалым Щербина экспедициясының зерттеу мәліметтеріндегі қате тұжырымдармен келісуге мүлдем болмайтындығын сынай отырып, өз пікірін тәптіштеп дәлелдейді. Көшпелі халықты күшпен отырықшыландырып, «мәдениетке үйретудің» нәтижесі зиянды зардаптарға әкеліп соғатынын және ондай қисынсыз тәжірибенің тарихта аз қайталанбайтындығына көңіл аударады. Дер кезінде Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударушылардың тасқынын тоқтатпайынша отарлау жүйесінің толқыны көшпелілерді жуып-шайып, таяу жылдардың әлетінде башқұрт халқына туған күннің бейбітшіл, меймандос қазақ елінің басына да төнері сөзсіздігін тілге тиек етеді ол [5; 20].

Мұхамеджан институттың соңғы курсында жүргенде 1905 жылғы Төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономистерінің съезіне қатысып, онда «Қазақтар және азаттық қозғалысы» деген тақырыпта баяндама жасайды, өз халқының мұңын жеткізіп, Министрлер комитеті атына өтініш жолдайды. Онда қазақтарды басқарудың басты принциптерінің қазақтардың мүддесімен сай келмейтіндігін ғылыми тұрғыдан негіздеуге күш салады және басқарудың әскери жүйесінен азаматтық жүйеге көшуді талап етеді: «... Орыс өкіметінің көзіне қазақтар адам болып көрінбейді, өмір сүруге хұқысы жоқ әлдебір зиянды мақұлық боп елестейді, сондықтан олар бізге қатыгездіктің, айуандықтың сан түрін істеп бағуда. Халық қорқып-үркіп әбден запыс болған, құлақ естімеген жантүршігерлік зорлық-зомбылық пен езгінің астында азап шегуде.

Генерал-губернаторлар өз хұқықтарын артығымен пайдаланады және еш жазықсыз таңдаулы адамдар Сібір итжеккеніне айдалуда. Орын алған бір маскара факті — адам кейпіндегі хайуан генерал Сухотиннің бұйрығы бойынша екі кінәсіз қазақтың айдалуы, тіпті Плевенің де ашу-ызасын тудырды. Оның өлімі ана екі бейбақтың туған елге қайтып оралуына кедергі келтірді.

Қала абақтылары қашанда әкімдердің бұйрығымен отырғызылған, еш жазығы жоқ қазақтарға лық толып тұрады; бастықпен кездескенде бөркін алмаған бейбақ абақтыдан қашса да құтылмайды...

Әкімшілік нұсқаулар мен заңдар арқылы қазақ бастықтың рұқсатынсыз тырп ете алмайтын күйге түсірілген. Қазақтардың ең қарапайым адамдық құқылары тәрк етілген, халықтың өмірі мен ар-ұжданына түгелдей әкімшілік қожа. Мешіттер мен медреселердің жабылуы, діни кітаптарға тыйым салынып кәмпескеленуі, қазақ тілінде інжіл таратылуы, оны қабылдамағандар Сібірге айдалады деп қорқыту, қазақ балаларын миссионерлік мектептерде шоқындыру, арызды қазақ тілінде беруге тыйым салу, шоқындыруға көнбеген қазақ әйелін ұрып соққыға жығу, жеке адамды және оның арнамысын аяққа басып қорлаудың басқа да толып жатқан дәрежі түрлері — осының бәрі, мырзалар, XIX ғасырда және XX жүз жылдықтың басында, адам да, құдай да ұмытқан алыстағы мешеу аймақта деп бүгінгі күнге дейін орын алып отыр. Мұны ұлы Ресей державасының надан діни және бишігеш үкіметі басқаларға қарсы жариялаған крест жорығы демеске шара жоқ.

Орыс бодандығын қабылдағаннан бері қазақтардың бір де бір жарқын, қуанышты күні, бір де бір бақытты минөті болған емес!

Үкімет тарапынан болып отырған қысым мен қуғын-сүргін қазақтардың саяси құқықтары мен дін бостандығын ғана мойындамаумен шектеліп қоймай, экономикалық өмір саласында одан асқан кеселдер келтіруде.

Өзінің климат және топырақ жағдайлары бойынша қазақ даласы мал шаруашылығына неғұрлым икемді, бірақ олар мүмкін болған жерлерде егіншілікпен ежелден айналысып келеді.

Мысалы, Орал облысында астық өсіру табысты болғаны сонша, жылына жан басына шамамен 15 пұттан айналған. Ақтөбе мен Қостанай уездерінде — 13 пұттан. Семейде — 6 пұт қана, Жетісуда — 4,5 пұтқа жуық. Статистика топырақ жағдайына байланысты егіншілік нашар дамыған жерлерде мал көп, ал астықты өңірлерде керісінше екендігін растайды.

Жиырма жыл бұрын жергілікті әкімгер генералдар, Як. Полферовтің бейнелеп айтқанындай, «атойлап ұран шақырды» және қазақ даласын баса-көктеп қоныстану туралы баяндамалар бірінен соң бірі түсе бастады. Губернаторлардың сұрауы бойынша переселендерге ғажайып бай өлкеге әйтеуір ағылып келуі үшін толып жатқан жеңілдіктер берілді; ұзамай-ақ дала жолдарында қоныстануға қолайлы жер іздеген сансыз көп қарашекпендер керуендері шұбырды... Үкімет жаңа учаскелерді барған сайын көптен тартып ала берді, түземдік халық іс жүзінде жайылым мен егіншілікке жарамды жерлерінен айрылды. Қарашекпендер қайтып кетіп жатты, алқаптар босап қалды, бірақ жерді кесіп алу жалғаса берді. Қазақтардың тынысы тарылды: жер үшін дау-жанжал, талас-төбелес және кісі өлтіру басталды. Қазақтарды мал шаруашылығынан егіншілікке көшпейді деп айыптады; бірақ олардың қарауына қалдырылған қу тандыр дала мен құмдарда адам түгіл аң да тұрмас еді. Енді жайылымдық шұрайлы жерлер қатты қысқарды, қазақтар малды қонайту үшін көшіп-қонып жүретін әдетін ұмытуға мәжбүр болды. Қыста ығын паналап мал тебіндейтін жерлер тартылып алынған. Қысқа шөп қорын дайындайтын шабындығы және жоқ. Даладағы қарлы боран, көктайғақ, жұт... малдың өлім-жетімі жиіледі. Егіншілікпен шұғылданатын жер қалмаған. Қазір қазақ халқының неліктен түгел кедейленіп жатқаны және бақытсыздығы өзінен бір кем емес башқұрт көршілерінің жаппай ашаршылыққа ұшырап қырылу тарихын қайталауға жақын арада мәжбүр болатындығы осыдан-ақ түсінікті.

Бүкіл қазақ халқын жаппай құқықсыз дала пролетариатының күйіне душар еткізген үкімет саясатының жалпы және қысқаша сиқы міне осындай» [6].

Жас саясатшының өз баяндамасында патша әкімшілігінің қол астына қараған шет аймақтардағы халықтарға жасап отырған озбырлық, адам төзгісіз сасық саясатын батыл әшкерелеуі атақты «Қарқаралы петициясы» талабымен үндесіп жатуы — халық деген қазақ азаматтарының әр жерде жүріп, бір мақсатқа қызмет еткенін айқын көрсетеді.

Жалпы, М.Тынышбаев 1905–1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық саяси өміріне белсене араласқан. Ол осы жылдары баспасөз беттерінде отарлық билікті сынайтын мақалаларымен көріне бастаған. Сонымен бірге М.Тынышбаев патшалық билікке қарсы оппозициядағы Ресейдің түрлі саяси партияларының қатарында (кадеттер, эсерлер партиялары), түрікшілдік және

мұсылмандық қозғалыстарға қатысқан. Осыдан барып М.Тынышбайұлының нағыз ұлтжанды азамат болғанын аңғару қиын емес.

Мұхамеджан Тынышбаев — 1916 жыл оқиғасын терең және тура түсінген қазақ оқығандарының бірі

М.Тынышбайұлы бірінші жиһангерлік соғыс өрті тұтанған дүрбелең жылдары қолына қалам алып, «Соғысушы патшалар әскері», «Сүнгүйр қайық», «Темір жол хәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина», т.б. көсемсөз мақалаларын жазып, соғысқа араласқан ірі-ірі мемлекеттердің қару-жарағын, әскер санын, соғыс өнерінің жаңа сатыға көтерілген сапалық мүмкіндіктерін, қорғаныс қабілетінің деңгейін «Қазақ» үнқағазында бедерлеп отырады. Осы уақытта ол ел бастайтын көсемінен, сөз бастайтын шешенінен, ту ұстап, тұлпар мінген батырынан айырылған, жауынгерлік өр рухы жасып, азаматтық сана-сезімі кеміген қиын шақта қамсыз, жайбарақат жатқан жұртына, қорғансыз қалың халқына айнала қоршаған аждаһа, аузын арандай ашқан арыстандарға жемтік болып, жұтылып кетпеу жағын көп болып ойлап, толғанудың, түйсінудің мезгілі жеткендігін мезеген сияқты көрінеді. Міне, осындай қилы кезеңде қазақты желіктіріп, құтыртып отырғандардың бірі деген сенімсіздікпен Мұхамеджанның үстінен Верный окружной соты прокурорының бұйыруымен іс қозғалады. Осыған байланысты ол сотқа жазған жауабының түсініктемесін жоғары мәртебелі Түркістан генерал-губернаторына жолдап, көшірмесін тергеушіге береді. Бұл құжатта Мұхаң орыс үкіметі тарапынан жергілікті халыққа жасап келген жүгенсіздігі мен бассыздық іс-әрекеттерінің 1916 жыл оқиғасының шығуына әкеліп соққан қысқаша тарихын өзі куә болған айғақтар мен дәйектемелер арқылы дәлелдеп, баян етеді [5; 20, 21].

М.Тынышбаев 1916 жылғы 25 маусым Жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісудағы қанды қырғынды, халықтың Қытай асуын) күні бұрын-ақ болжап, көтерілісті болдырмауға тырысты. Кейін осы көтерілістің зардабын жою ісіне белсене атсалысты.

Ол 1916 жылғы көтерілістің ең басты себебі — жер мәселесі болып табылатындығын, оны туындатқан отарлық биліктің әділетсіз саясаты екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, босқындыққа ұшыраған халық жайында тарихқа өте құнды деректер жазып қалдырды [2; 28, 29].

М.Тынышбайұлы 1917 жылы Уақытша үкіметтің Жетісу облысы бойынша комиссары қызметінде жүргенде босқынға ұшыраған қырғыз бен қазақтың жоғын жоқтаушылардың бірі болды. «Қазақ» газеті 1917 жылғы тамыздың 11-індегі нөмірінде оның Петроградқа үкімет орындарынан босқындарға ақшалай жәрдем сұрай барып 5 миллион сом алып қайтқанын жазды.

М.Тынышбайұлы мен «Қазақ» газетінің әрекеттері белгілі дәрежеде Құлжа қаласында Садық Ювашев бастаған 38 адамнан тұрған «Босқын қырғыздарға жәрдем комитетінің» құрылуына себепші болады. Комитет Ресей мұсылмандарына қайырылып, түскен жәрдем арнайы дәптерге тіркеліп, оның жұмсалуды туралы комитет басшылары «Қазақ» және «Уақыт» газеттері арқылы есеп беріп тұруға міндетті болды [7].

Ел басына күн туған алмағайып заманда бас сауғалап, шекара асып, Қытайға босқан қазақ-қырғыздардың саны туралы да мәліметті Тынышбаев қалдырғанын айта кету лазым: «Қазақтың» 237-ші нөмірінде Қытайға босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетіліп еді» [8; 5].

Мұхамеджан «Қазақ» үнқағазының (газетінің) 1917 жылғы 6 желтоқсанындағы № 254 санында («Босқын қырғыз-қазақ жайы» атты мақаласында): «44 болыс елде 47 мың 759 түтін бар, сонан қашқаны 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95200 жан», — дегенді жазады [8; 5].

Бұл цифрлар небір қыл көпірлерден әуірімдеп өткен қазақ халқының демографиялық өсу деңгейінің тарихын зерттеуге бүгінгі таңда ауадай қажет-ақ құнды деректер.

М.Тынышбаевтың ғылыми еңбектерінің ұлттық мүдде тұрғысында жазылуымен сипатталуы

Мұхамеджан 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында ашылған Қазақ халық ағарту институтына қызметке орналасып, осы оқу орнының аяғынан тік тұрып кетуіне көп еңбек сіңірді. Ол институт үшін ел арасынан қаржылай көмек жинауды ұйымдастырды және осы оқу орнында білім алу үшін Сырдария мен Жетісу облыстарынан қазақ жастарын жинады. Институтқа шақырылған Тынышбайұлы математика, физика, химия, түркі халықтары тарихи пәндерінен дәріс оқыды. Сонымен бірге ғылыми жұмыспен де белсене айналысты. Ол орыс география қоғамының Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының «Талап» ұйымының мүшесі болды [9; 614].

Бір жолы Мұхамеджанның қолына А.П.Чулошниковтың қазақ халқы тарихына қатысты еңбегі түседі. Көкірегі көмбе, білімпаз жан осы кітаптағы ұлтының намысына тиетін пікірлерге қарсы сын жазып, академик В.В.Бартольдке жібереді. Ғұлама ғалым Тынышбайұлына қатты риза болып, қазақ халқының тарихын жазуға кеңес береді, ең болмаса болашақ зерттеушілер үшін тарихи деректер мен материалдарды жазып қалдыруға ақыл қосады [5; 21–22].

Қазаққа азаттық әпермек болған, бірақ онысынан түк шықпайтынына көзі жеткен Мұхамеджан өмірінің соңғы жылдарында бар күш-жігерін халықтың тарихи санасын қалыптастыруға жұмсайды. Халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дерек көздері бай, ғылыми тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер жазады. Оның тарихты терең түсіне білгендігі, зерттеушілігі, қазақ халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды түпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады. Бұл пікірге атақты ғалымның еңбектеріндегі «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қырғыз-қазақтың шығу тегі», «Қазақ» этнонимі туралы», «Алтын Орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Ақтабан шұбырынды» секілді, тағы басқа тақырыптағы еңбектері дәлел бола алады. Қазақ тарихының көне дәуірі, орта ғасырлар кезеңі, жаңа заманы ретінде жеке қарастыратын күрделі мәселелерді кеңінен қамтуға талпынысы М.Тынышбаевтың өзіндік қалыптасқан тарихи көзқарасы бар екендігін аңғартады. Оның еңбектері ұлттық мүдде тұрғысында жазылуымен ерекшеленеді. Ол қандай да бір халықтың тарихын жазу үшін сол ұлттың тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік меңгеру керек деген принципті берік ұстанды және бұл принципті өзге зерттеушілердің ұстануын талап етті [9; 614].

М.Тынышбайұлы жаңа ғылыми деректерге сүйене отырып, қазақ халқының тамыры тереңде жатқанын дәлелдеді. Сондықтан да орыс ғалымы В.Осадчий: «Мұхамеджан өзінің демократиялық идеяларын іске асырып, өз халқын бақытты еткісі келді. Оған бұл жолда ғылым, ақыл, сенім күш беріп тұрды. Ол шынайы әділдікке, жамандықты жақсылық жеңген таңның ататынына кәміл сенген еді», — деп жазды «Великий творец добра и света» деген кітабында.

Тарихшы-ғалымның белгілі еңбектері кезінде жеке кітап болып, кейде жоғарыдағы қоғамның жинақтарында басылып шығып тұрған. Қашанда болсын жаңа істің жанынан табылып, жауапты жұмыстарды басқару оның пешенесіне жазылған тағдыры іспеттес қызық жайлар сияқты.

*Ұлт зиялысының қазақ ру-тайпаларының
тарихын зерттеуге үлес қосуы*

Талай ғасырдың аумалы-төкпелі оқиғаларын басынан кешірген қазақ халқының тарихын зерттеу үшін алдымен қазақ рулары мен тайпаларының тарихын білу керек. Ал отар елдің тарихын отарлаушы халық жазады демекші, кешегі кеңестік дәуірде тарихымызды басқа елдің тарихшылары, шенеуніктері жазған болатын. Ал халқымыздың өз ішінен шыққан зиялы азаматтарымыз тарих, мәдениет және т.б. тақырыптарға еңбектер жазып, зерттеулер жүргізгендігі үшін қудаланды. Ата-бабасының тарихын, шежіресін жастайынан үйренген зиялы азаматтарымыз еңбектерінің өте құнды екендігі мәлім.

Қазақ тарихына, мәдениетіне, оның ішінде шежіреге қатысты еңбектер жазған зиялылар — Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұстафа Шоқай. Сөз жоқ, қазақ зерттеушілерінің арасынан ру-тайпалардың тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқандардың бірі — Мұхамеджан Тынышбаев. Ол — қазақ тарихының, соның ішінде этникалық мәселелерді зерделеген бірнеше зерттеудің авторы. Өзі кәсіпқой тарихшы болмаса да туған елінің өткеніне, шығу тегіне, ру-тайпалық құрылымына үлкен мән беріп, жиған-тергендерін хатқа түсіріп, ой-тұжырымдарын жазып кеткен.

Совет кезеңінде жарық көріп, шежіре мәселесін арнайы қозғаған ғылыми зерттеулердің ішінде Мұхамеджан Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» (Материалы к истории киргиз-казахского народа) деген 1925 жылы Ташкентте басылған еңбегі айрықша сүбелі [10]. Автор орысша жазылған бұл еңбегінде қазақ шежіресі, қазақтардың қайдан шыққаны және Қазақ хандығының құрылуы, қазақтардың 1917 жылға дейінгі саны туралы майын тамызға әңгімелеген ғылыми қисындылықтарымен, арғы-бергі тарихты терең зерделеуімен тәнті етеді.

Тарихшы-ғалым өз ізденістерін жүргізуде орыс зерттеушілерінің, соның ішінде В.В.Вельяминов-Зерновтың, А.И.Левшиннің, Н.А.Аристовтың еңбектеріне сүйенді. Осы зерттеушілердің шығармаларындағы ой-тұжырымдарға сын көзбен қарап, кемшіліктері мен олқылықтарын ашып көрсеткен. Ғылыми талдаудың негізінде салмақты да салиқалы пікір танытқан: «Қазақ халқының тарихы жөнінде мейлінше көп жазылды. Алайда тек Вельяминов-Зернов пен Левшиннің зерттеулерін

ғана тыңғылықты дүние деп есептеуге болады. Қалған авторлар әдетте солардағы мағлұматтарды пайдаланады да жаңадан ештеңе қоса қоймайды. Бұлардың арасында қазақ және басқа да түрік халықтарының тайпалық құрамы туралы жан-жақты және қызғылықты зерттеулері бар Аристовтың жөні бөлек. Авторлар әдетте сан қилы түп деректерден тек «қазақ» деген сөзді ғана іздеп және бұл негізгі тайпа, әр кезеңде соған әр түрлі түркі-монғол тайпалары қосылып отырған деп санады. Алайда қазіргі қазақ руларының арасынан қайсысы бұрынғы қазақтардың ұрпағы болып табылады деген мәселеге ешкім бас қатырған да емес. Аристов қазақтардың қазіргі тайпалық құрамын талдағанда жекелеген рулардың өткендігі өмірі туралы тек жол-жөнекей ғана еске алады. Жалпы, қазақтың әрбір руының шежіресін алдын ала зерттеп алмай және олардың қай уақытта басқа қай ру-тайпалармен қарым-қатынас жасағанын анықтамай тұрып, қазақ халқының тарихи тағдырының тұтас бейнесін көз алдына келтіру мүмкін емес. Сондықтан біз жекелеген рулардың шежіресін хронологиялық тәртіппен қысқаша мазмұндауды мақсат еттік» [11].

Жетісулық ғалым зерттеуінде қазақты құраған рулар мен тайпалардың тарихына жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысының шежіре-кестесін, ұрандарын анықтап жазады. Еңбектен мынадай жолдарды оқимыз: «Қазақтардың үш жүзден құрылғаны мәлім: Ұлы, Орта және Кіші жүздер.

Ұлы жүзді құрайтындар: а) Үйсін (тармақтары — Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін), оған қосылғандар: Шапырашты, Ошақты, Ысты және Сіргелі; ә) Жалайыр; б) Қаңлы, оған Шанышқылы қосылған.

Орта жүзді құрайтындар: а) Арғын; ә) Найман; б) Қыпшақ; в) Қоңырат; г) Уақ; д) Керей.

Кіші жүзді құрайтындар: Алшын, ол үш топтан тұрады: а) Байұлы (адай, беріш, алтын, жаппас, есентемір, таз, байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт, шеркеш және ысық); ә) Әлімұлы (әлім, шөмекей, немесе шөмен, және кете); б) Жетіру (табын, тама, жағалбайлы, телеу, кердері, керейт және рамадан) [11; 9].

Автор жүздердің шығуы ерте кездермен, дәлірек айтсақ, Алтын Орда кезеңіне сәйкес келетіндігі туралы пікір білдіреді. Осыған орай өз ойын былайша түйіндейді: «... Наймандардың Шайбақтар қарамағына өтуі 1320–1330 жылдары шамасы болуы ықтимал, яғни Хайду хан өлген соң бірнеше жыл өткеннен кейін. Шамасы, бұл Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының өзара қырқысы кезінде болған сияқты. Жошы ұлысының (Алтын Орда) Батыс бөлігін Батудың ұрпақтары, Шығыс бөлігін Семей облысы мен Балқаш көлімен, Қаратауға дейінгі аралықты (Ақ Орда) Орда-Еженнің ұрпақтары, ал орта бөлігін, Арал немесе Көк теңізден солтүстікке дейінгі аралықты (Көк Орда) Шайбақтың ұрпақтары биледі десек, онда наймандар шамасы қазіргі Атбасар, Ырғыз үйездерін мекендеп, Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген хорезмдік ұйғырлармен көрші тұрса керек» [12; 5–6].

Әрбір жүздің ру-тайпалық баянында Мұхамеджанның өзінің тайпасы Наймандар туралы біршама жазылған. Ғалымның Наймандар жөнінде берген мәліметтері тайпаның тарихын терең зерттеуге мұрындық болады. Тарихи деректерге негізделіп баяндалған Наймандар жайлы жазбасында автор оларды монғол текті тайпалардың қатарына жатқызады: «VIII ғасырдағы қытай деректерінде Наймандар Байкал көлінің оңтүстігін мекендеген тайпа ретінде аталады. Олар 850 жылдары бір жағы Орхон өзенінің жоғары сағасынан Тарым алабына дейін және екінші жағы Қара Ертіске дейінгі жерді алып жатты. Наймандар орналасқан географиялық жағдайдың өзі олардың үнемі монғолдармен бірге тұрғандығын байқатады. Олардың батысын мекендеген арғындардың өзін ғалымдар монғолдарға жатқызса, онда Наймандарды монғол тайпасына жатқызу көңілге қонымдырақ саналады» [12; 5].

М.Тынышбаев орта ғасырларда Наймандардың ұлыстардың қоғамдық өмірінде айтарлықтай орын алғандығын Әбілғазының, Мұхамед Салихтың, т.б. еңбектеріне сүйене отырып, дәлелдейді. Өз ойын автор: «Аттай 100 жыл бойы (1500-ден 1600-ге дейін, тіпті 1625 жылға дейін) Марыдан Балқашқа дейінгі Сырдың төменгі ағысында және одан да арғы елдің өмірінде наймандар ірі саяси рөл атқарады. Шамасы, олар басқа да ру-тайпалардан сан жағынан көптігіне арқа сүйесе керек» [12; 6], — деп қорытындылаған. Наймандардың қоғамдық өмірдегі белсенділіктері мен елеулі рөлін олардың санының өзгелерден басым тұруымен түсіндірген.

Қазақ хандығының құрамына енгеннен кейінгі наймандардың көші-қон аймағын ғалым: «1680 жылдары Наймандар бір жағы Қаратаудан, Әулиеата тауынан Ташкентке дейінгі, екінші жағы Арыс өзенінің Сырдарияға құйғанына дейінгі жерді алып жатты. Біраз бөлігі Сырдарияның сол жағалауын мекен етті» [6, 7], — деп көрсеткен. Наймандардың орналасқан аумағын айқындауда тарихшылар М.Тынышбаевтың осы пайымдауын басшылыққа алады.

Мұхамеджан XVIII–XIX ғасырлардағы Наймандардың ата қоныстарын көрсете отырып, олардың Семей, Жетісу өңіріне көшіп кеткендеріне назар аударады. «1758–1760 жылдары Наймандар Қарқаралы үйезіндегі Тоқырауын өзенінен бастап, Алтай мен Жоңғар Алатауына дейінгі аумақты алып жатты; соңғы жылжу 1810 жылы шамасына сәйкес келіп, осы кезде Наймандар Қарқаралы үйезі мен Шыңғыстауды тастап, оңтүстік-шығысқа жылжыды» [12; 7], — деп жазғаны айтқан ойымызды бекіте түседі.

М.Тынышбаев Қазақ хандығының құрылған уақытын 1456 жыл деп санайды. Осындай тұжырымға келуде ғалым Мұхамед Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» сүйенеді. Тарихшы хандықтың күшейген кезін 1465 жыл деп есептейді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Мұхамеджанның жазғанын келтірейік: «... Өзбек ханы Әбілқайыр өлген соң (1465 жыл шамасы) Жәнібек өз Арғындарымен Еділдің төменгі сағасына кетіп, сонда тұрақты ордасы Астраханды салған десек, біз қателеспейміз» [13].

Кейбір тарихшылар осы көрсетілген уақытты Қазақ хандығының күшейген емес, құрылған жылы деп қабылдайды. Өкінішке орай, Қазақ хандығының құрылу уақыты тарихнамада даулы мәселе болып табылады. Өйткені зерттеушілер Қазақ мемлекеттігінің құрылған уақытына келгенде әр түрлі көзқарас танытады. Осыған орай, Қазақ хандығының құрылу мерзімі туралы ғылымда ортақ тұжырым әлі қалыптаспаған [14].

М.Тынышбайұлының қазақ халқының тарихына арнаған белгілі еңбегінде келтірілген жаңаша пікірлерді қазіргі тарихнамадағы зерттеулер дәлелдеп жатыр. Әрине, кез келген ғылыми еңбектегі сияқты оның үстірт пікірлері де жоқ емес, оны ғылыми сүзгіден өткізу қазіргі тарихшылар алдында тұрған міндеттердің бірі. Тарихи білімі болмағанымен, оның жоғары білімді адам ретінде жалпы ғылыми әдістерді терең меңгергенін көруге болады. Тарих ғылымында қолданылатын жүйелік талдау, салыстырмалық, тарихилық болжам жасау, оны тексеру сияқты ғылыми әдістер қолданылған. Автордың сол кезде жасаған тұжырымдарына қазіргі зерттеушілердің көбі сілтеме жасайды.

М.Тынышбаевтың әмбебап ғалым ретінде тарих, археология, этнография мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналасуы

М.Тынышбайұлы әмбебап ғалым ретінде сан-салалы өлкетанушылық еңбектер жазған. Ол қазақ шежіресін зерттеумен қатар, қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресінің тарихына арналған «Ақтабан шұбырынды» атты шығармасын, «Көксу үйіндісі және Баласағын қаласы», «Сырдария және Жетісу губерниясындағы қалалардың, бекініс, қорғандардың іздері», Ежелгі Иланбалық (Іле Балық) қаласының орны туралы» деп аталған өлкетанушылық мазмұндағы еңбектерін жазып, жариялаған.

Айта кетерлік жайт, М.Тынышбаевтың тарихшы ретінде білгірлігі оның «Отзыв о труде А.П.Чулошников по истории казак-киргизского народа» [15] атты еңбегінен айқын көрінеді. Ол мұнда аталған тарихшының қазақ халқын құраған «қоңырат», «жалайыр», «найман», «керей» руларының тағдырындағы Шыңғысхан рөлі туралы көзқарастарындағы қателіктерді орынды байқаған. Мысалы, мұнда М.Тынышбаев деректер негізінде қоңырат руының Шыңғысханға шеше жағынан туыстығын, ал Шыңғысханды керей тайпасынан шықты деген А.П.Чулошников көзқарасының тарихи деректер тұрғысынан негізсіздігін, сондай-ақ аталған тарихшының Шыңғыстың наймандармен одақ жасағаны туралы көзқарасының да қателігін атап көрсеткен.

Ғұлама ғалым «Ақтабан шұбырынды (қазақтардың азапты босулары мен айбынды жеңістері)» атты еңбегінде [16] үш жүздің «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары бас қосқандығын айта келіп, ынтымақтастықтың арқасында Аңырақай шайқасында қазақтардың жеңіске жеткендігін баса көрсетеді: «Ә.Диваев келтірген екінші аңыз бойынша, қалмақ қырылған жеңістен соң соғыс тағы да 3–4 жылға созылады. Бұл екінші ұрыста да қалмақтар орасан жеңіліске ұшырап, сол ұрыс болған жер (қалмақты аңыратқан соң) «Аңырақай» аталып кетеді. «Ақсақалдардың айтуынша, — дейді Диваев, — «Аңырақай» Арал теңізінің солтүстігіндегі таудың Алакөл жағында жатқан «Итішпес» көлінің жанындағы жер».

Аңырақай жеңісі туралы аңыз Пішпек, Алматы уезінің қазақтары арасында да сақталған. Бірақ, бұл аңыз бойынша, «Аңырақай» Диваев көрсеткен жақта емес. Балқаштың оңтүстікке сұғынған айдынынан оңтүстік-шығысқа қарай 12 шақырым жердегі «Итішпес» Алакөлдің қасында. Енді осы Алакөл шығанағының оңтүстігінде «Әбілқайыр», «Сұңғайты» таулары, «Ақсүйексай», атақты «Хантау» созылып жатыр. Осы тауларда «Үлкенордақонған» және «Кішіордақонған» шатқалдары бар (екі орданың хандарының шатырлары тұрған жер).

Бізде бұл кезеңді камтитын бұлардан басқа аңыздар жоқ. Бірақ бізге ендігі жерде шатқалдардың географиялық аттары көмекке келеді. Көшпелілердің, әсіресе қазақтар мен қырғыздардың, шатқалдарға, сонда өткен үлкен оқиғаларға байланысты ат беріп отыратын ерекше қасиеті бар.

Осы ретте, біріншіден, Шымкенттен батысқа қарай 30 шақырым, «Бадам» станциясынан 5 шақырым жердегі Ордабасы атты кішкене таудың маңызы зор.

Екіншіден, Боралдай және Қошқарата өзендерінің бас жағындағы (Әулиеата және Шымкент уездерінің шекарасында) Арқарлы тауда «Үлкенордақонған», «Кішіордақонған» деген екі шатқал бар. Яғни, бұл аттар екінші рет бір өңірден қатар (бір-бірінен 5–4 шақырымда) кездеседі.

Үшіншіден, Әулиеатаның шығысындағы, Ақыртөбе және Подгорный станцияларының қарсы алдында «Сұңғайты», «Әбілқайыр» деген екі сай бар.

Шабуылға шыққан үш топтың кездесуі, біздіңше, Ордабасы тауында өтті. Алатау мен Қаратау қоршаған, Арыс пен Бадам өзендері өтетін түйетайлы жазық таулы-тасты, кезектескен кішкене жоталары бірте-бірте ойлы-қырлы далаға айналады. Аса биік болмаса да Ордабасы тауынан сол маңайдың бәрі алақанға салғандай көрініп тұрады. Арыстанды әйтпесе Шаян (90–100 шақырым) ойпаттарынан көтерілгенде көзге бірден осы Ордабасы шоқысы шалынады. Енді бұған Ордабасының қасынан Бадам өзені ағып өтетінін, сол жерлердің қалың шөбін, көгалдай кілемін, Ордабасының артындағы (батысы мен оңтүстікке қарай) көп сайларға қазақтардың қалың қолы жасырылуы мүмкіндігін қоссақ — бұл жерде қазақтардың негізгі күші жиылған бас қосыны болғаны өзінен-өзі түсінікті. Осы жерде қазақтардың өзара ант берісіп, бас қолбасы етіп Әбілқайыр ханды сайлағанына, халық дәстүрі бойынша іс оңға басу үшін құрбандыққа ақбозаттың шалынғанына біз тіпті сенімдіміз (Левшин кітабы, 11, 71-б.).

Келесі тарихи жер — Боралдай мен Қошқарата өзендерінің жоғарғы ағысында, бір-бірінен 3–4 шақырым жерде тұрған. Үш жүздің бас ханының және Кіші жүз ханының қосындарының орындары, Үш жүздің Бас ханы болып Тәуке ханның ұлы Болат хан есептелсе, «Үлкенордақонған» — соның қосыны тұрған жер. Кіші хан Әбілқайыр болатын, ол барлық қазақ әскеріне қолбасшылық етті. «Кішіордақонған» — соның қосыны тұрған жер. Әрине, бейбіт жылдары кең жер мен дербестікті сүйетін хандардың қосымдары бұлайша бір-біріне жақын қонбайтынын да ескерту қажет. Оларды былай қойып, өріс кең жағдайда байлардың өздері бір-бірінен алыс отыруды ұнататын әдеті.

Қазақ әскерлерінің одан әрі шығысқа қозғалуының ізін Подгорное поселкесі қарсысындағы «Әбілқайыр сайы» атты мекен атынан көреміз. Жергілікті ботбайлар (дулат руына жататын) ертеректе осы жерге Әбілқайыр атты бір хан аялдағанын айтады.

Әдетте қазақтар «Әбілқайыр» есіміне міндетті түрде «Сұңғайты» деген жер атын қосақтайды. Осы екі ат Подгорное поселкесі жанында және Балқаш көлінің оңтүстігінде бірдей кездеседі. Бірақ «Сұңғайты» сөзінің қандай мағынасы бар, оны халық аңызын жадында сақтап жеткізуші ақсақалдардың бірде-біреуі түсіндіріп бере алмады.

Ақырында Балқаштың оңтүстігіндегі жерлердің де географиялық аттарымен, халық жадында сақталуымен қазақтардың ұлы жеңісті жорығына қатыстылығы соншалық, бұл жерде де бір уақытта Бас хан Болат пен Кіші хан Әбілқайыр қосындары аялдағанына күмән қалмайды.

Аталған тарихи оқиғаның барысын осылайша анықтай отырып, ұлы «Аңырақай» жеңісінен кейін калмақтардың Іле өзенінен құлдай шығысқа қарай қашқанын айтуға болады» [16].

Қорыта келе айтарымыз, М.Тынышбаевтың қазақ тарихына қатысты еңбектерінің ғылыми құндылығы қазірге дейін еш мәнін жойған жоқ. Кәсіби тарихшы болмағанына қарамастан, оның зерттеулеріндегі ғылыми білім деңгейі қазіргі кездегі көптеген зерттеулерден анағұрлым жоғары. Өйткені тарихи еңбектің қандай формада (әңгіме, баяндау, трактат, академиялық монография) жазылуы маңызды емес, ондағы ғылыми жаңалық деңгейі және оны дәлелдеу аппараттарының болуы ғана шарт. Сондықтан кезінде еңбектері баспасөзде көп жарияланған В.В.Бартольд, Г.Е.Грумм-Гржимайло, А.Н.Самойлович және басқа да белгілі шығыстанушылар Мұхамеджан Тынышбайұлының зерттеулеріне жиі-жиі жүгініп отырған.

М.Тынышбайұлының Голощекинмен кездесуі

1925 жылы Қазақстанға саяси жетекші болып Ф.И.Голощекин келді. Ол келген бетте өзіне қарсы шыққан, айдауына жүрмеген қызметкерлерді шетке шығара бастады. Голощекинмен істесе алмаған С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Н.Нұрмаков, Ә.Әлібеков және басқалары Қазақстаннан кетіп қалды. Орталық атком төрағасы жұмысшыдан жоғарылатылған Жалау Мыңбаев бір беткей қайсар адам болатын, Голощекин айдауында жүрмеген соң оны да қуды. Оның орнына Шымкент маңында

болыстық партия комитетінің хатшысы болып жүрген момын шаруа Елтай Ерназаровты әкеліп қойды [17].

Голощекин келе сала өзінше жаңа теория ашып, Қазан төңкерісі Қазақстанға соқпай бір бүйір өтіп кеткен, Қазақстан еңбекші бұқарасы оның жемісін татпаған, сондықтан мұнда революцияны қайталап «Кіші Қазан» науқанын өткізу керек деп, 1927 жылы егістік, шабындық жерлерді қайта бөлу, 1928 жылы «жартылай феодал байлардың» мал-мүлкін кәмпескелеу науқанын жүргізді. Осы науқандардың ізін ала 1929 жылы «құлақтарды топ ретінде жою негізінде елді жаппай колхоздастыру» науқаны басталып кетті. Егер де «Кіші Қазан» төңкерісін қалай жасауға болатынын Қазақстан мысалымен дәлелдесе, Голощекиннің абыройы артып, мерейі тасыйтын еді. Сондықтан да ол осы ойын сынақтан өткізу үшін өзінің басты қарсыластарының бірі — Мұхамеджан Тынышбаевпен оңаша сөйлескісі келді.

Сонау зұлмат жылдары халқымыздың біртуар азаматы М.Тынышбаевтың Голощекинге қарсы қалай күрескені жайлы жазушы Бек Тоғысбаев көркем шығарма жазып, көзі тірісінде «Парасат» журналының редакциясына әкеліп тапсырған екен. Осы орайда белгілі жазушының төмендегі әңгімесіне тоқтала кетсек, артық болмас: «Алаш» партиясының негізін салушылардың бірі, жоғары білімді темір жол инженері, бұрынғы Мемлекеттік дума депутаты, Уақытша Үкіметтің Түркістандағы төтенше өкілі, жас жағынан да өзімен тұрғылас адамды асықпай тыңдағысы келген. Онымен дайындықсыз, жеңіл-желпі сөйлесуге болмайтынын да сезетін. Соңғы жылдары осы Қызылорданы астанаға айналдыру үшін негізгі құрылыстарды басқарып жүргенін білетіндіктен, онымен ресми сөйлесуге толық хақысы бар екенін де ұмытпаған.

Мұхамеджан Тынышбаев Филипп Голощекинді сыртынан жақсы білетін. Николай патшаны қанша жек көрсе де, Голощекин бастаған қызылдардың оны күллі семьясымен қырып тастағанын жауыздық деп есептейтін. Оған қоса капиталистерді, помещик-кулақтарды, интеллигенцияны қудалап-қорлауда сұмдық қатыгездік көрсеткен Филипп Исаевич Қазақстанда да ешкімді жарылқамайды деп есептейтін. Дегенмен алдын бір көріп, сөз төркінін аңғарғысы келген.

Мұхамеджан салдырған, дария жағасындағы тоғай ішінде айналасы ағашпен қоршалған, іші-сыртына күзет қойылған жеке үйде жалғыз тұратын Голощекин оған пар ат жеккен пәуеске жіберген екен, тамақ әзірленгенше екеуі Сыр жағасында батар күннің қызылына, толқып аққан дария суына қарап ойланып тұрды да, әңгімені алыстан орағытты. Голощекин жасы өзімен қарайлас болса да, Тынышбаевқа «сіз» деп сөйледі.

— Мен сіздің Верный гимназиясын алтын медальмен бітіріп, генерал-губернатордың арқасында Петербургтағы темір жол қатынасы институтын бітіргеніңізді, Мемлекеттік думаға депутат болып сайланғаныңызды, Россиядағы, Орта Азиядағы темір жолдарды салуға қатынасқаныңызды, қазіргі уақытта астана құрылысын басқарып жүргеніңізді жақсы білемін. Бұрынғы Ақмешіт-Перовскийді өзгертіп Қызылорда деп атапсыздар, атына заты сай ма?

— Күні кешегі астанамыз Орынбор ұлан-байтақ қазақ өлкесінен шалғайда жатыр. Сыр бойы — қалың қазақтың іші және ең бастысы, Москва мен Ташкент ортасындағы темір жол торабындағы қала. Бұрынғы Ақмешіттің орны әзірше астана болуға жарайды деп есептеймін.

— Ашығын айтқанда, бұл жер маған ұнамайды. Күні ыстық, жері шаң, айнала — құм, тозаң. Оның үстіне солтүстік, шығыс, орталық Қазақстаннан алыс жатыр.

— Басқа өлкелерге әзірше қолайлы қатынас жолы жоқ. Егер Жетісу темір жолы салынып, Түркістан мен Сібір өлкесі жалғасса, астананы басқа қалаға көшіру қиын болмас.

— Бәрібаев пен Жандосов бұрынғы Верный, қазіргі Алматыны, атай береді.

— Алматы — Верныйдан бұрынғы тарихи атау. Ол ежелгі Үйсін хандарының, Моғолстан мемлекеті астанасының орнында тұр.

— Айтпақшы, сіз тарихшысыз ғой. Мен кейбір еңбектеріңізбен таныспын. Қазақтардың арғы тегі монғол екені рас па?

— Қазіргі қазақ халқының құрамында аздаған монғол элементтері бар. Бірақ тұтастай алғанда қазақ — түркі тектес Ғұн, Сақ деген ежелгі империялардың мұрагері. Тіліміз, тұрмысымыз, салт-дәстүрлеріміз солардан қалған. Қазіргі өзбек, татар, башқұрт, эзербайжан, түрікмен, қырғыз, Қырымдағы, Кавказдағы біраз халықтардың шығу тегі бір.

— Осман түріктері де сіздермен туыса ма? — деп, Голощекин біле тұра әдейі сұрады.

– Арғы түбіміз бір. Бәріміз — Ұлы Түрік қағанатынан тараймыз. Шыңғыс хан империясы құрылмай тұрғанда, қазіргі Түркиядағылар батысқа қарай осы біз жағасында тұрған Сырдария мен Өмудария арасынан қоныс аударған.

– Византияның, Арменияның жерін жаулап алған деңіз... Түркістан өлкесінің тарихымен ептеп таныспын.

Әлі де тереңірек біле түссем деймін. Керекті кітаптар жөнінде көмектесер деп сенемін, — деп Голощекин сыпайы сөйледі. — Ал енді... төтелей сұрақ қойсам айып етпессіз... Сіз совет өкіметіне неге қарсысыз? Еңбекші халықтың қамын ойлаған өкіметке қалайша ішіңіз бұрмайды?

– Мен халық қамын ойлайтын өкіметке қарсы емеспін. Совет өкіметінің бостандық, теңдік деген сөздері ұнайды.

Еңбекші халықты оқыту, білім беру бағытын жоғары бағалаймын. Қалалар тұрғызу, автомобиль, темір жолдар салу, электр, телефон-телеграф жүйелерін дамыту жоспарын дұрыс көремін. Маған тек кейбір саяси науқандар ұнамайды.

– Мысалы?

– Байларды, капиталистерді жоямын дейсіздер. Совет өкіметіне қарсы қолдарына қару алып күрескендер жойылды, ал енді бейбіт еңбекке жұмылып жүргендерге тиісудің керегі не? Елдің экономикасын дамытатын солар емес пе?

– Мұныңызға келіспеймін, — деді Голощекин даусын қатқылдау шығарып. — Мұныңыз тап тартысы туралы Лениннің теориясына қайшы...

– «Тап тартысы» деген ойдан шығарылған, өмірде жоқ теория.

– Неге жоқ дейсіз? Бай-капиталистердің өз мақсаты, пролетариат пен кедейлердің өз мақсаттары бар. Яғни күрес содан туады.

– Мемлекет, билік бар жағдайда қайшылыққа, күреске жол бермеуге болады. Ол үшін экономиканы дамытып, халықтың тұрмысын жақсарту керек.

– Жарайды, бұл жөнінде пікіріміз үйлеспей-ақ қойсын... Жүріңіз, тамақ даяр болған тәрізді.

Голощекин негізгі ойын кейінге шегеріп, дәм үстінде халықтың салт-тұрмысы, әдет-ғұрпы жайында сұрастырып отырды. Сібірдегі азғантай ұлттардың салт-дәстүрінен хабардар екен, соны қазақтармен қалай байланыстыруға болатынын да білгісі келген. Тынышбаевтың бұл төңіректе де білімдарлығына, бәрін біріне-бірін байланыстыра, терең талдайтынына таң қалған. Ол тіпті дүние жүзі халықтарының құралуы, қалыптасуы жайында төгіле баяндады. Халық пен ұлттың бір ғасырда, тіпті бірер жүз жылдарда қалыптаспайтынын, оған әр түрлі саяси, тарихи, әскери-соғыс оқиғалары әсер ететіні жайында ғылыми дәлелдер, мысалдар келтірді. Бұл жөнінде жеке қайраткерлердің, мысалы Цезарьдың, Аттианың, Шыңғыс ханның, Әмір Темірдің, Ұлы Моғолдардың, Наполеонның, ұлы Петр мен Екатерина Екіншінің, Лениннің тарихта қандай рольдер атқарғаны жайында айтқаны құлағына жағып отыр. Кіші Октябрь төңкерісін жасаса, Қазақстан тарихында, жалпы көшпенділер өмірін өзгертуге өзінің қандай роль атқарып, атын алтын әріппен жазылатыны жайында да қиялдап қояды.

– Қазақ мыңдаған жылдар бойы бір шеті отырықшы, бір бөлігі көшпенді болып өмір сүруге мәжбүр болған, — деді Тынышбаев. — Мысалы, осы Сырдарияның, Шу, Іле, Талас, Қаратал, Лепсі, Ертіс, Жайық өзендерінің жағаларында үлкенді-кішілі қалалар салынған. Бірақ солардың бәрін жан-жақтан анталаған жаулар жойып отырған. Қазіргі қазақ жерін, Орталық Азияны ертеден-ақ қытайлар әлденеше рет шауып, қиратып кеткен. Тек араб, парсылардың ғана қарсы жорығы бетін қайтарған. Біздің даламыз қайта бас көтеріп келе жатқанда қалаларымызды қалмақ-ойраттар ойрандап кетті.

– Шыңғыс хан ше? — деп сөзін бөлді Голощекин.

– Шыңғыс ханның мақсаты — түркі халықтарын билеп, оны қанап отырған парсы-тәжіктерді талқандап қуу болған. Мұхаммед-шах сауда-саттық жасайық деп жіберген елшілерін түгел өлтіріп, керуендерін тонаған. Бәріне Хорезм шахы кінәлі...

– Татар-монғолдар дүние жүзінің талай елдерін жаулап алды емес пе?

Біріншіден, Шыңғыс ханның әскерінде монғолдар өте аз болған. Оның әскері негізінен кейін қазақ, өзбек халқын құраған ірі тайпалар, ұйғырлар, татарлар, қырғыздар, түркі тілді Сібір халықтарынан құралған. Шыңғыс ханның өз руы Тайшыұт, ол Қияттан тарайды. Бұлардың бәрі түрік тілді Күн империясының — қытайлар Хун, Еуропа Гүн деп атаған ұлы мемлекеттің, одан кейінгі Ұлы Түрік қағанатының мұрагерлері еді. Күн империясы шығыста Хинган тауынан, батыста Дунайға

дейінгі ұшы-қиырсыз аймақты алып жатқан. Шыңғыс хан және оның мұрагерлері сол империяны қалпына келтірді.

– Ал Россия, Қытай, Вьетнам, Корея, Персия сияқты елдерді де бағындырғаны қалай?

– Ол елдердің ешқайсына Шыңғыс хан барған емес. Ол соғыстарды жан-жақтағы елдерді тыныштандырып, алым-салық алу үшін оның ұрпақтары жүргізді. Ал Алтын орда Еділ жағасына орнап, Россияны екі жүз жылдан астам уақыт сыртқы жаулардан қорғап тұрды.

Голощекин іштей «мынау нағыз пантюрист екен!» — деп қорығты. Мұның көзін ертерек құрту керек деп түйіп, бірақ асықпауды жөн көрді. Керекті адамдарға тапсырма беріп, фактілер, дәлелдер жинау керек...» [18].

Шынында кара тізімге алып, әр қадамын қалтқысыз баққан қызыл жендеттер М.Тынышбайұлына халқының тарихын жазуға мүмкіндік бермей, 1930 жылы 3 тамызда қамауға алып, Ресейдің кара топырақты аймағына (қазіргі Воронеж облысы) бес жылға жер аударады. Айдауда жүрген кезінде М.Тынышбаев Мәскеу — Донбасс темір жолын жобалау бөлімінде жұмыс істейді. Содан кесілген мерзімін өтеп елге оралады. Бірақ ұзамай, ол 1937 жылдың қараша айында қайтадан тұтқындалып, көп кешікпей Ташкент түрмесінде атылады [3; 98].

Қызы Фатимаға айтқанындай: «Мен өмірімде адал еңбек етуден танған жоқпын. Бар мақсатым халқымды оятып, жарқын өмірге бастау» еді дегендей, М.Тынышбаев халқының есінде осындай сипатта қала бермекші.

Түйін

Кенес үкіметі М.Тынышбаевты ғана қуғындаумен шектелген жоқ. Оның балаларын, туыстарын, жерлестерін, тіпті М.Тынышбаевты өмірі көрмеген адамдарды да қуғын-сүргінге салды. Мәселен, оның 1921 жылы тырысқақ ауруынан қайтыс болған алғашқы зайыбы Гүлбаһрам Шәлімбаевадан туған тұңғышы Ескендір Тынышбаев Алаш Орда «тапсырмасын орындаушы» деген айыппен 10 жылға сотталды. М.Тынышбаевтың осы зайыбынан көрген қыздары Фатанад-бану (Фатима) мен Динарзада да зұлмат жылдардың зұлымдығын көп көрді [2; 31, 32].

Ескендір Мұхамеджанұлы ұзақ өмір сүрді. Ол қазақтан шыққан тұңғыш кинооператор және деректі фильмдер режиссері болды. Бұл күндері ортамызда жоқ. Ғалымның бірлі-жарым шағын рецензиялары, мақалалары ұзақ жылдар бойы осы Ескендір Тынышбаевтың қолында сақталып келген. Олар: «Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях» [19]; «О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка)» [20]; «Предания о казахском хане Тауке и батыре его Алдыяре» [21].

Мұханның Әмина Шайхалиевадан 1933 жылы туған Дәулет деген ұлы — бұл күндері үлкен ғалым, техника ғылымдарының докторы, аса ірі химик. Көптеген жылдар нағашы атасының фамилиясын алып шалғайдағы Башқұртстанның астанасы — Уфа қаласында еңбек етті. Соңғы жылдары атажұртқа оралған Дәулет Мұхамеджанұлы Шайхали-Тынышбаев Алматыдағы Қазақстан-Британ университетінде ұстаздық қызмет атқаруда.

«Ата-анамның отбасылық өмірі көпке созылған жоқ. Ол кісілер 1930 жылдың сәуір айында үйленді. Мен туғанда әкем түрмеде екен, — деп еске алады Мұхамеджанның ұлы Дәулет. — Маған анамның фамилиясын беруін және анамның атасының есімін беруін аманат етіпті. Ол кісі мені осылай аман алып қалғысы келген шығар. Содан кейін бізді Воронеж облысына жер аударды. Ол жерде төрт жылдай болдық. Әкем өте қатаң әрі қиын жағдайда күн кешті. Анам болса қолда бар заттарын сатып, азық-ауқатты әзер табатын.

Дәулеттің ұлы — Асқар ғалым-математик. Ол кезінде Мәскеуде кандидаттық, ал 2004 жылы Канадада докторлық диссертациялар қорғаған. 1996–1999 жылдары Канада мен Америка Құрама Штаттарында ғылыми зерттеулермен айналысқан. Ол қазір әкесі Дәулет сияқты Алматыдағы Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры болып еңбек етуде.

Тек елімізде жүзеге асырылып жатқан оң саясат шапағаты арқасында М.Тынышбайұлының Алматы қаласындағы тұрған үйіне мемориалды тақта орнатылды. Қазақ көлік және коммуникация академиясына (сонда 2000 жылы ескерткіш-бюст орнатылған), көшеге, Алматы облысы Сарқант ауданының бір ауылына Тынышбаев есімі беріліп, Сарқант қаласында оның ескерткіші қойылды. Осы ғана көңілге медеу, болашаққа сенім туғызады.

Иә, халқы үшін жанын құрбан еткен қазақта Мұхамеджан Тынышбаевтай есіл ерлеріміз аз емес. Ал, сол Алаш арыстарының ерлігіне бас иіп, олардың еңбегін кеңінен насихаттау — бүгінгі ұрпақтың парызы!

Әдебиеттер тізімі

- 1 Садықбай Ж. Мұхаметжан Тынышпаев // Қазақ. — 2010. — 27 тамыз. — № 34–35 (495–496). — 8-б.
- 2 Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. (Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. — Алматы: «Дәуір» ЖШС РПБК, 2012. — 512 б.
- 3 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — 1-к. / Деректерді жинақ., баспаға ұсынғ.: Ә.Көпіш, Г.Мұзафарова. — Алматы: Өнер, 2011. — 95, 96-б.
- 4 Жетісу. Энциклопедия. — Алматы: Арыс, 2004. — 596-б.
- 5 Қызыл қырғын / Құраст. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 80 б.
- 6 Тынышбаев М. Қазақтар және азаттық қозғалысы (Автономшылар одағының 1-ші Съезінде 1905 жылғы 19 қарашада оқылған баяндама) // Жұлдыз. — 2003. — № 4. — 201–203-б.
- 7 Қойгелдиев М. Алтынның сынығы // Ана тілі. — 1991. — 1 тамыз. — 5-б.
- 8 Тынышбайұлы М. Босқын қырғыз-қазақ жайы // Ана тілі. — 1991. 1 тамыз. — 5-б.
- 9 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. — 8-т. / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2006. — 704 б.
- 10 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа / История казахского народа: Учеб. пособие. — Алматы: Санат, 2002. — С. 66–152.
- 11 Тынышбаев М. Қазақ тарихына материалдар: Қазақ руларының шежіресі / Орысш. ауд. Ә.Салықбай // Қазақ тарихы. — 2009. — № 5 (98). — 9–11-б.
- 12 Тынышбаев М. Қазақ тарихына материалдар: Қазақ руларының шежіресі (жалғасы) / Орысш. ауд. Ә.Жұмабекұлы // Қазақ тарихы. — 2010. — № 2 (101). — 5–7-б.
- 13 Тынышбаев М. Қазақ тарихына материалдар: Қазақ руларының шежіресі (жалғасы) / Орысш. ауд. Ә.Салықбай // Қазақ тарихы. — 2009. — № 6(99). — 3–7-б.
- 14 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. — X-т. — 2-к. — Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. — 240-б.
- 15 Тынышпаев М. Отзыв о труде А.П.Чулошников по истории казак-киргизского народа / История казахского народа: Учеб. пособие. — Алматы: Санат, 2002. — С. 49–66.
- 16 Тынышбайұлы М. Ақтабан-шұбырынды. (Қазақтардың азапты босулары және айбынды жеңістері) // Ана тілі. — 1990. — 3 мамыр. — 4–5-б.
- 17 Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: Жалын, 1996. — 68-б.
- 18 Тоғысбайұлы Б. Тынышбаев пен Голощекин (хикая) // Парасат. — 2007. — № 4. — 24–28-б.
- 19 Тынышпаев М. Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях / История казахского народа: Учеб. пособие. — Алматы: Санат, 2002. — С. 197–200.
- 20 Тынышпаев М. О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка) / История казахского народа: Учеб. пособие. — Алматы: Санат, 2002. — С. 205, 206.
- 21 Тынышпаев М. Предания о казахском хане Тауке и батыре его Алдыяре / История казахского народа: Учеб. пособие. — Алматы: Санат, 2002. — С. 217–220.

Р.С.Каренов

Видный представитель Алашского движения Мухамеджан Тынышбайұлы и его научные исследования как историка и востоковеда

К 135-летию со дня рождения

В статье описана многогранная жизнь и деятельность выдающегося сына казахского народа, большого знатока истории, культуры и быта казахов, генеалогии казахских родов. Главное внимание уделено анализу и оценке публицистических, научных трудов и краеведческих исследований Мухамеджана Тынышбаева. Показано, что его произведения содержат подробное описание казахских родов и племен — тех корней и ветвей, которые составили понятие «казахский народ». Сделан вывод о том, что исторические изыскания повторили трагическую судьбу их создателя: после расстрела как «врага народа» они были запрещены, изъяты из библиотек и хранилищ. В этой связи подробно изучены труды виднейшего представителя казахской интеллигенции, впервые собранные в единую книгу и возвращенные к нам через шестьдесят с лишним лет после своего первого выхода.

R.S.Karenov

Prominent representative of Alashsky movement of Mukhamedzhan Tynyshbayula and its scientific researches as well as historian, orientalist

To the 135 anniversary since birth

In the article many-sided life and activity of the outstanding son of the Kazakh people, the big expert on history, culture and life of Kazakhs, genealogy of the Kazakh childbirth are described. The main attention is paid to the analysis and an assessment of publicistic, scientific works and Mukhamedzhan Tynyshbayev's local history researches. It is shown that its works contain the detailed description of the Kazakh childbirth and tribes — those roots and branches which made concept the Kazakh people. The conclusion is drawn that historical researches repeated tragic destiny of their founder: after execution as «enemy of the people» they were forbidden, withdrawn from libraries and storages. Therefore works of the most visible representative of the Kazakh intellectuals, for the first time collected in the uniform book and returned to us in more than sixty years after the first exit are in detail investigated.

References

- 1 Sadykbay Zh. *Mukhametzhn Tynyshpaev* // Kazakhstan, 2010, 34–35 (495–496), August 27, p. 8.
- 2 Kuandik E.S. *History of Kazakhstan (the Soviet period and the independent Kazakhstan): Textbook*, Almaty LLP RPBK «Daur», 2012, p. 512.
- 3 *History of the Kazakh people. Quick Reference. Book One* // Data collected and offered for publ.: A.Kopish, G.Muzafarova, Almaty: Publ. Oner, 2011, p. 304.
- 4 *The Seven Rivers. Encyclopedia*, Almaty: Publ. Aris, 2004, p. 595.
- 5 *Slaughter, arranged red* / Compilers K.Kassenov, A.Torekhanov, Almaty: Kazakhstan, 1994, p. 80.
- 6 Tynyshbaev M. *Kazakhs and the independence movement (delivered at the first congress of Union autonomists November 19, 1905)* // Zhuldyz, 2003, 4, p. 201–203.
- 7 Koygeldiev M. *Golden Shard* // Ana tili, 1991, August, 1, p. 5.
- 8 Tynyshbayuly M. *Status of Refugees Kirghiz-Kazakh* // Ana tili, 1991, August, 1, p. 5.
- 9 *Kazakhstan. National Encyclopedia. Vol. 8* / Edit. B.Ayagan, Almaty: Home Edition Kazakh Encyclopedia, 2006, p. 704.
- 10 Tynyshpaev M. *Materials for the history of the Kirghiz- Kazakh people: Textbook*, Almaty: Sanat, 2002, p. 66–152.
- 11 Tynyshbaev M. *Materials for the history of the Kazakhs: Genealogy Kazakh clans* // Transl. from Russian by A.Salykbay / History Kazakhs, 2009, № 5 (98), p. 9–11.
- 12 Tynyshbaev M. *Materials for the history of the Kazakhs: Genealogy Kazakh tribes (Continued)* / Transl. from Russian A. Zhumabekuly // History of the Kazakhs, 2010, 2 (101), p. 5–7.
- 13 Tynyshbaev M. *Materials for the history of the Kazakhs: Genealogy Kazakh tribes (Continued)* / Transl. from Russian A. Salykbaya // History of the Kazakhs, 2009, 6 (99), p. 3–7.
- 14 *History of Kazakh clans and tribes. Nyman X. volume. The second book*, Almaty: Historical Research Centre «Alash», 2008, p. 240.
- 15 Tynyshpaev M. *Reviewed Labour A.P. Chuloshnikova on the history of the Kyrgyz people Cossack / Kazakh people History: Textbook*, Almaty: Sanat, 2002, p. 49–160.
- 16 Tynyshbayuly M. *Aktaban — shubyryndy (great distress and great victories Kazakhs)* // Ana tili, 1990, May, 3, p. 4–5.
- 17 Akhmedov G. *Alash, when he was «Alash»: Memories and historical data*, Almaty: Zhaly, 1996, p. 68.
- 18 Togysbayuly B. *Tynyshbaev and Goloshchekin (story)* // Parassat, 2007, 4, p. 24–28.
- 19 Tynyshpaev M. *Traces of ancient cities, forts, burial mounds in the Syr-Darya and Dzhetyyskoy provinces* / History of the Kazakh people: Textbook, Almaty: Sanat, 2002, p. 197–200.
- 20 Tynyshpaev M. *The whereabouts of the ancient city — Ilan Balyk (Or — Balyk)* / History of the Kazakh people: Textbook, Almaty: Sanat, 2002, p. 205, 206.
- 21 Tynyshpaev M. *Tales of Kazakh Tauke Khan and his Batyr Aldyyare* / History of the Kazakh people: Textbook, Almaty: Sanat, 2002, p. 217–220.

Л.М.Харитонова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: novoedelo@yandex.kz)*

Время как предмет философского анализа в поэзии модернизма и постмодернизма

В статье исследованы различные формы реализации художественного времени в стихотворениях В.Ходасевича и И.Бродского. Размышления о времени поэтов разных литературных эпох привели автора статьи к выводу о противоположных метафизических моделях времени модернизма и постмодернизма.

Ключевые слова: модернизм, постмодернизм, метафизическая модель времени, художественное время, апофатика, катафатика.

Смена поэтики в литературе — это всегда смена точек зрения на действительность, быт и бытие, пространство и время. Сравнительный анализ художественных текстов, принадлежащих к разным литературным эпохам, имеет продуктивный характер в том случае, когда сопоставляемые произведения имеют нечто общее в организации повествования, предмете изображения, в мотивной структуре и т.д.

Сопоставление творчества таких поэтов, как И.Бродский и В.Ходасевич не относится к числу популярных. Однако, несмотря на то, что развернутых высказываний самого Бродского о влиянии на его творческий метод поэзии Ходасевича не имеется, некоторые ученые высказываются в пользу их сопоставления. Так, Л.М.Баткин замечает: «Было бы крайне интересно попытаться обосновать аналитически впечатления о Ходасевиче, как одном из предшественников Бродского. Это потребовало бы особой и обстоятельной работы» [1]. А.Ранчин, осмысливая связи между поэтами, отмечает несхожесть их поэтических миров и, в то же время, указывает ряд цитат Бродского, восходящих к своему старшему собрату по перу. Сопоставительные наблюдения позволили исследователю сделать важный вывод: «Несомненно, родственно Бродскому и соединение предельной метафизичности и философичности Ходасевича с вещностью, осязаемой предметностью: у обоих поэтов чувственные вещи становятся своеобразными эмблемами бытия как такового» [1].

Принимая во внимание последнее рассуждение, обратимся к анализу стихотворений И.Бродского «Взгляни на деревянный дом» [2; 8] и В.Ходасевича «Дом» [3; 116–118] и рассмотрим реализацию в них различных метафизических моделей времени. Мотивом к сопоставительному анализу данных текстов послужили общий предмет изображения и тип авторской рефлексии, который он задает.

Формально стихотворения во многом оказываются схожими, оба написаны ямбом, имеют строфическую композицию, в обоих стихотворениях реализуется смешанная форма высказывания с очень незначительной проявленностью личного начала. К последней черте обратимся подробнее. Местоименно маркированный субъект речи у Бродского отсутствует вообще (о его присутствии говорит лишь обращение к «ты»), а у Ходасевича появляется лишь однажды в форме «мы» в финальной строфе этого пространного, состоящего из 76 строк текста. Подобная редукция личного начала, как доказывает практика анализа [4], выводит на первый план изображения внешний мир, пропущенный сквозь призму авторского восприятия. И в том, и другом стихотворении предметом изображения является дом, который вызывает у носителя речи рефлексии о времени и человеке во времени, что становится объектом изображения. Таким образом, внешние приемы организации субъектного строя обоих стихотворений являются схожими, что дает повод к их сопоставлению. Однако содержательная сторона каждого высказывания принципиально различна.

Первое отличие уже в самом характере предмета изображения. У Ходасевича — дом разрушенный. Он обретает предметную реальность лишь в предположениях героя по поводу его прежнего бытия, однако в настоящем — это прах, груда мусора. У Бродского — дом целый, «рассчитанный на прочный быт». Однако разрушенный дом Ходасевича изображается через гораздо большее, чем дом Бродского, количество деталей, помогающих представить образ когда-то целого дома — «пролеты широких окон», «балка», «лестница с узором», «печь», «стена», «кафель». Это дом, который был на-

полнен жизнью в разнообразных ее проявлениях, — место, «где ссорились, мирились, ... деньги припасались». Описание дома последовательно сменяется авторской рефлексией по поводу превосходства человека над разрушенным домом:

*Все теперь прохожему открыто. О, блажен,
Чья вольная нога ступает бодро
На этот прах, чей посох равнодушный
В покинутые стены ударяет [2; 8].*

Человеку доступна логика времени, он понимает смысл происходящего и разрушенный дом становится фактом движения времени, а не символом его драмы. К пониманию времени в этом стихотворении и человека в нем вернемся позже, а сейчас обратимся к принципам изобразительности, осуществленным в стихотворении Бродского.

Дом в изображении Бродского с первых же строк лишен описательности и предстает не только как «здесь и сейчас», но и как «везде и всегда» существующий:

*Взгляни на деревянный дом,
Помножь его на жизнь. Помножь
на то, что предстоит потом.
Полученное бросит в дрожь
иль поразит параличом,
оцепенением стропил,
бревенчатостью, кирпичом —
все тем, что дымоход скопил [2; 8].*

Дом оказывается вместилищем времени — труднопостигаемым и неоднородным. Человеческое бытие приравнивается к содержимому дымохода — оно недолговечно по сравнению с самим домом, который останется жить и после ухода человека. Авторское видение дома симультантно, благодаря чему дом предстает одновременно во множестве жизней, проживаемых в нем.

